

ҰЛТ БОЛМЫСЫ

Республикалық патриоттық, әдеби-танымдық журнал

№ 3 (68)

НАУРЫЗ 2019



Әбдіжәміл
НҰРПЕЙІСОВ:
"ҚАЗАҚТЫҢ
ЧЕХОВЫ"
4-БЕТ

Қали СӘРСЕНБАЙ:
"ЖАЗУШЫНЫҢ
ЖҮРЕГІ"
16-БЕТ

Сүлеймен
ШАТҒАН:
"БҰЛТСЫЗ КҮНГІ
НАЙЗАҒАЙ"
12-БЕТ

Рахымжан
ОТАРБАЕВ:
"БАС" романы
72-БЕТ

Рахымжан ОТАРБАЕВ:

**«Сіздермен қанаттас өмір
сүргеніме бақыттымын»**

Бас

РОМАН

Айналаға күміс тозаңын төге-төге Ай да өрісінен алыстап кеткен шақ. Пілтесі таусылған жұлдыздар да солғын тартып, сөне бастапты. Екіндіден бері отырған орнынан қозғалмаған Ноэльдің құйрығы тозып, көзі кілегейленіп, кірпігі желімденіп шыдатар болмады. Бозала бояқ жүгірген терезеден жүзін аударып, балконға шыққысы келген. Зауқы соқпады.

— Тіршіліктің тағы бір таңы атты. Бізге күлімдеп қарар ма екен? Не айтасың, Махамбет аға? — деді алдында тұрған ақсүңке басқа қарап. — Сені жетіқат жер астынан қазып алдым. Үрлеп жан сала алмадым. Бірақ, исі қазақ зәру болған мәлике жүзіңді мүсіндедім. Маған риза бол. Сөкпе. Әлім құрыды. Титықтап біттім. Қайтамын Мәскеуге...

Ақсүңке бастың сәбидің алақанындай көз аңғалағы жылтыл қағып, жақ сүйектері сақ-сақ қозғалысқа енген екен дейді.

— Әй, Ноэль мені Алматыға лақтырып кету үшін көрімнен қазып алдың ба? Бұл не сұмдығың?

Сақ-сақ қозғалысқа енген жақ сүйектерден осы сөз анық естілді. Өң бе, түс пе айыртар емес.

Өзі атақты Герасимовтың шәкірті-тін. Қазақстанда қаны тамбай тұрған жалғыз антрополог. Қыр мұрынды, ашаң да әдемі жігіт Мәскеуден алғаш оқу бітіріп келгенде... Қазақтың арманда кеткен арыстарының бәрін жіпке тізіп тірілтемін деп күпінген. Қысы-жазы қозыжон қорғанды, бүкір бел кезеңді сағалаған. Тақасы тозған. Күнсіп маңдайына кепкісі батқан. Шашыраңқы сақалына шаң қонған. Топырақты үңги-үңги небір күрек пен сүйменнің ұшын жылтыратқан. Басы бар аяғы жоқ арман да... Жарықтықтардың жамбасы тиген жерден қу басты қазып алып, тірі мүсінге айналдыра қойса... Ханы айыр қалпақты баса киіп, қаумет сақал тағынып, жүзінде ой мен мұң қатар шарпысып, көзін көкжиекке қадап, халқының болашағын безбендеп отырса... Оң тізесін басқан биі ай маңдайынан тер моншақтап, селдірлеу біткен сұйық сақалы кіндігін қағып ол тұрса... Босағадан оң тізесін бүгіп, айбалтасына сүйеніп, қос көзі шоқтай маздап батыры көрінсе... Пау, шіркін!

Сол арманның жетегінде жүріп Мәдениет хәм білім министрлігін жағалаған. Тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамын сағалаған. Академияның ғылыми-зерттеу институттарын айналсоқтаған. О, тоба аруақты бабалардан қалған өлең-жырға, аңыз әңгімелерге ешбірі қамшы салдырмайды. Лыпып тұр. Бірінің аузынан бірі бүріп әкетіп ескі сөзді гөйітеді-ай, кеп. Құлағына майдай сіңген әңгіменің аяғында бұл тұрып: — Ақылы асқан ағалар-ау, сол арыстардың сүйегі қайда жатыр? Аттан сап іздейік те. Табылмай кетпес. Бас сүйегін қалыпташайын. Жүздеріне нұр-сипат үстейін. Сосын жарқыратып кітаптарына қосайық. Жайнатып кілем мен көрнекі құралға басайық. Кейіннен сол мүсін ескерткішке айналар, — демей ме?

Бұл сөзді естігенде сайдың сауысқаны құсап сұңқылдап тұрған немелер көше көлеңкелеп жымжылас жоғалар. Аңырып бұл қалар. Өйтетін де жөндері бар екен. Бақса бұлар қазақтың маңдайына біткен марқасқалардың тек жазған-сызғанын зерттепті. Қорғап ғалым атаныпты. Бір-бірін қоллаштапты. Төрге озыпты. Екі тізгін, бір шылбырды иеленіпті. Нәпақа айырыпты.

Сол жақсы мен жайсаң қай жерде жан үзді. Кәлласын қай құзғын шұқыды, хабары аз. Сыпа бойларын сипатпайды. Төтелей түссең нәубетті нәлеттейді. Со заманды қарақаттайды.

— Кімнің сүйегін жіліктеп теріп жүрейік, — деп бір ақбас академиктің тұсаулы аттай, шапшығаны бар. — Қой, шырақ, жайыңа жүр. Аулақ. Ін қазатын көртышқан емеспіз. Соның оқуын бітірген екенсің, Бара қой. Береке тап!

Емен есігі ерініп ашылатын мекемелердің талайынан көңілі суып, ақыры Талғар беттегі бір қорғанға келген. Шөккен бурадай боп, бір қырындап жатқан қорған бұрын қазылып, тоналмай, ішіне небір құпияны бүккен сыңды.

Қарш еткізіп күрек салып еді, бет топырағы жұмсақ боп ілінді. Тек екі-үш күрек бойы төменнен шықырлап таудың ұсақ тарғыл тасы көрінді. Ұлы сәскеде екі көмекшісі Вова мен Мәлік те келіп жеткен. Алматыда бір көше бойында қатар өскен достар. Екеуінің де жұмыстан қысқарып бос жүрген беті.

— Осы жерден алтын тапсаң айтпады деме, бізбен бөлісесің, — деген ылғи терлеп жүретін Вова.

— Әйтпесе, тартып аламыз. Бала-шағамыз онсыз да аш отыр, — деген Мәлік ілмиіп тұрып.

Әрине, бұл құрдастардың әзілі.

Шөккен бурадай боп бір қырындап жатқан қорған көрер көзге ғана кішкене екен. Үш жерден күрек салып, құлаштап сүймен ұрғанда былқ етер болмады.

— Әй, айдың-күннің амағында тау қопарып, төбе ақтарып не ғып жүрген жансыңдар?! Ұрысыңдар ма? Қаланың шпанасы шығарсыңдар, — дейді тар маңдай, тарғыл бет құбақан шал қамшы үйіріп. — Тап қазір хабар беріп, қаматып тастаймын.

Вова мен Мәлік шындап сасайын деді.

— Соғыс кезінде бір топ алаяқ, экспедициямыз деп келіп, қорған біткенді қопарып, бар қазынасын жым-жылас тонап кеткен. Сендер де солардың сойы шығарсыңдар?! Айт, кәне, шыныңды! Әйтпесе...

Қаймана қазақ қамшы үйіріп тұрған соң Ноэль отырған орнынан көтерілген.

— Ақсақал, абыржымаңыз. Біз арнайы рұхсаты бар адамдармыз. Мынау менің паспортым. Сенбесеңіз көріңіз.

Ат белінде манадан бері қоқырайып тұрған шал паспорттағы жазуды әріптеп оқыды да, селк ете түссін. Сосын атынан домалай жығылсын.

— Құдай қарғаған басым кімді түстеп танымай тұр. Ойбай-ау, сен Қазақстанды басқарған Жұмабай Шаяхметов көкемнің жалғыз тұяғы екенсің ғой. Мәскеуде оқуда деп естуші ек. Келші бермен. Мауқымды басайын, — деп әлгі шал Ноэльді қаусырма құшағына алсын. — Біз Жұмабай көкеммен немере туыспыз. Талай ағалығын көрдік. Жарықтық қарапайым кісі еді. Жалғыз ұлын жер қазатын оқуға беріп... Мәскеуде дегенге дәу бастық боп оралар. Сүйенішіміз болар деп жүрсек...

Тар маңдай, тарғыл бет құбақан шал жаспен шылады ма, әлде босап кеткен мұрынның ылғалы ма, бетін сипалаумен болды.

— Мұны сақ дәуірінен қалған қорған деуші еді, балалар. Күн кешкіріп барады. Үйге түсіңдер. Бауырымды таптым. Бір тоқтының басын мүжітпей жібермеймін. Қапысын тапса қасқыр да тартып кетер. Жүріңдер. Ертең де күн бар. Қорған қашып кетпес...

Ертеңіне таңғы салқынмен кіріскен. Шай қайнатым уақытта қолдарында бір-бір үшкір күрегі бар ауылдың оншақты жігіті де жетті. Әлгілерді азаңда айқаймен оятып, көмекке ертіп келген тоқты басын ұстатқан туыс шал екен. Мұның әкесінен көрген жақсылығының өтеуі де...

Қайратты жігіттер қоя ма, жан-жағынан бірдей ұңги қазып, қорғанды қорс етіп салды. Қазған шұңқыр тереңдеп лақатқа таянғанда-ақ Ноэльдің жүрегі зырқ ете түскен.

— Әлі де дендей түсейік. Бірақ, бұл біз ойлағандай емес, ертеректе тоналған қорған болды, — деген. Ұстазы Герасимов екеуі әне бір жылы Запорожьеде дәл осындай қорғанды қазғаны бар-ды. Онда да дәл осындай адам мен аттың сүйегі аралас бей-берекет көмілген екен.

Ауыл жігіттері әбден сартап болған аттың бас сүйегін алып шығып қабырғаға сүйеді. Сағағына баланың басы сиып кеткендей. Сәйгүліктің өзі екен. Қаба жалы шірімепті. Тұтас шықты. Бір күрек тереңнен бір құшақ құйрығы да табылды. Ал, адам сүйегі ұнтақ боп уатылып, шашылып жатыр. Қару-жарақтан ада. Тінтіп іздегенде табылғаны жалғыз күміс тостақан. Бүйірінде іркес-тіркес боп сына жазу тұр. Бар-жоғы сол. Үшеуі қолдарына жалғыз күміс тостақанды ұстап Алматыға жүрерде ауыл азаматтарын алғыстаған. Алтын табамыз, күміске қарық боламыз деп қанжығасына екі қанар қап байлап келген тар маңдай, тарғыл бет құбақан шал алаяқ тонаушыларды ма, жолы болмаған ағайынын ба, әлде ұлын дені дұрыс оқуға бермеген көкесін бе әйтеуір күбірлеп боқтап қыр асып кеткен...

Телефон шар ете түскен. Ноэль ұйқылы-ояу қол соза берді. Сымның арғы ұшындағы әйел даусы бет бақтырар емес.

— Венера, айттым ғой, тиісті мекемеге өткізем де ұшаққа отырам деп.

— Қызың институтқа түсті. Онымен шаруаң жоқ. Сол қу басты құшақтап бақ та отыр ендеше.

— Венера сүйінші!

— Мә, ала ғой.

— Тостақандағы сына жазуды ақыры ғалымдар оқығанын білесің.

— Ал...

— «Мен де сендей болғанмын» деген сөз. Астары қандай? Неткен философия а? Бірақ, қысқа қайырылған. Енді соның жалғасын іздеуім керек.

— Философияң өзіңе. Қашан қайтасың?

— Әрі кетсе бір апта.

— Тағы бір жылға созылмасын. Сағындық...

Тоналған қорғаннан табылған күміс тостақан мен бүйіріндегі сына жазу археологиядағы айтулы жаңалыққа айналған. Дүниежүзінің қасқабас ғалымдары әлгі таңбаны әріптеп жатып оқыған. Оқыған да таң-тамаша қалған. «Қадым заманда ес біліп, етегін енді жапқан азиялықтар темір балқытыпты. Алуан қоспа түзіпті. Қалыпқа мінсіз ғып тостақан құйыпты. Әріп ойлап тауыпты. Соңдарына сөз қалдырып кетіпті және де қандай сөз! Ал, бұл кезде европалықтар ағаш басынан алма теріп... Аяқтарына боршын киіп... Айтпа, айтпа!..»

Ішкі қыжылды сыртқы сыпайылық жеңген. Ғылымға деген іңкәрлік басым түскен. Ақыры ғасыр

олжасы десті. Сол сол-ақ екен, Ноэльдің атағы аспандап кетсін. Қыр мұрынды, ашаң да әдемі жігіттің күлімсіреп түскен суреті мен маңызы үстем мақалалары әлемнің небір баспасөзіне көрік берген.

Елдегі тілеулестері де қолдап, қолпаштап баққан.

— Несін айтасың, алдында күтіп тұрған жұмыс шаш-етектен. Айбарың асып тұрғанда істеп қал. Түркістанға жерленген Абылай ханның басын тап. Әз Тәукенің мүсінін сомда. Астрахань жақта жалды Құрманғазы жатыр. Олар кейінгі ұрпағымен қашан қауышпақ? Сосын осы қазақта басынан айырылып қалған батырлар аз ба? Қырғыздың Кекілік тауында әйгілі Кенесарының сүйегі көмілген. Басы Эрмитаждың қоймасында. Әнеу Құлбарақ батыр ше? Түркіменнің Аллақұл ханы Сүйінқара деп қапияда басын кестіріп алыпты. Ұлы денесі туған топырақта. Басы оқшау елде, ол жатыр. Жайық бойындағы Қаройын құшақтай құлаған Махамбет ше? Қобдада жантәсілім еткен Исатай ше? Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгембай кімнен кем? Ешбірінің сурет, сымбатын білмейміз. Мына қияли суретшілерге дауа жоқ. Сауыт кидіріп, екі көзін ежірейтіп, иегіне бір уыс қара қылшық жапсырып мынау бәленшекең деп айдар тағады. Жүздерінде нұр, көңілдерінде заманаға деген кір, уайым жоқ. Беті қатпарланған, маңдайы шоқпарланған таскөз біреуді алдыңа тосады. Мәртебелі мекемелер әлгі таскөз, тасыраң немені алтын жалатқан рамаға салып, жар біткенге жапсырып тастайды. Осы өріп кеткен бейбастақтыққа енді тоқтап қоятын сен, — деп қаралай табанын қыздырған.

Жарықтық сақ көсемі «Мен де сендей болғанмын» — деп таңбалап бұ пәнидің жалғандығын, ойнамалығын біле жүрсін, кейінгілерге сабақ болсын деген-ау. Десе де, осы дүниені дүбір қақтырған жаңалық Ғылым академияның сарысңір ғалымдарын бір үркітіп тастаған.

— Әй, осы қу анау Мәскеудегі нағашыларымен ауыз жаласып жүр дейді.

— Қорғаннан күміс тостақан тұрмақ аттың құйымшақ сүйегі де шықпапты.

— Эрмитажда қадым заманнан бері тұрған ыдыс екен. Тіпті, қайдан табылғаны да белгісіз.

— Ескі темірді балқытып, оған сына жазу түсіру қазіргі технологияның тұсында сөз боп па, тәйірі?

— Өзі тіпті антрополог емес, негізгі мамандығы дәрігер дейді, — десіп күңкілді күшейткен.

Күңкілмен қоса өмір бойы шатыр мен күрек, сүймен арқалап Қазақстанның тау-тасын кезіп қызылсирақ боп жүргенде иек астындағы қорғанды көздеріне ілмегені іштерін шоқ боп қарыған. Бірлесіп Ноэльдің үстінен арыз жаза қояйын десе... Мәскеу тұрмақ әлем археологтары түгел бас шұлғыған жетістікке қалай топырақ шашар?! Тіпті, Шаяхметовты ғайбаттағанның өзінде күні ертең қорған, төбенің құпиясын иіскеп ажырататын ғалым атаулы бас қосып, Алматыда ғылыми конференция өткізсе ше? Қарсы дау айта алмай, тиянақты дәлел жоқ шен-шекпендерін шешіп беріп құтылар. Қой, пәлесінен аулақ!

Күткендей осы ілкі табыстан кейін-ақ, оған деген ықылас пен ынта суып сала берген. Тіпті мамандардың жәй жиналысына да шақырмауға шықты. Ғылыми ортада сәлем алатын адам қалмауға айналды. Шөп жұлған аттай бастарын кетжең еткізіп, өте шығады.

— Иә, бәрі де қызғаныш пен қысастықтан туды. Өзінен де бар. Алқалы бір отырыста Жоғарғы соттың алдына қойылар үш бидің мүсіні талқыға түскен. Конкурс өткен. Жеңімпазы бір шиборбай сәулетші. Талқылау деген аты ғана. Өңкей қошамет, қолпаш. Бірінен соң бірі іліп әкетіп таңқалысады, таңдай қағысады.

— Төле би бабам қандай көрікті. Көз сүйсінеді-ау!

— Қазыбек ше? Аруағынан айналайын-ау, отырысын қарашы!

— Әйтекенің қыран көзі дүниені шолып тұр ғой. Пау, тусаң ту!

Шыдатар емес. Орнынан көтерілген. Қаны басына шапқан. — Осы үш би бір шалдың шапанынан, бір кемпірдің етегінен шыққан ба? Эскизге зер салыңыз, бір-бірінен аумай тұр. Көз қиығы, мұрыны, бет өлшемі. Жо-жоқ, шындап ұятты көздеріңізбен қараңыздаршы, — деген сосын ағысқа қарсы жүзіп. — Қазақ даласының қиян шеттегі үш түкпірінде туған бұлар тұрмақ, әке-шешесі ортақ бір үйдің үш баласы бір-біріне ұқсамайды. Ал, бұлардың айырмашылығы тек сақалдарында. Ұлы жүздікі қауметті, ұзын, Орта жүздікі ықшам, ал Кіші жүздікі шүнтиып тұр. Бар өзгешілік осы. Бұл не сақалдың көрмесі ме? Сосын үшеуі де бір тұзу сызық бойында сымдай тартылып тұр. Аузы дуалы билер халқына билік айтқалы тұр ма, әлде әскер қатарына шақырылып па? Ақылы асқан көкелер осыны түсіндіріп беріңдерші?!

— Осы көлденең қосаяқ салуын қашан қояды?

— Бәлденіп-ақ бітті!

— Үш бидің аруағы атқыр!

— Көре алмай тұр!

— Бұдан артық не істе дейді бізге? — десіп алқа-қотан отырғандар шу көтерсін.

— Бұдан артық істеу қолымызда, — деген бұл өз сөздерімен өздерін жығып. — Рұхсат етіңіздер, үш бидің моласын ашайын. Бас сүйектерін алайын. Әр сантиметрін өлшеп, ғылыми негіздеп тірі кезіндегі мүсінін қалыпташайын. Ұрпақ көрсін. Ұлағат алсын. Сосын ескерткішін қойыңыздар. Кім қыңқ етер екен.

Үнсіз тарасқан. Артынша өзін көркемдік Кеңестен қуалап тастады. Сол эскиз қабылданған. Еліміздің қай қаласына барсаңызда жүрелей отырған үш шалдың ескерткіші. Ой жоқ, уайым жоқ. Ең

кішісі емеуріннен де ада. Әлде қойын өріске айдап салып, өздері төбе басына құйрық басқан біреулер ме?! Солай, өзінен де бар.

Әбден торығып, ащы көлдің шабағындай бозарып жүрген тұста ұстазы Герасимовке қоңырау шалған. Көрген құқайын, алдында керілген алты құлаш ала арқан барын айтып егілген.

— Жалпы сендер, қазақтар қызық халықсыңдар, — деген Герасимов ұзақ үнсіздіктен соң, — Орталарыңнан бір дарын қара үзіп шықса алдымен әуелетіп төбелеріңе көтересіңдер. Сосын құйрығына құрай тығасыңдар. Шыдаса айтқандарын ләппайлап естіп орталарыңда қалады. Жоқ, бас асау болса... Заманыңда Әуезов пен Сәтпаевтың өзі Алматының әлгі алапес күйдірткісіне шыдамай бұғып қашып Мәскеу келген жоқ па? Тағдырлары таразы басында қалтылдап тұрған. Әрең деп бас баққан.

— Мен не істейін?

— Сен әлі уыздай жассың. Шыда. Ауыз көмегім әзір.

— Қиналып кеттім.

— Ноэль Жұмабаевич, — деген Герасимов ресми кейіпке көшіп. — Тек қазақ емес, орыстың да оңып тұрғаны шамалы. Иван Грозныйдың мүсінін қалыптағанымда көтерілген дау өзіңе аян. Киевтен Ярослав Мудрыйдың бас сүйегін алғанымда лабораториямды қаскөйлер түн жамылып кеп қиратып кеткен жоқ па? Тіпті Юрий Долгорукийдің бел баласы княз Андрейдің бет әлпетін көргендер не демеді. — Мына Герасимов нағыз есуас, — деп фельетон да жазды. Ақыры не болды? Долгорукийдің кейінгі жұбайы түрік ханының қызы боп шықты. Андрей нағашыларына тартқан. Кейіннен шіркеу қабырғасына салынған портреті де табылды. Айна-қатесіз өзі. Құйып қойғандай. — Кешірерсіз, сіз есуас емес, данышпан екенсіз, — десті. Керек еді маған ондай данышпандық! Ал, мен сені Қазақстанда жалғыз тостақан жоғалған. Соны тап та кері қайт деп жібердім бе? Біле білсең археология сенің кәсібің емес. Демек, сөзді доғар. Жалғастыр жұмысыңды!

Шыдамай қайда барсын. Мәскеуде туып-өскен Венера мен кішкентай Викасына салса сол күні-ақ жолға шығуға бар-тын. Түбі кетеміз, ұстазым лабораториясына жұмысқа алады, тағы бір жаңалық ашайын — сосын деп тәк-тәкпен ғана ұстап отырған... Одан бері де Алатаудың басына талай қар қоныпты-ау.

Үміт жібі жіңішкерсе де үзілмей тұрған шақ-ты. Ноэль тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамына келген-ді. Бастығы Ықас орнында екен. Ноэль өзінің жұмыс жоспарын, алда атқарылар істерді көзінен тізіп шыққан. Бастық алдымен бас шайқады, сосын жайма-шуақ күлді. Күлгенде креслоға әрең сиып отырған қарны қоса селкідеп, өзінен кейін де күліп жатты.

— Ноэль, қалқам, — деген сосын тәттілеп қана. — Сіз талантты жас ғалымсыз. Алдыңызда үлкен болашақ күтіп тұр. Тіпті қарамағыма жұмысқа да алар ем. Әттең, біздің мекеме тек жер бетінде құламай қалқып тұрған ескерткіштерге ғана ие. Оның да мемлекеттік маңызы бар ма, жоқ па соны анықтайды. Тым көне, осы қажет-ау дегендерін есепке алып, бюджеттен бөлінген ақшаға жөндеу жұмыстарын жүргізеді. Ал, оның астында көрде кім жатыр, тірлігінде не бүлдірді онда біздің шаруа-мыз жоқ. Бәлкім исі қазаққа жақсылығы өткен біреу шығар. Кім біліпті? Айттым ғой, көмектесер ем, қолым қысқа деп.

Қайтып тіл қатпады. Креслоға бірде сиып, бірде батпай тұрған күлегеш қарынға тістене қарап сәл тұрды да есікті сарт жапқан.

Аулаға шығып темекі тұтатқан. Жанына ұзын бойлы, қоңырқай жүзді, мөлттей қара көздерін мұң кептеген бір балаң жігіт батылсыз басып жақындай берген.

— Сәлеметсіз бе, Ноэль аға, — әлгі өзімсініп қос қолын ұсынып.

— Аман.

— Кешірерсіз. Көптен сізбен танысу арманым еді. Есімім — Дәурен.

— Дәурен? Кімсің, қайда жұмыс істейсің?

— Осы Ықас ағаның қасында. Түнгі қарауылмын.

— Сендей жас жігіт... Қарауылы несі?

— Әке-шешемнен ерте айырылғам. — Балаң жігіттің көзі жасқа толып, сақиналанып кетті. — Ауылда туғанмен Атырауда «Балалар үйінде» өстім.

Сосын арзанқол темекі алып, шырпы жаққан. Омырау сорғандай үсті-үстінен еміп тартады екен. Жетімектігі рас шығар.

— Аға, — деген өзімсініп, — Бір жылдан бері осы мекемеден нан жеп жүрмін.

— Ал, сосын...

— Айтайын дегенім, Ықас ағадан қайыр дәмеппей-ақ қойыңыз. Оның Махамбет поэзиясын зерттеп жүрген жалғыз қызы бар. Өте зерделі. Аты — Айым. Ол да сізбен жақын танысуға асық...

— Иә, өткен күндер елесі. Жазық даладағы сағымдай үзіліп-жалғанып таусылар ма?.. Ағайыннан

шеттеп, аш күзендей бүгіліп жүргені жанына қатты батқан. Көшейік, көз көрмес, қол жетпеске жоғалайық. Қалған ғұмырда көрмегеніміз Алматы болсын деп жұбайы шырылдаған. Олай дейтін жөні бар. Үстімнен тағы да арыз түскен. «Ескі қорған, молаларды қазып алтын мен күмісті пұттап жинайды. Тапқан байлығын сыбайластары арқылы әйелінің Израильде тұратын туыстарына жіберіп жатыр» — депті. Тергеушілер сау ете түссін. Пәтерін тінтті. Қуыс-мүйісті ақтарды. Бар байлығы — әйелінің саусағындағы неке жүзігі. Сосын жалғыз диван, стол, бес-алты орындық. Ұялған дағы шыға жөнеліскен.

— Сәл шыдайық. Қазақтың ең болмаса айтулы бір тұлғасының бас сүйегін қалыптайын. Туған халқымен табыстырайын. Перзенттік борышымды өтейін. Сосын. Жалғыз күміс тостақанды көтеріп қалай барамыз. Мәскеуліктер ортақол ғана нан табар десер. Білем ғой оларды. Дүниені тебен иненің көзінен сығалап көріп отырады. — деген. Көнер болмады. Ақыры әкесінен қалған бір бөлмелі пәтерге көшіріп тынған. Викасын Мәскеудің мектебіне орналастырып оралған. Сондай жаналқым шақта үйіне қоңырау шалынған. — Қалқам Ноэль аман-есенсің бе? — деген жанға жұғымды майда қоңыр дауыс. — Мен Әлімжан Сақтаев деген ағаңмын. Мамандығым дәрігер. Әуесқой тарихшымын. Сыртыңнан табысыңа қанықпын.

— Рахмет, аға.

— Кейбір ірілі-ұсақты басшылардың өзіңе деген салқын қабағын сезіп қалып жүрмін. Уақытшалықтың екпіні қашанда қатты ғой. Бірақ баянсыз. Мәңгілік болмаса... Өзіңе айтар, ақылдасар үлкен бір іс бар, қалқам.

Ертеңіне Горький бағына уәделескен мерзімнен бұрын жеткен. Шырмауықтай шатысқан ой маза берер емес. Бұл кім өзі? Тарыққанда тапқан жебеуші ме? Әлде... Бейуақта сау ете түскен тергеушілердің де сөзі майда еді-ау.

— Қалқам Ноэль...

Қарсы алдында орта бойлы, толықша, бүйрек беттеу, қызылы басым аялы көзді жігіт ағасы тұрды. Жалт қараған. Күлімсіреп, құшағын аша берді... Әлімжан ағасы бақ ішін қыдырып жүріп Махамбеттің өлеңдерін жатқа айтты. Өңкей өзегіңді өртер отты жырлар. Аласармас арман да, жаныңды үккен мұң да, үзілмес үміт пен орны толмас өкініште сонда. Ұятты қойып бұл жылап келе жатты. Аз халықтың серкесі болғаннан көп халықтың еркесі болған жақсы екен ғой. Дүние-ай, десеңші!

— Ақынның зираты табылды. Жәй ғана төмпешік боп жатыр, — деген Әлімжан ағасы сөзін жалғап. — Тиісті мекемелерден рұхсат алдым. Зиратын ашсақ. Аруаққа жат болмас. Уақытың бар ма, қалқам? Көмегіңе зәрумін. Көзім тірісінде бабамның шынайы келбетін көрсем дейм.

Сол күні түнімен Махамбет түсіне кіріп, дөңбекшітіп ұйқы берсінші. Қобда жеріндегі қақтығыс екен дейді. Қалың әскерді Елек өзені бойына төгіп, өздері отыз-қырық шолғыншысымен жан-жағын барлауға шығыпты. Аңдыған дұшпан алмай қоя ма? Астрахань казачество полкінің атаманы Петровтың да күткені осы сәт екен. Кереге қанатын жайып қоршады да алды. Хиуа хандығынан орыспен соғысам деп Қайыпқали сұлтан үш мың ләшкерді бастап жеткен. Мұғалжар тауының етегін басып қаннен қаперсіз ол жатыр. «Жау шаптылап!» — хабар салар жәй қайда? Көзді ашып-жұмғанша қақтығыс басталды да кетті.

Мұздай қаруланған патша әскеріне отыз-қырық шолғыншы не қайран қылар? Казактардың негізі нысанасы — Исатай мен Махамбет. Көтерілістің екі басшысын құртса, өңгесі шидің тезегіндей пышырап кетпей ме? Төбе басына сүйреткен көктемін құрып, отты қару үш дүркін атылған. Ойқастап жүрген Исатай:

— Шаңын шығарып емес, қанын шығарып соғыңдар! — деп ақырады. Оқ өзіне дарымады. Ауыздық бермей ала қашқан ақтабан ат сүріне құлаған. Батыр жерге домаланып түсті. Махамбет оңды-солды қылыш сермеп батырға ұмтылып баққан. Жетті де астындағы ақбозын алдына тоса берді.

— Мін атыңа! Жаудан қашты деген жаман атқа қалдырайын деп пе ең?!

Әй, арыстан еді-ау, Исатай! Ақырғы сөзі осы екен. Дұшпанның көздеп атқан оғы қақ жүректен кеп қадалды.

Жаны шықпай жатқан батырдың бір казак кеп кеудесіне істік сұққан. Екіншісі селебе пышақпен тамақтан орып жіберді. Ыстық қан көкке шапшыған. Ат үстінде тұрған атаманның бетін жуып кетті.

Махамбет ақбозына қайта қоныпты. Қазір оны да оққа байлар. Қаптаған казактардың үстінен ақ боран жауып кеткені несі? Көздерін бітеп, ауыздарына кептеліп жатыр. Е, Махамбет қой, астындағы көпшігін қанжарымен жарып жіберген. Қоға басы бұрқылдақ екен ақ боран дегені. Ат сүрінген жерде ақыл тапқан қайран ақын-ай!

Жалаңдаған үш мың ләшкерін бастап Қайыпқали сұлтан Ақбұлақ бойына қарай дүркірей қашып барады. Ұрысқа неге түспеді?

— Маған Бұхар беттің хандығы азық етпес. Исатай иманды болсын! Мен кеттім. Елге сәлем де! — деп дауыстайды.

— Қайыпқали, нағыз ит екенсің! Сенің сәлеміңе зәру ел қалды ма? Тірі жүрсем осы сатқындығыңды

алдына бір келтірермін! — Махамбеттің құландай ащы дауысы құлақты жарып барады.

Оянып кетті. Түн ортасы әлдеқашан ауған шақ.

Апыр-ай, бұл түс пе әлде аян ба, не нәрсе өзі? Айыра алмай ойымен арпалысып ұзақ жатты. Исатай мен Махамбеттің даңқын Әлімжан ағасынан естіген. Хандық басқару жүйесіне қарсы шықты. Қара қазақтан қол жинады. Ұлт-азаттық көтерілісті бастады деген. Әй, бірақ Еділ мен Жайықтың арасы қуықтай жер. Асау тайдай тулап қайда барсын? Оның өзі Астрахань мен Царицын, Теке мен Орынбордың ықпалындағы өңір емес пе? Қазақтың соңғы ханы Жәңгірді құртар, алайда оның арқасында тұрған екі басты самұрық бейнелі алып империяға не қайла қоймақ?!

Айтпақшы, осында Пугачев көтерілісін көркем шығармаға айналдырам деп Пушкин де ат басын тіреген. Даль қасында жүріпті. Сол сапарда ғой

ұлық ақынның «Из Гурьева городка, протекла кровью река» — дейтіні. Қауырсын қаламның ұшына иманыңды ұшыратын осындай қос тармақ қалай ілінді екен?

Ерте тұрып бір шыныаяқ кофесін ішті де Абай көшесі бойындағы Ұлттық мұрағатқа келген. Қадым заманғы хикаяттардың қоймасын өлі тыныштық басып тұрды. Бөлмелердегі қоңырқай леппен қоса бойын беймәлім бір жайсыздық жайлады. Қаз-қатар текшеленген папкалардан көз тұнады. Қай-қайсының бетін ашсаң да тарих шаңы астында қалған тұлғалар тірілердей. Құса-шер қоса төгілердей.

— Бәрі буулы. Тілін тістеп тұр, — деп бұл көңілсіз күбірлеген. — Қарындас, Махамбеттің соңғы сәтін баяндайтын деректі іздеп едім.

— Өмірінің бе? — деді шынтаққап киіп алған шикі сары қыз. — Әлде...

— Қаройдағы...

Иә, кеше Әлімжан ағасы біраз әңгіменің бұрау басын шалған. Бес күндік бәтуасыз тірлікте бұлағай салған ерлерді қолтықтап атқа кері қондырғандай әсерлі еді. Өттең, ой ортақтастыра алмай күмілжи берді. Тыңдаушы бар. Қостаушы жоқ. Сөзді де сәтін тауып қыздырып отырмасаң қоздамай қалады. Іштей қорынған. Содан бекініп шыққан беті еді.

— Бір көне қолжазба бар, — деген шынтаққап киген шикі сары қыз әлдебір папканы аударып-төңкеріп жатып. — Үзінді сияқты, бас-аяғы жоқ. Оқып көріңіз.

— Бізде бәрінің де бас-аяғы жоқ қой, — деген бұл. — Әкеліңіз. Қарап шығайын.

«Жайықтың Бұхар бетінде, өзеннен тайшаптырым жерде Қарой жатыр. Қазан айының орта тұсы. Шағыр мен жусан бояуынан айырылып, тырнауыштың тісіндей селдіреп қалыпты, — деп басталыпты сарғыш тартқан қағаздағы жазу. — Батыстан желге қарсы өрши көтерілген шажырқай бұлт бас біріктіріп түйіліп кеп сіркіреп өткен. Қырлау жерге бақсының моласындай боп жалғыз қонып отырған Махамбет киіз үй түндігін жаптырған. Ызындаған мазасыз жел қамсау таптырмаған соң туырлықты да босаттырды.

— Ием-ау, шөкімдей бұлтқа бола соншама қымтанғаның не? Атың өзеннің құрағын кеміріп тұр екен. Хасенді жібердім. Самаурын қайнап қалды. шай ішіп, атқа мініп сергіп қайтсаңшы. Сарыжам-бас боп жата бермей.

Біраздан бері оң жамбасына сыздауық шығып, сылти басып жүрген ақынға Типан қамқорси сөйледі.

— Оңдық шамды жақ. Жаңбыр басылған соң түндікті ашарсыңдар.

Махамбет қабағы келіспей, шәйі көрпенің үстінде құс жастықты шынтақтаған күйі жата берді...

Сәске тұста Типан сасып, үйге өз етегін өзі теуіп тастап асығыс кірген. Өңі қуаң тартып, алакөзденіп кетіпті. Жастыққа басы домалап шалқасынан жатқан Махамбет бір жайсыздықты сезді. Басын оқыс көтеріп алғанымен оң жамбасын ауырсынып, бір қырындап отырды. Үнсіз кереге басында ілулі тұрған исфаһан қылышына қолын созған. Типан лып етіп қылышты қынабымен ұсынды. Өзегіне қорғасын жүгірткен он екі өрім бұзаутіс дойырды да ұстата қойды.

— Жәй ма?

— Қайдан білейін. Жарбастау жақтан оншақты аттылы суыт келеді. Жүрістерінен секем алғаным.

— Хасен атты ерттеді ме?

— Бала құраққа тойған талау келгір бұлтақтап қашып ұстатпай жүрген сыңды.

— Кім болса да жапаңдағы жалғыз үй мені сағынып келе жатпаған шығар. Асаубай қайда жүр?

— Бажаң ұсақ малын саудалаймын деп қала шығыпты.

— Қап! Соңы жақсылық болса жарады...»

Жазу осы тұстан үзілген. Таңдайындағы тәттісінен айырылғандай Ноэль шикіл сары қызға қарағыштай берген.

— Бізде бары сол аға, — деп онысы қымсынған. — Қалғанын біреулер жыртып алып кеткен сияқты.

Ақ жеңіліп, қызыл іңір құшағын еркін жайған шақта шаршап үйіне жеткен. Келе шешінбестен кереуетіне құлаған. Кірпігі қамаса бастаған екен дейді.

— Ой арқалап болдырдың ба, балам?

— Шыдармын, — деген бұл ұйқылы-ояу.

— Оқиғаның жалғасын өзгеден емес, өзімнен тыңда, — деді жақ сүйек сақ-сақ қозғалысқа еніп.

— Құлағым сізде, Маха.

— Ертелетіп жеткен оншақты аттылы бөлем Ықылас екен. Төрге жайма-шуақ жайғасты. Ептеп күй шалатын өнері бар-тын. Жастайынан жер жамайтын пысық атанып атқа мінген. Баймағамбет сұлтанның старшыны. Бөлем болғанмен сенім аз. Сұйық сақал, теке көз, адыраңдау еді. Іргедегі домбырама қол созды.

— Ела ауып кеттің. Кезінде келіскен де, тебіскен де шығармыз. Өткенге — салауат. Сағынып келдік, — десті. Жанындағылар да сыр алдырмай сыпайы отыр.

Хасен бір семіз ісекті сойып, бұтарлап жатты. Типан шәйін баптады.

Семіз ісектің еті балбырап пісіп, ағаш астауға түсе бастаған сәтте манадан бері домбыраның күйін келтіріп тыңқыл қақтырып отырған Ықылас қазақ пен ноғайға ортақ «Ел айырылған» күйін бебеулете жөнелгені.

— Қызыл қайыңнан шабылған-ау. Шешен домбыра екен, — деп қояды теке көзін аударып-төңкеріп.

— Сосын, — деді кереуетінен атып тұрған Ноэль сөйлеп кеткен қу басқа ұмсынып.

— Бұл Ықыластың жанындағы жігіттерге берген белгісі екен. Шынтақтап жатқам. Тарпа бас салсын. Он екі өрім бұзаутіс дойыр қолыма ілінді. Үш-төрт қарулы жігіт кеудеме қонған. Ойбайлап, домалап түсті.

— Қараша үйді жығыңдар! Бой бермей кетеді. Қатынын ұстандар!

Сықырлауық есіктен далаға қашып шыққан Ықыластың айқайын есіттім-ау, деймін. Типан қолына адалбақанды алған екен. Құлап жатсам да көзім шалды. Небір сүргінді көрген әйел ғой. Қарсы келген бірін бастан ұрып жатқызды.

— Неге тұрып кетпедіңіз, Маха? Қылыш қайда, қылыш?

— Өңшең сужүрек неме керегенің бауын тіліп, үйді үстіме жықты. Киіз үйдің сүйегі ауыр еді. Тырып еткізбеді.

— Хасен қайда жүр?

— Інімнің нәті жуас. Не қайрат көрсетті дейсің.

— Әттеген-ай!

— Шаңырақтың күлдіреуіші сыныпты. Арпалыса-арпалыса басым шығып қалыпты. Желке тұсымнан Ықылас қылыш сермеген. Типанның қарғысы, ұлым Нұрсұлтанның шырқыраған даусы... Арғы жағы бұлдыр-бұлдыр бір елес... Қызыл қанға боялып күн батып бара жатыр екен дейм...

Ноэль безгек қысқандай қалшыл қағып кетті. Темекі тұтата алар емес. Бөлмеге жарық жағуды да ұмытты.

— Кешіріңіз, Маха. Тыңдай алар емеспін.

Көп ұзамай Әлімжан ағасы екеуі Атырауға бет түзеген. Облыс басшысы Айтуов мырза мәдениетті де білімдар жан екен. Ілтипатпен қабылдап, сәт сапар тілеген. Алдарында — атақты Қарой. Бұлар мінген жеңіл көлік Жайықтың Бұхар бетіндегі соқпа жолға түскен. Алдында жаңбыр сіркіреп өтіпті. Іздік ғана ұлпа шаң көтеріледі. Мамырдың майда самалы көкірек ашып, аңқылдап еседі. Жайық жағасындағы нар қамыс пен балапан құрақ жарысып ырғалады. Өзен ортасында үйдей кеме су бетін сызып қалаға бет алған сынды. Жан-жағын толқынмен көміп барады. Қарсы кезіккен моторлы ұсақ қайықтар жол беріп безілдеп қашады.

— Паһ, шіркін, Жайық көктемі бөлексің-ау, — деп мына көрініске көзі тоймай келе жатқан Әлімжан ағасы шабыттанады. — Бала күнімізде осы тұста асыр сап ойнаушы ек. Жайық тасып, сай-салаға жайылып кетсе де жүзіп өте беретінбіз. Біз құлаш ұрып өткен өзеннен Чапаев қалайша суға кетіп жүр деп таңқалатынбыз. Бақсақ, Жайықтың орта тұсына жеткенде пулемет оғы жайратып салған екен-ау, сабазды. «Батыр — бір оқтық» деген сол...

Ирелең қаққан дала жолын қуалап кеп жеңіл көлік бір топ төмпешіктің жанына тоқтаған. Анадай жерде атарба байлаулы тұр. Жанында қараң-құраң етіп бір қара көрінеді. Машина тоқтасымен қария екі аяғын бауырына алып бұларға қарай жүгірген. Әлімжан үнсіз жымияды. Бұл секем алып, бойын жия қойған. Иттің демі үзілер жерден іздеп келгенде зиратты қаздырмаймын, аруаққа жат деп жүрген ақынның бір жұрағаты болмасын?! Атақтыларда не көп жанама туыс-жамағайын көп.

Өзі қалада өскен, қазақы салт - жораға шорқақ. Бір тойда жас жігіттің әңгімесіне құлақ тосқан. — Ағамның Жантас деген досы бар, — дейді ақ мақтадай үлпілдеген келіншекті сөзге икемдеп. — Сол досының жақын араласатын көршісі бар. Сол көршісінің әйелінің руы — Арғын. Содан қуғанда сіз маған түп-тура туған құдашасыз. Екеуі сосын жабысып қоймай билеген. Жаңа табысқан туыстар да.

Бұл той бойы ойланып, мына жақындықтың жөнін таба алмаған. Үйге келген соң ерінбей-жалықпай қағазға схема ғып түсіріп те көрді. Әлгі жылмақайлау жігіттің ағасы, оның досы, сосын көршісі, оның қойнында жатқан әйелі ақыр соңында әлгі ақ мақтадай үлпілдеген келіншек. Ағаштың бұтағы құсап әр тарапқа шауып тұр. Бастарын біріктіре алса ше. Иә, қазақ боп өмір сүру кейде қызық!

Емпілдеп жүгірген қарт кісі келе Әлімжанды құшағына көмген.

— Айналайын, ат-көлігің аман келдің бе? Сендерді күтем деп екі көзім төрт болды. Иә, облыстан телефон соққан. Хабар түскен.

— Шүкір, Құрақ аға. Бұл — Ноэль Шаяхметов деген балаңыз. Негізгі қонағымыз осы жігіт.

— Зекетің кетейін-ай, әлгі соғыс жылдары Қазақстанды басқаратын Жұмабайдың ұлы екен ғой, — деп қапсағай денелі қарт қалбаңдады да қалды. — Жақсыны жақсы ғана таниды. Жаманға не жорық?! Келгенін айтсаңшы!...

— Күн сәскеге таяды. Құрақ аға, бірден іске кіріселік, — деген Әлімжан сәл тыныс тапқан тұста.

— Бүгін үйге қонып, сыбағаларыңды жеп, ертең бастарсыңдар?

— Аға, Махаң бізді жүз елу жылдан бері күтіп жатыр. Сыбағамыз ертең де қаша қоймас.

Осы сөзге тоқтаған Құрақ қарт атарбасында байлаулы жатқан бір ісекті жетектеп әкелді. Қайраты қайтпаған екен, нән қойды көтеріп ұрып, төрт аяғын айқастырып байлады. Жел үрлеп, жаңбыр мен қар жеп тастаған жатаған төмпешіктің жанында басын құбылаға қаратып: — Алдымен Алланың жолына сосын Махамбет бабамның рухына бағыштадым. Құрбандығымды қабыл ала гөр Жаратқан ием, — деп семіз ісекті шалып кеп жіберді. Құран оқылып болған соң Ноэль еңсе көтеріп: — Ал, бастадық, — деген.

— Тыңда, балам, — деген сонда қария әлі ешкім естімеген бір құпияны баян ғып. — Әкем бабамыздың осы моласына жеті жасымда ертіп келген. Жоғалып кетуге шақ қалғанда көгентүп көнелерден сұрастырып жүріп өзер тапқан екен. Біреулер анық білсе де ашып айтпайтын. Халық басынан алағай да бұлағай заман өтті ғой, шырағым. Сонда әкем мола басына тобылғы сап қамшысын сіңіріп тұрып: — Әй, күшік, саған аманат! Түбі Махамбетті жоқтайтын ұрпақ туар. Сонда осы қамшыдан танып, көрсетерсің. Ғұмыр бойы ұмытпа! — деген. Қамшының терісі шірісе де тобылғы сабы міз бақпайды. Қасиетті ғой. Алдымен соны табайық.

Ноэль күрегін қолына алған. Қария шыр ете түсті. — Таста, ойбай, жалаңдатпай. Қолмен қазамыз, қолмен! — Сөйтті де «Иә, пісімілла, менің қолым емес, ата-бабамның қолы» — деп бір шөкім топырақ алған. Үшеуі үш жақтан қатып қалған сазды қопсыта бастады. Жырта қарыс тереңдікке барғанда «Уа, аруақ бар екенсің ғой» — деп қария тобылғы сап қамшыны сопаң еткізіп суырып алсын. Төрт өрме тері бөз матадай үлбіреп тұр. Ұстаған жерден бырт-бырт үзіледі. Ал, сабы қып-қызыл қалпы. Міні құрмапты.

Алты алақан аялап топыраққа тереңдей берді. Бір құлаш бойлағанда ағараңдап сүйек көрінді. Бұл Махамбеттің денеден бөлек, көп кейін көмілген басы еді. Құрақ шарта жүгініп бір сүрені ұзағынан қайырған. Көзден аққан жас иектен төмен құлап өңірін сулап тастады. «Қайран, арманда кеткен бабам-ай!» — деп бастың көз қуысын, кеңсірігін топырақтан аршып, көкірегіне басып қапелімде босатар болмады.

Қария біраздан соң мауқын басып, сартап боп қалған қу басты бұлардың да қолына ұстатты-ау.

— Маңдайы тайқылау да жазық біткен. Жіңішке сүйек кісі болмаған. Бас бітімі, шықшыты соны дәлелдеп тұр, — деген бұл Әлімжанға қарап. — Өлтірерде үш мәрте қылышпен шапқан. Екеуі желке тұсқа батып кеткен. Ал, біреуі оң жақ шекелікке қағыс тиіпті. Сүйек ойылған. Демек, ақынның ажалы екі адамнан келген. Қылыштың бірі өткір де, екіншісінің жүзі добалдау. Міне, көрдіңіздер ме?

— Қайтейін, бұ заманда жақсы да бір төмпешік, жаман да бір төмпешік.

Құрақ жүресінен отыра кеткен...

Сәске кезінде көшеге шыққан. Ешнәрсеге зауқы соғар емес. Екі-үш көшені айналсоқтап жүріп алды. Ақыры қарауыл боп істейтін Дәуренге беттеген. Күрке дегені арық қатынның арты өзер сияр ұядай бөлме.

— О, Ноэль аға! Біз пақырды іздейтін де адам бар екен ғой, — деп асып-сасқан.

— Дәурен әңгіме бар. Қою шай керек.

— Қазір аға.

Маңдайы жіпсіген Ноэль ағасы Айым жайын сұраған. Бұл не десін? Бастықтың жалғыз қарғасы. Батыл, еркін өскен. Болашақ ғалым. Жетекшісі Қайып мырза. Атақты профессор.

— Сен Айыммен қалай танысып жүрсің?

— Осында. Жәй доспыз. Кейде келіп әңгіме айтып, шай ішіп кетеді. Әкесінен жасырынып...

Әкесінен жасырынып... Жо-жоқ, бұл бастықтың бұлғақтап өскен еркетотайы болмады. Жетіммен жұғысса бір-бірінің қадір-қасиетін сезеді дағы. Өзі Махамбет поэзиясын зерттеп жүрсе...

— Аға, оның маған келетіні... Ұнатады деп айта алмаймын. Мен сол Махамбет жерленген Қаройда туғанмын. Аталаспыз. Кішкене күнімде әкем жарықтық бабамыздың ерлігін жиі әңгімелейтін. Оң

тізесін басып отырып құлағыма қорғасын ғып құйып ала беріппін. Айым қайта-қайта естігенімді айтқызып, қағазға түсіреді. Өзі бір қызық қыз. Өзгеге ұқсамайды.

— Менімен таныстыршы. Айымды көргім келеді, — деді Ноэль иығына ақжемделіп қалған тері дорбасын іліп жатып.

— Жарайды, аға.

Ықастың үйінде таң атқалы маза қашқан. Кеше кеш саудагер әйелі Дубайдан ұшып жеткен. Қоржын басы тоқ. Бүгін бір қадірлі қонақты әспеттеп төрге оздырып, қойдың басын көрсетпек. Қыздары кандидаттық диссертациясын жазу үстінде. Кешікпей қорғар. Жетекшісі Қайып пен бәйбішесіне сый-сияпатымызды көрсетіп бағайық деп жанталасқан. Ықастың әйелі қонақтарға деп Дубайдан сатып алған қолүздігін қайта-қайта тексеріп әлек.

— Мынау костюм сыптығырлау Қайекеңе тура қона кетеді. Алмалы-салмалы жағасы бар ақ көйлек пен өрттей қызыл галстук қандай жарасып тұр. Әй, Қашқария-ай, дүниенің жақсысын білесің ғой сен, — деп Ықас келіншегін көтерме сөзбен көміп тастады. — Ық, әкеш бір иіскейін, Ық, тым болмаса... Ал, мына әйелінің қолына салар бриллиант жүзігіңе күмәнім бар.

— Сен осы ғұмыры күмәнданбасаң жүре аласың ба? Тасы жасанды деп маған кінә таққалы тұрсың ба? Айтшы, кәне?

Орта бойлы, толық, бұғағы жиған көрпедей текшеленіп тұрған әдемі келіншек байына шатынап шыға келді.

— Жо-жоқ, қайдағыны айтпа. Тек әлгі Қайекенің бәйбішесі Дүрияның саусақтары қысқа әрі мыртықтау ғой. Мына жарқыраған жүзік оған сия қойса деген ғой, менікі.

— Симай жатса, сабын аман болсын. Көпіртіп-көпіртіп тұрып сылқ еткізіп кигізе салам. Әр жағы өз шаруасы.

— Айтпақшы, қайтарда бір бизнесмен бала менімен бірге ұшты. Дубайдан пәтер сатып алып келе жатқан беті екен. Өзі бойдақ. «Бой жетіп, сәмбі талдай иіліп отырған қызым бар» — деп ем. Тәтелеп іш-бауырыма кіріп кете жаздады. Телефонын алып қалдым. Үйге келсін, дәм татсын. Таныс-біліс болсын...

— Бизнесмен? Мама босқа шаршап қайтесіз? Олар ақшаның тілін білгенмен адамның тілін білмейді ғой, — деп Айым киіне бастады.

— Папа, кешіріңіз. Мен қонақтыққа қатыса алмаймын. Маңызды кездесуім бар.

Айымның мына сөзі Ықастың маңдайына әжім түсірді.

— Қызым жақында қорғайды. Ғалым атанады деп шешең екеуміз борбайлап кеп шабамыз. Сен болсаң жетекшіңе құрмет көрсетуден қашасың. Бұл қалай?

— Әй, миы жоқ қаншық. Осының қорғағалы жүрген тақырыбының өзі не еді? Әлгі Махамбеттің несі ме?

— Өлеңдері ғой.

— «Махамбет поэзиясындағы өршіл рух», — деді бұл әке-шешесін қатар түзетіп.

— Осыдан аяғыңды аттап бас, рухыңмен қоса... — деп би бәйбіше паркет еденді бірер мәрте бөз өкше төплимен теуіп жіберді. — О, несі-ай!

— Жә-жә. Тақырыбыңа қатысты кездесу болса бар, — деген Ықас көңілсіздеу. — Қайыпқа тігісін жатқызып айтармыз. Мұрағат шаңын жұтып отыр деп. Қайта қуанып қалады. Тек кешікпе, күнім!

Сол күні Ноэль, Дәурен мен Айым үшеуі оңаша тау аңғарында кездесіп, армансыз сырласқан. Аңғар жақпар-жақпар тастардан үш бұрыш боп қаусырылған, етегі қайың, өрі қарағай жұмақтай жер екен. Асай-мүсейін арқалап, тау қуалап таза ауа жұтам деген қалалықтардың сұғанақ көзінен таса. Айым арқасына таңған рюкзакын ашты. Алаңқай ортасындағы сандық тастың үстіне газет жайды. Ащы-тұщы тағам түрін қаз-қатар тізді. Дәмі таңдайыңды тебер француз виносын да ұмытпапты. Белі үзілгелі тұрған үш рюмка да шүпірлеп келе қалды.

Батыл да еркін өскен орта бойлы орнықты бойжеткен қолды-аяққа тұрар емес. Дүниені желдирмендей айналдырады.

— Ноэль аға, Дәурен кәне жақындаңыздар. Алдымен дәм алайық. Сұхбат сосын.

— Еңдеше алғашқы тостыны осындай сұлу табиғат аясында сүйкімді кеш сыйлаған Айымжанның құрметіне көтерейік.

— Құп!

— Неткен тәтті еді, — деп Дәурен бір бәлішті жұлмалап жатты.

— Әй, інім, айналаңда бәліштен де басқа тәттілер бар.

Қыз күлкісі іргедегі бұлақпен қоса сылдыр қағып ақты.

— Айымжан, — деген Ноэль тоқ басқан соң. — Ықылас-ниетіңе алғыс. Сені Махамбет поэзиясынан кандидаттық диссертация қорғағалы жүр деп есіттім. Дәуренге өзіңмен таныстыршы деп өтініш

айтқанмын. Уақыт тауып келгеніңе разымын.

Ноэльдің қыр мұрынды, ашаң да әдемі келбеті қызылшырайланып, жүзіне көптен бері үркіп кеткен беймарал жаймашуақтық қонақтаған екен.

— Ой, қорға деп қоймай жүрген папам мен мамам сосын әлгі жетекшім Қайып ағай ғой. — Орта бойлы орнықты бойжеткен, қойшы соларды, дегендей қол сілтей салды.

— Айым қорғауға қарсы емес. Бірақ, ашқан айтулы жаңалығым жоқ. Ел-жұрттан ұят дағы — деп беттемей жүр.

Дәуреннің сөзін Айым бас изеп қуаттады.

— Аға, мен де сізді бір көрсем деп ынтықтым. Көкейімді тескен көп сауал бар. Айып етпессіз.

— Сұрай бер. Жауабыма тоймай қалмасаң болды.

— Ендеше, қазаққа жасаған жария жақсылығыңыздың өтеуі неге жоқ? Неге бәрі соңыңызға шам алып түсті? Қандай кінәңіз үшін елден бездірмек? Бізге маза бермей жүрген осылар. Ең болмаса Дәурен екеуміздің құлағымызда қалсын. Көңілімізге тоқиық.

Ой қуалап кеткен Ноэльдің жүзіне кірбің қайта қонды. Тау өрлеген қарағайларды жалғыздап санағандай ұшар биікке қыдырта көз тікті. Ысқырық ата күрсінді.

— Айтайын. Екеуіңнен басқа сенетін кімім қалды, — деді сосын. — Азаптың басы сақ қорғаны, күміс тостақан, ондағы сына жазудан басталды.

— «Мен де сендей болғанмын» — деп Дәурен күбірлеп кетті.

— Ия, солай. Рас, мен археолог емеспін. Сонда жазығым не? Тапқан олжамды тығып тастауым керек пе? Бәрін бастаған өз көкелерім. Жаяу жүріп жамандады. Сүйкімдімді қашырды. Тіпті ұры, алаяқ деп балағаттауға жетті. Герасимов болмағанда...

— Шіркін, сондай ұстазға кезіксем, — деген Айым алабұртып.

— Ұлы тұлға! Халықаралық ғылыми конференцияда «Тостақандағы жазу — киелі сөз. Тіпті бимәлім дұғаның үзіндісі. Бәлкім, жалғасы өзге тостақанда өрнектелген шығар. Оны таппай біз бұл философиялық ойдың толық мәніне жете алмаймыз» — деп қаңқу сөз қанатын қайырған.

— Издейік те. Екінші күміс тостақан қай қорғанда екен?

Ноэль иығын құныстырып біраз отырды. — Білмеймін, — деді сосын дүдәмал үнмен. — Бірақ жүрегім сезеді, ол қазақ даласында жоқ. Дүниенің қай бұрышында көмулі жатқаны белгісіз. Америкада ма, Мексикада ма, Перуде ме...

— Енді қорған қазсаңыз бізді де ала кетіңізші.

— Жаныңызда жүрейік. Жүгіңізді көтерейік, Күрек, сүйменіңізді арқалайық.

— Рахмет. Сәті түсер. Бірақ енді Қазақстан топырағына күрек батырмасын.

— Өкпеледіңіз ғой.

— Өкпе ішіме сияды. Бауыр симай бара жатыр. Ол көп хикая. Түбі кітап жазармын. Сонда мән-жайға қанығарсыңдар. Ең өкініштісі Қарой қалып барады... Бізді үмітті көзбен ұзатқан Құрақ қарт... Мені періштедей қорғаған Әлімжан аға... Қайтейін, ұзын дәмеге қысқа қолым жетті ме?

— Құрақ атаны көріп өскем, — деген Дәурен сөзді жалғап. — Сол кісі ғой сіздерді қарсы алған.

— Иә, Қүрекең болмаса бұ қазақ жер сипап қалар еді.

— Сол сапар басты Алматыға алып қайттыңыз ба? — деген Айым жанары жасқа толып.

— Иә, арқалап оралдым.

— Мүсінін қалыптауға қанша уақыт сарп еттіңіз, — деп Дәурен титімдей вино тамызды.

— Бас-аяғы бес-алты жыл.

Ноэль темекі тұтатқан. Ой меңдеп, темекі түтінін әуелете ұшырды.

— Ақынның батыл да аңғал көзқарасын, сыртқа теуіп тұрған ызалы күш-жігерін бәрін-бәрін жүз мәрте қайта жасадым. Ақыры аяқтап шықтым. Бәстесем, Махамбет тірлігінде тап сол мен қалыптаған мүсіндей болған. Аллекем жан үрлесе сөйлеп кетер еді.

— Сізге келер ұрпақ қарыздар.

— Қайдам. Сенім аз. Тіпті ұлы ақынның бет әлпеті осындай екен-ай, деп таңырқап, тәу еткен кісі көрсемші. Бар шаруа бірер плакат шығарумен бітті. Тиісті орындарға өткізіп ем, ескерткіш салмақ тұрмақ есте қалатын алақандай да мақала жазылмады.

— Жақын күндері Мәскеуге кетпекшісіз.

— Бас сүйекті кімге қалдырасыз аға?

— Білмеймін, — деді Ноэль аңтарылып қалған екеуіне қарап. — Құрақ қартқа хат жазып ем, хабар болмады. Ал, Әлімжан аға баһи кешіп кетті. Аяулы жан еді. Өзім апарып Қаройдағы зиратына көмейін десем, алаяқ біреулер ұрлап кете ме деп қорқам. Айқайға аттан қосқысы кеп аңдып жүргендер аз ба? Облыстың баяғы мәдениетті де білімдар басшысы қызметінен кеткен. Орнына келген біреудің түсінігі төмен. «Мола ақтар деген мен емес. Аулақ жүр. Қу бассыз да шаруамыз шаш-етектен» — деп маңына жолатпайды.

— Олары ұят екен.

— Ел емес пе еді?

— Үй-ішім Мәскеуде. Жаңа жоба әзірлеп Герасимов болса кел де кел деп дігірлейді. Енді аялдар

жөнім жоқ. Біздің хал осы, достарым. Қараңғы түсті. Салқын дендеді. Қайтайық қалаға.

Кештетіп пәтеріне кіргені сол еді, телефон шыр ете түсті. Венера екен.

— Ұстазың асықтырып жатыр. Шетелге жүретін уақыт таяу. Тез арада қайтсын дейді.

— Ұлы тұлғаның басы...

— Сол бастан-ақ көрдік-ау, көресіні.

— Мәскеуге ала барсам қайтеді?

— Бір бөлмелі пәтерге ме? Тағы да құшақтап жатайын дейсің бе?

— Енді...

— Сонша еңбектенгенде күреп ақша не сыйлық алғандай. Лақтырып кет!

Таңертеңмен иығына ақжемделіп қалған тері дорбасын асынып Мәдениет және білім министрінің қабылдауында тұрды. Кезегі жеткенде атшаптырым бөлмені ұзақ жүріп өтіп министрдің мақтадай жұмсақ алақанын ұстаған. Ресми аман-саулық алысты.

— Жұмыс сұрай келген шығарсыз. Министерствода тап қазір бос орын жоқ, — дейді шотмандай қара мұрнын оң жақ сырғалығына қарай қисайта тартып. — Тіпті кімге звондатсаңыз да көмектесе алмаймын.

— Жо-жоқ, мен сізден жұмыс сұрамаймын, — деді Ноэль түсін суытып. — Махамбет Өтемісов жайлы... Ақылдаса келгем...

— Махамбет? — деді министр шотмандайын жиырып. — Ә, әне біреу екен ғой.

— Шынымен білмей тұрсыз ба?

— Қай басқармада істейтін еді? Оған не керек?

— Сіз далаға лақпасаңызшы! — деді тікесінен тартып. — Мен қазақтың ұлы ақынын айтып тұрмын.

— Оның маған қажеті қанша? — Министр креслосынан ытқып тұрды. — Неге соншама тепсінесіз?

Ноэль ақжемделіп қалған тері дорбасының аузын шешіп, министрдің қақ алдына ақынның сартап болған бас сүйегін қоя салды.

— Міне, сіздің қызметкерім деп шатыстырған Махамбетіңіз. Бір өлеңін де оқымаған екенсіз ғой.

Қу басты көріп иманы ұшып кеткен министр сасып көмекшісін, қорғаушыларын шақырғысы келген. Бірақ ол ойынан тез айныды.

— Не керек, айта беріңіз?

— Мен антрополог Шаяхметовпын. Махамбеттің бас сүйегін тірі кезіндегідей қалпына келтірдім.

— Көп рахмет!

— Рахмет үшін емес.

— Ақша керек шығар? Айтыңыз, қанша?

— Жо-жоқ, тыңдап алыңыз. Қалыптаған мүсінді тиісті мекемеге өткіздім. Мәскеуге кетем. Біржола. Бас сүйекті алып қалыңыздар.

Креслосына қайта жайғасқан министр өзіне қарсы қарап тұрған қу бастан көзін алып қашып бір қырындап телефон нөмірін терді.

— Әлеу, Баймахан ба бұл? — деді өктем дауыспен. — Менде Шаяхметов отыр. Антрополог. Иә, сол. Маған ақынның басын көтеріп келіпті. Слушай, министерство — саяси мекеме. Әркімнің қу басын жинайтын пантеон емес. Түсінікті ме? Өтемісовтің өлеңдерін тарихи фактілермен қоса зерттеп, кітап жазып жүрген сендер емессіңдер ме? Давай, қазір өзіңе Шаяхметов барады. Басты дорбасымен қоса қабылдап ал. Көзге анық түспейтін жасырындау бір жерге қоя сал. Нан сұрап жатқан жоқ. Қызмет талап етіп жатқан жоқ.

Министр телефонды тарс еткізді. Жүзіне қызыл шауып, мұрнын оң жақ сырғалығына қарай көтере бір тартып қойды.

— Давай, барыңыз. Кетсеңіз жолыңыз болсын. Хош!

Ақжемделіп қалған тері дорбасын арқалап академияның тарих және этнология институтына да жетті. Кәрі-жасы бірдей дәлізде сабылып жүр. Директорды сұрап еді: — Баймахан ағай мәжіліс залында. Бір жігітіміз «Махамбет өлеңдеріндегі тарихи деректер» деген тақырыпта докторлық қорғамақ. Жетекшісі — директордың өзі. Әзір шыға қоймас. Күтіңіз, — деді шашын арқасына шашып тастаған хатшы қыз.

— Министр звондап еді. Ол жайлы сізге айтқан жоқ па?

— Махамбеттің қу басы дей ме... Сондай бірдеңе деп ашуланып шығып еді. Сіз екенсіз ғой, таң атпай министрді мазалап, директордың жүйкесін құртып жүрген?

Түс ауа қорғау сәтті бітіп, жұрт мәжіліс залынан дүркірей шықты. Қой бастаған серкедей болып келе жатқан Баймахан мұны көрді де езуіндегі күлкісін жия қойды.

— Әй, Ноэль, — деді даусын көтеріп, қалың қасы дүрдиіп. — Сенде бір жабысқан жерден жан шығаратын неме екенсің. Мана мен де министрге қоңырау шалғам. — Біз таза тарихи мәселелермен айналысамыз. Шаяхметов бұл өтінішпен тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамына барғаны жөн. Басшысы — Ықас. Өте парасатты, бастың қадіріне одан артық жететін кісі жоқ, —

дегем. — Министріміз жаңадан тағайындалғанмен жан-жақты саясаткер адам ғой. Бірден түсініп, келісімін берді. Бара ғой, айналайын! Айтпақшы, көш көлікті болсын!

Ықас орнында екен. Елпілдеп қарсы алып: — Шырағым, құтты болсын! Талай жыл қазақ еліне еңбегің сіңді. Сосын өзім бас болып қолдап, осы мекеменің құрмет грамотасымен марапаттадым. Міне, мынау, — деп сейфтен баланың жаялығындай сары ала қағазды суырып алды. — Ризамын өзіңе. Мәскеуге осындай марапатпен қайтқаның жөн. Дос бар, дұшпан бар дегендей...

— Ықыласыңызға рахмет. Марапатқа зәру емеспін. Тездетіп бітірер шаруа бар.

— Айт.

Ақжемделіп қалған тері дорбаның аузын шешіп, бас сүйекті шығарып Ықастың столына қойды.

— Астафыр-алла, бұл не пәле? Әкет, сал ішіне!

— Ықа бастан неге шошыдыңыз?! Зер салып қараңызшы, төрт-бес тісі түсіп қалған. Шекеде, желкесінде қылыштың үш бірдей ізі тұр. Міне, бір, екі...

Үрейі ұшып кеткен Ықас стол айнала қашты.

— Таста, атаңа ғана нәлетті! Адамның иманын ұшырмай!

— Ықа, соншама қашып не көрінді? Бұл ұлы ақынның басы ғой. Қазақ халқының мәңгілік мақтанышы.

— Әкет, жасыр, жап! Сал дорбаңа! Айдың-күннің аманында сендер кісіні үркітіп өлтірерсіңдер. Өңшең жынды! Тып-тыныш отырғанда қу басты ала шауып, ала жүгіріп... Сендер ме сендер!

— Министр сізге тапсырма берген шығар?

— Мен ол кісіге тек құрмет грамотасымен марапаттаймын деп уәде еткем. Аулақ менен!

— Сіздің мекеме адам сүйегінің үстіне салынған мазарлардың иесі.

— Ал, болсын.

— Соның сізге үсті керек те, астында жатқан боздақтардың құны көк тиын ба?

— Әй, слушай, — деп айқайлап жіберді Ықас шыдамы бітіп. — Сен маған жөн айтуға шықтың ба, кімсің сен өзі?

— Махамбеттің қасында түк те емеспін. Бұл бас — Қазақстанның байлығы. Сондықтан осында қалуға тиісті.

— Сендер ме сендер, тып-тыныш жатқан көрден басты қазып алып... Елді алатайдай бүлдіріп.

Осы кезде ішке баса-көктеп ақын Мақатай кіріп келді. Үсті-басы алқа-салқа. Ұзын бойлы, шашын шалқасынан тастаған. Адуын ақын алабұртып тұрған Ноэльды құшағына бір көмкерді де, ашуға пісіп отырған Ықастың қолын сілкілей қысты. Қызу екені көзге ұрынып тұр.

— Үлкен орынның жауапкершілігі де үлкен болады, шырағым. Сенсіз де басымыз қатып отыр.

— Өлең туды. Сұмдық! Соны оқып, сіздей ағаны қуантып кетейін деп әдейі бұрылдым.

Шарасы таусылған Ықас бет терісі жыбырлап: — Ал, оқы, — деп басылды.

Шарап ішіп шалықтадым, ол анық,

Қанатсыз да қалықтадым, ол анық.

Өлең жазып арықтадым, ол анық

Өмір сүріп жарытпадым, ол анық.

Дүниеге іңкәр болған жүзімді,

Топырақпен қалай көмдің мола ғып?!

Ноэль алақанын шапалақтап, «Классика!» деп келе Мақатай ағасының бетінен сүйген.

— Көміңдер де көміңдер, бұл не пәле? Ал көмсін, қазып алсын!

— Ықа, мендей арқалы ақын молаға сыя ма?

— Сыймағанның кесепатын сенсіз-ақ көріп отырмыз, — деп теріс айналып Ықас қалтасына қол салды. Сылдыратып бір уыс ұсақ ақша алып ақынға ұсынды. — Мә, әлгі тақпағың шынында да жақсы екен. Ал, хош.

— «Мы вольные птицы, пора брат, пора» деген Пушкин. Хош болыңыз, Ықа.

Дәл осы сәтті баққандай есік еппен ашылып, ішке әдебиет пен өнер институтының директоры Қайып кіріп келе жатты. Ықастың қол-аяғы жеңілдеп теке сақал, ала көз, адыраңдау профессорға дүниенің бәрін ұмытып, құшағын аша ұмтылды. Сол құшақтары жазылмаған қалпы ерін ұшынан сүйісіп, қарсы тұрған креслоға жайғасты. Асықпай аман-саулық алысты.

— Табалдырықта кісі түрегеліп тұрмайды, Ноэль інім, — деп Қайып мейірлене қараған болды. — Қазақ екі жағдайда табалдырықта тұрып хабар айтқан. Бірі — жау шапты дегенде, екіншісі — кісі қазасын хабарлағанда... Кел, жанымызға жайғас. Еліміз тыныш, әзірге шейіт кеткен ешкім жоқ. Құдайға шүкірміз ғой.

Хатшы қызына шай алдырып, бәйек болып жатқан Ықас мол денесін селкідете күліп: — Пау, шіркін, тыңдасаң біздің Қайекендерді тыңда. Салт-сана, жөн-жоралғыға келгенде бәйге атындай аңқылдап алдыңызға қара салмайсыз-ау.

Үшеуі бір-бір шыныаяқ шай ішкен соң негізгі тізгінді кабинет қожасы ұстады.

— Аса қадірлі Қайып Есимович, — деген көзі күлмеңдеп, жалпақ мұрны бетіне жабысып. — Өзім де сізге телефон шалып ақылдасқалы отыр ем. Қиналғанда жететін періште секілдісіз-ау. Дәл уақытында

көрістік.

— Иә, — деп теке сақал, ала көз, адыраңдап қалған профессор маңғазданып, оң аяғын башпен көтеріп әкеліп, сол тізесінің үстіне қондырды.

— Ықа, мен асығыспын, — деп Ноэль сағатына қайта-қайта қарағыштаған. — Жолға жиналуым керек.

— Осы күнгі жастардікі — сол. Шикілі-пісілі бір дүние жасайды да, тура алқымыңа жармасады. Бітер істің басына жақсы келеді деген, қазір Қайекеңмен ортақ ақылдасамыз, мәселені шешеміз.

— Ол не нәрсе? — деді профессор сол маңғаз қалпын бұзбай.

— Қайеке, ұмытып барады екем. Кеше сіздің үйдегі бәйбіше телефон шалып, әлгі татымайтын сыйлығымызға таудай ғып рахмет айтты. Данышпан адам ғой. Сіздің де көлеңкеңіз кең ғой, шіркін, Қайеке-ау, тура рулы ел сыйып кеткендей...

— Мына бала сонша неге асығыс? — деп құйрығы үшкірленіп отырған Ноэльды иегімен нұсқады.

— Қайеке, өзіңіз Махамбет поэзиясынан докторлық қорғаған ғұлама жансыз. Ал сол Махамбеттің, иә, нағыз Махамбеттің басын көрдіңіз бе?

— Жоқ, — деді теке сақал иектен бір көтеріліп-басылып.

— Шығаршы дорбаңнан, шығаршы, — деді Ықас жанталасып. — Жақсыны көрмек үшін.

Ноэль ақжемделіп қалған тері дорбаның аузын ашып, ақын басын столдың үстіне отырғызды.

— Қойшы, мынау сол бас па? Рас па? — деп профессор алабұртып, алқынып басты айналдыра қарап тісін жалғыздап санады. — Әлгі өзің көрден қазып алып зерттейтін бас па? Міне, тарих! Тірісінде жүген — құрық тигізбеген асау ақынның басын енді өз қолымызбен ұстап тұрмыз.

— Рас, Қайеке. Бәрі осы баланың еңбегі.

— Халқымыздың мақтанышын тірілттің, Ұлы тұлғаны ортамызға алып келдің, Алғыс саған!

Қайып осыны айтып телефон құлағына жармасты.

— Әлеу, мен ғой. Буфетте?.. Көз таса болды, қаңғисыңдар да жүресіңдер. Менің атымнан антрополог ғалым Ноэль Шаяхметовке алғыс хат дайындаңдар. Тез!

Басты айналдырып тамашалап тұрған Қайып бастың шекесі мен желке тұсына келгенде көзілдірігін бір алып, бір киіп біраз кідірді.

— Үш рет шапқан. Мыналар — сол қылыштан қалған із.

— Дәті жетіп қалай шапты екен иттерің!

Жанында тұрған Ықас қорсылдай күліп:

— Ханым, ханым дегенге,

Көтере берме бұтыңды,

Көптіре берме ұртыңды, — деген ғой қасқайып. Сосын қатынмен салғыласқан ақынды Баймағамбет сұлтан аясын ба?

— Пау, шіркін, айтқыш қой, — деп әлі де бастан ажырамаған Қайып қостап қойды.

— Қайып Есимович, — деді креслоға ырсыл қағып кеп жайғасқан Ықас.

— Бұл аяулы ақынның басы ғой, өзіміз де қимаймыз. Десек те сәтімен келе қалдыңыз. Осыны сізге, өзіңіз басқаратын институтқа сыйласақ деп отырмыз. Кабинетіңізде ардақты ақынның басы мен мұңдалап тұрса, онсыз да беделі үстем институтыңызың атағы тіпті дүрілдеп кетпей ме?

Мұны естіген Қайып селк ете түсіп, басты стол үстіне ысыра салды.

— Ау, не деп кеттіңіз? Қу бастың әдебиет пен өнерге қандай қатысы бар? Тіпті еш қатысы жоқ қой.

— Осы сіз докторлығыңызды Махамбет поэзиясынан қорғаған жоқ па едіңіз?

— Ол — поэзия. Бұл — қу бас. Кәдімгі көрден шыққан сүйек.

— Сол поэзиясы түскір осы бастан шыққан жоқ па еді, ағасы-ау, — деген Ноэльдың тағасы таусылып.

— Шыққан, тасқын судай ағылып шыққан, — деп Ықас мол денесімен еңкейе келіп басты Қайыптың алдына жылжытып қойды.

— Рас, бәрі де рас, — деді профессор қанын ішіне тартып, Көзінің тіпті қарасы жоғалып кетті.

— Бірақ сендер мынаны ұмытпаңдар. Герасимов Ақсақ Темірдің зиратын қазғанда өзбек шалдары зар жылаған. «Аша көрмендер, бұл — соғыс Құдайы. Орнынан қозғасаң бітті аласапыран басталып кетеді» деп. Тарихи шындық. Таң атпай жатып фашистер елімізге басып кірген. Ал, не дейсіңдер?!

— Қайеке-ау, тәуелсіздік алғалы тепсінген жау көрмедік қой. Еліміз тыныш. Мамыражай өмір сүріп жатырмыз.

— Жо-жоқ, — деді профессор дегенінен қайтпай. — Бұл сол тұрған, сақталған жерін бүлдіріп кетуі мүмкін. Қиратқыш, бұзақы күш қой.

— Айтасыз-ау, сіз де, — деп сөз таппаған Ықас креслода шалқайып қарнын құшақтай кетті.

Кетуге ыңғайланған Қайып кейінге мойнын бұрып тұрып: — Ал, өлеңдері ше? Оны зерттейміз. Жастарға ғылыми жұмыс қорғатамыз. Ұрпаққа — ұран, ұлтқа — мұра. Одан артық не керек?

Қоштаспастан есікті тарс жапты да, төменгі баспалдақтың екеу-үшеуін аттай-аттай басып тарсылдай жөнелді.

Енді не істедік дегендей Ықас пен Ноэль бір-біріне сұраулы жүзбен қарасып қалған. Есік қағылып

ішіне ұзын бойлы, қоңырқай жүзді, мөлттей қара көздерін мұң кептеген Дәурен кірді. Қысылып аз тұрды да: — Аға, — деді Ықасқа назар тіктеп. — Кешіріңіз. Жастайымнан өлеңіне де, өзіне де табынып өсіп ем... Ақынның басын маған қиыңыздар. Аманаттап беріңіздер, Ғұмыр бойы шаң қондырмай өтер ем...

Ықас орнынан атып кетті. — Өне, — деді өлердей қуанып. — Біздің болашағымыз қандай кемел! Ағаларының өкшесін басып, егемен еліміздің жас жеткіншектері желкілдеп өсіп келеді.

Мұны күтпеген Ноэль Дәуренге таңдана қарап біраз тұрды. Сосын басты ақ матаға әдемілеп ораған қалпы қолына ұстата берді. — Ендеше саған аманат, бауырым!

— Дәурен қарағым, атаңның басы жебеп-желеп жүрсін. Жын-шайтаннан аулақ боласың, — десін қаралай жабысқалы тұрған пәледен аяқ асты құтылғанына қуанған Ықас асып-сасып.

— Хош болыңыз, — деді есік көзіне жеткен Ноэль Ықасқа сұлық қана.

— Ойбай-ау, әлгі грамота, — деп баланың жаялығындай сары ала қағазды артынан ала жүгіріп еді.

— Рахмет! — деген сақпанның тасындай сарт ете қалған дауыс Ықасты кілт тоқтатты.

Ноэльдың жүзіне қарау мүмкін емес еді. Шаралы көзден ыза мен өшпенділік оты алма-кезек төгіліп тұрған.

— Туалетіңіз қасыңызда. Сонда бір кәдеңізге жарар. Қайып Есимовичке де осы сәлемімді жеткізерсіз. Сіздер тәтті тамақ жейсіздер, сосын әлгі жерге жиі барасыздар. Сау тұрыңыз. Мен кеттім.

Есік айқара ашылып барып, сарт жабылды.

Жазғы жаңбыр себелеген. Алатаудың басында еркелеп жатқан ақшулан бұлттар иіп, құрсаулы көңілдерін жібітуде. Алматы арқасына қонған шаң-тозаңды жуып жатты. Түн ортасында ұшар рейске әлі ерте. Бала күннен ғұмыр кешкен ортасы. Көзіне оттай басылып қалған даңғылы мен шолақ көшесін асықпай аралағысы келген. Өзі құлай жақсы көрген, ақыры азабы боп қалып бара жатқан қызырлы мекенге деген қимастық сезім бе, әлде, әлдекімдерге деген өкпе-назын осылай тарқатқысы келді ме, өзі де түсініп жарымады. Әдетте мұндай торыққан шақтарда Әлімжан ағасына баратын. Екеуі киіз текеметке шынтақтай жатып, Үркер ауғанша сырласатын. Арманы түскір неткен көп еді? Оны да ғұмырыңа шақтап тілемесең діңкелетіп бітеді ғой. Ғазиз жанның елге деген асық көңілін, қазіргі медицина іліміне қоссам деген келелі зерттеуін айтсаңшы! Есіл азаматты биыл көктемде ауыр сырқат төсекке алып ұрған. Ажалдың ақ мылтығы тураламасын де...

«Көкбазарға» бас сұғып, төрт тал ақ гүл алды. Сөйтті де таксиге отырып Көктөбеге көтерілген. Тау жолымен бұралаң қағып кеп, зират басына жақындай бере жүргізушіні тоқтатты. Қарсы алдында орта бойлы, толықша, бүйрек беттеу, қызылы басым аялы көзді Әлімжан ағасы тұрды. Жо-жоқ, дәл сондай мүсін тас мүсін тұрды.

— Амансың ба, қалқам, — дейтіндей. — Білем симағаннан емес, сидырмағаннан кетіп барасың. Бұл пәниде ұсақтар сиғыш. Орын тапқыш. Іріліктің бір қасіреті осы. Еш жерге басы батпайды.

— Оқасы жоқ, аға, — деп ескерткіш алдына тізерлей кетті. — Сіз маған жақсылық қана жасадыңыз. Сіздің арқаңызда Махамбет тірілді. Бір адам орын босатуы керек қой.

— Ұлы жаңалыққа ұлы құрбандық шалу қашаннан бері қазақтың қанына сіңіп еді?

— Мен білсем, ұзақ ғасырлардан бері...

— Сен мені кешір, Ноэль, — деген ағасы сонан соң. — Сақ қорғанын қазып, тоналған жерден тостақан тауып әлемді аузыңа қаратқанда-ақ сенің кереметтей болашағыңа сенгенмін... Ал, Махамбет саған әрі бақ, әрі сор боп жармасты. Тірлігінде жолы ауыр еді, жарықтықтың. Өлген бураның басынан тірі атаңдар шошыды. Сені де қоса қинады. Жаман ағанды тағы бір кешір, Ноэльжан.

Бүркіп тұрған жаңбыр үсті-басын түгелдей малшынтты. Тізеден өткен су ішкі жылуын алып, қалшыл қақтырды. Сосын зират басына төрт тал ақ гүлді аялап қойды да еңсесін тіктеді. Күн де ала шұбар бұлтқа бір батып, бір шығып еңкейіп қалыпты.

— Хош бол, Әлімжан аға, — деген тас мүсінге тағы бір қарап. Сосын мұны күтіп тұрған таксиге отырды. — Әлдекімдермен арпалыста жеңіске жете алмасам, кешіперсіз!

Қас қарая есігінің алдына кеп таксиден түскенде мұның подъезінен Дәурен мен Айым жүгіре шыққан.

— Ой, аға, сізді қанша күттік. Тіпті үн-түнсіз кетіп қалды ма деп састық, десін орта бойлы, орнықты Айым қыз.

— Зыр қағып автовокзалға барып келдім. Мәскеу рейсі түнгі екіде деді, — деп Дәурен алқынады.

— Пойызға отырып кетсе қайтеміз, деп жанымыз шырылдады ғой, — деп әдемі қыз ағасын қолтықтай подъезге көтерілді. Қолына дәу сөмке ұстаған Дәурен өкшелей басады.

Жалғыз бөлме, жалқы төсек, жарда ілулі тұрған жары мен қызы Виканың фотосы, екі-үш костюм, көйлек-көншек басқа не болсын? Үшеулеп тартпа бауы бар шабаданға нығыздап салды. Күлім қаққан Айым кухняға кіріп кеткен, Дәурен өзер көтеріп келген дәу сөмкені ақтарып салыпты. Стол үсті жайнай жөнелді. Тұздалған балық, тәтті шұжық, алуан түрлі салаттар, теңіз жәндігі, тіпті бәрінің

ортасында мойнын созып француз виносы тұр.

— Ой, Айым, — деді Ноэль кухняға бас сұққан бетте. — Бұларың не, жолаяқты өзім жасар ем ғой.

— Жоқ, аға, рұқсат етіңіз. Айым екеуміз сізді шығарып саламыз деп уәделескенбіз.

Үшеуі дастарханға жайғасты.

— Қашанда жолыңыз болсын, аға, — деп Айым рюмкаға қол созды. Алдымен сөзді ағасы алса тым қызбаланып кетер деп тапқан айласы.

— Болсын!

Ноэль екі жастың бейкүнә қулығын сезіп, жарқ етіп күліп жіберді.

— Ұшаққа отырғанша сіздер — басшы, мен — қосшы.

— Олай деменіз, — деді Айым назданып. — Сіз әлемнің қай түкпірінде жүрсеңіз де бізге қимас ағасыз. Осы қалпыңызда қаласыз.

— Сіз арқылы Айым екеуміз мынау үйреншікті өмірге басқаша қарай бастадық. Бақсақ, кейбір ағалардан қалған таптауырын ескі жолмен кетіп бара жатыр екенбіз. Тірлік қамы, үй жайы, жалған, жәдігөй сыйластық... Оны түгендей аласыз ба? Таусылмас. Сіз біздің санамызды сондай қоқыстан азат еттіңіз.

— Дәурен шын айтып отыр, — деді сөзді іліп әкеткен Айым жүзі бал-бұл жанып. — Біз сіз арқылы еркін ойлауды үйрендік. Көп жалғандықтың жалғыз шындықтан үркетінін көрдік. Сіз біздің санамызды тәрбиеледіңіз. Сана азат болмаса тәуелсіздіктің құны көк тиын екенін бізге де, өзгеге де ұғындырып барасыз.

— Сол үшін де өзіңізді қолдан келер бар құрбандыққа шалдыңыз.

Ноэль толқып темекі тұтатты. Қолы қалт-қалт етеді. Көзінен аққан жас екі бетін күйдіріп барады. Жан толқынын жасыра алар емес.

— Рас па? — деп жалғыз ауыз сөз айтуға шамасы келді.

— Ақиқаты осы, — деді Дәуренді де өксік қысып.

— Ендігі жерде бұлай өмір сүруге болмайды, дегенді бар болмысыңызбен, іс-әрекетіңізбен айтып барасыз. Енді бұ қазаққа одан артық не керек?

Сөзді телефон шырылы бөлді.

— Ә, Венера, жаным, қалайсың? — деді Ноэль артынша даусын бекітіп. — Вика ше? Мен Қазақстанмен есеп ажырастым. Таң алдында ұшып барам... Шереметьевода... Әуре болма. Таксимен жетермін.

— Жеңгелерің ғой, — деді Ноэль жай күлімсіреп. — Жақсы адам. Мені күтудей-ақ күтті. Ағалары шетелде тұрады. Баяғы күміс тостақан табылған кезде оларды да тексеріп зықысын шығарған. Тақпаған кінәсі жоқ. Бәріне шыдап бақты. Мен үшін. — Ноэль орнынан көтеріліп рюмканы енді ұстай бергенде әлгі заржақ телефон тағы да шырылдап кетті. Керенаулау барып көтерген, ұстазы Герасимов екен.

— Жаңа ғана Венерадан есіттім, — дейді Михаил Михайлович саңқылдап. — Қазақстанның саған өкпесі жоқ. Риза шығар. Екі бірдей үлкен іс тындырдың. Құрметпен шығарып салғалы жатыр ма? Өңіріңе бірдеңе тақты ма өзі?

— Қайдан білейін, риза шығар. Қазақтар жақсы көргенін ішінде ұстайтын, ашып айтпайтын халық қой. Рас құрметтеп, шығарғалы отыр. Ал, марапатқа келсек, ұяттымын. Екі қағаз ұсынған, туалеттеріңе қойындар деп қайта өздеріне жақсылық жасап кеттім... Көйлегім емес, көңілім тозды.

Орысшалау өскен Ноэль кеудесінде лықсып келіп қалған наланы ұстаз алдында іркіп жатпады.

— Жарайды, болды енді, — дейді көпті көрген көне. — Сені қашан оралады деп тағатсызданып отырмыз. Бір айдай үйіңде демал. Сосын Аризона штатына аттанамыз. Мексика арқылы барамыз. Ескілікті қорғанды қазуға жергілікті халық рұхсат алыпты. Әуежайдан өзім қарсы аламын.

— Тағы да аттаныс. Жолсапар... Америка, Мексика... Қорған қазу... деп өз-өзді күбірлеп, стол ба-сына оралды.

— Ноэль аға, мені де Мексикаға ала кетіңізші. Шәкіртіңіз болайын. Енді кандидаттығымды қорғамаймын, — деді пәсейіп қалған Айым.

— Тас, топырақ қазайын. Мені де қалдырмаңызшы, — дейді Дәурен қара көздерін мұң кештеп.

Ноэль үнсіз бас шайқады. — Айым сені экспедицияға алып кетер ем. Дәурен жалғыз қалады ғой. Жасырмаңдар, араларыңда бір нәзік сезім барын сезем. Соны үзіп алмау ләзім. Ал, Дәурен мен саған Махамбет бабамыздың басын аманаттап бара жатырмын. Тірінің қадіріне жетпеген қазақтар өлгенді қайтеді? Оны қайда тастап кетпекшісің? Ерте ме, кеш пе осы ел ес жиып, ардақтыларын түгендер. Сол кезде басты сенімді қолға табыс ет. Содан кейін ғылымның осы жолына түсем десеңдер, мен әзірмін. Тек ғұмыр жетсе. Ұстаздарың болайын. Қорғаныштарыңа айналайын.

Дәурен мен Айым үнсіз құптап ризашылықпен бас изеді.

— Қатаң ескертерім, — деді ұшар уақыт таянғанда Ноэль екеуіне сыбырлай тіл қатып. — Түн жамылып Махамбеттің бас сүйегі өздеріңмен байланысқа түседі. Анда-санда досы да, дұшпаны да ере келеді. Айтқан оқиғаларын, тірлігіндегі өкпе-назын байқатпай қағазға түсіре беріңдер. Сұрақ қойып, жауап алуға да болады. Шын тарихты сонда естисіңдер. Ал қазіргі Исатай-Махамбет көтерілісін жа-

зып жүрген білгіштерге сенбеңдер. Дені жалған. Көбін ойша құрастырған. Тек сақ болғайсыңдар. Киелі кісілер... Бірақ зияны жоқ.

Араға аз уақыт салып алып лайнер алқаракөк аспанға сіңіп бара жатты.

Алқаракөк аспанның кең көмейіне жұтылған лайнермен қоса бар сүйеніштерінен айырылып қалғандай Дәурен мен Айым құлазып сала берді. Жанға — тіреу, көңілге — демеу болар аға да алысқа ұзады.

— Тек жолы болғай, — деді әуежайдан шыға бере Айымның жанары жасаурап. — Қазақстан қаншама ақыл-ойдан, оқымыстыларынан осылайша біртіндеп айырылып жатыр. Өкінішті!

— Ұғымы бөлек. Түсінігі басқа. Баладай — сенгіш. Данадай — ойлы. Өңшең тебеген айғырлар қуалап сыйғызды ма?

Жаны күйіп тұрған Дәурен ақ матаға оралған басты қолтығына қысып тұрып зар төгіп жіберді. — Айым, — деген сонан соң — Осы бас екеумізге бірдей аманат қой. Енді не істейміз? Қайда сақтаймыз?

— Жүр, сенің жататын жеріңе барайық. Сосын ойластырамыз.

Мұны Дәуреннің өзі де біліп тұр-ау. Бірақ біреудің от жағатын аядай жертөлесін қалай көрсетер? Белуардан жерге көміліп тұр. Терезесінен де жарық түсіп жарымайды. Үстіңгі қабатта тұратын кемпір пен шал мейірімсіз. Отты сол жертөледен Дәуренге жақтырады. Әрі пәтерақыны ай сайын шытырла-тып санап алады.

— Жертөлеге бөгде адам кіріп шықпасын, — деп екі жақтап зікір салады. Бірер мәрте ренжісіп те қалған. — Ақысын төлеп, оттарыңды жағып, жайнатып отырмын. Неге тірі пенде есік ашпауға тиіс? Үй екеш молаға да кісі барады ғой, — деп бұл да шыдамай дауыс көтерген. Сонан бері дөң айбаттары бәсеңсіді.

Сондай жерге мынау менің құжырам деп Айымды қалай ертіп барар? Екеуі бір-біріне үйірсектегенімен шындап сыр ашқан емес. Жәй достық рай. Айым болса салтанаты келіскен үйде тұрып, пепілдетіп «Лексус» мініп қалған бастықтың қызы. Қотыраш баспалдақпен жертөлеге түскенде от жағатын пешті, жалғыз сықырлауық темір төсекті, тас еденді көріп шошып кетсе қайтеді? Тәрбиелі қыз ғой, сырттай сыр алдырмағанмен, көңілі суып қалса ше?

Дәуреннің үнсіздігі ұзап бара жатқан соң Айым:

— Отыр, машинаға, — деді. — Қысылма. Айт, адресіңді!

Жертөленің құжыра бөлмесі Айымға кереметтей ұнасын.

— Міне, нағыз шығармашылықпен айналысатын жер. Артық-ауыс ештеңе де жоқ. Көңіліңе алаң кірмейді. Отыра қал да жаз. Зертте. Зеріксең баққа шық. Рахат! — деп темір керулетті біраз селкілдетті.

— Шай қояйын, — деп сасқанынан Дәурен шәйнекке жармасқан.

— Әуре болма. Былай істейік. Сен ағаш тауып бір метр жетпіс сантиметр адам сұлбасын жаса. Мен ертең үйдегі көп шапанның бірін алып келемін.

— Сосын?

— Ағашқа ақынның басын отырғызамыз. Шапан кигізіп белін буамыз. Сонда мына бұрышта ескерткіш сияқты тұра қалады.

Айымның ойлап таппайтыны жоқ, Дәурен осы қиялға байып, тіпті көңілденіп кетті. — Келістік, жаным!

— Жанымың ерте, — деді жүзінде нұр ойнаған қыз. — Шығарып сал мені.

Кішкене бақ ішінде отырған Аркадий Васильевич жанындағы кемпіріне ымдап:

— Байдың қызына көз салып жүр. Көрдің бе дәмесін. Машинасын қарашы, — деп сыбырлап еді, бойы мен ені бірдей бәйбіше сөзін шығын етпей, ернін бір қайқайтып басылды.

Ертерек тұрып малын өріске қосып қайтқан Құрақ қария ертеңгі шайға мазасызданып келіп отырды. Кемпірі қалампыр қосқан шайын қайта-қайта демдеп, аққұманды томпаң қақтырып жайнап тұрған шоққа бір мінгізіп, бір түсірді. Қарт қабағы бәрібір ашылар болмады. Тіпті үһілеп, қолтығына қысқан құс көпшікті іргеге қарай атып жіберді.

«Кәрі жыны тағы қозған екен. Жазған жерім жоқ еді. Бірер аптадан бері әлгі қара айғыр көрші ауылдың биелерін қуалап кетіп таптырмай, қызыл өкше ғып біткен. Сол сойқанның бір жайсыз хаба-рын естіп келіп отыр-ау, шамасы», — деп тоқпақтай қара кемпір өзінше байлам жасаған.

— Сол талау келгірді былтыр піштіріп таста дедім. Тыңдадың ба? Елдің биесі қысыр қалатындай. Өткенде Өтеудің қатыны зар жылап отыр, кәпірдің мінезі келіссіз екен, биелерді әрлі-берлі қуып, үй үстін ала шаң етіп бітті, — деп.

Қолындағы кесесін дастархан үстіне шиырып жіберген Құрақ тоқпақтай кемпірін оқты көздің қырына алып бақты.

— Ендеше күйті келген малын қорасына қамап ұстасын. О несі-ай! Бұ қазаққа жақсылық жасасаң

да жақпайсың. Мені де қоса піштіре салыңдар. Сонда мұраттарыңа жетерсіңдер... О несі-ай.

— Қағынбасаңшы, — деді тоқпақтай қара кемпір жон арқасы жыбыр қағып. — Айғырға ашуланып келді ме дегенім. Сыртқа шығуың мұң екен, теріңе сыймай қайттың.

Шай дастарханы жиналсымен Құрақ қарт төртінші сыныпта оқитын немересін шақырып алды.

— Шатыраш дәптеріңнің ортасынан екі бет жұлып бер, — деді әй-шайға қарамай.

— Математика апай ұрсады. Бетін түгендейді, — деп секпіл беттеу сары бала шошыды. — Көке...

— Апайыңды ма, сенің... Е, жиен қыз екен ғой. Жұл да әкел... Енді қаламсабыңды бер.

— Артығы бар, ала қойыңыз, — деп секпіл беттеу сары бала ашу қысқан атасынан әупіріммен құтылғанына қуанды.

Құрақ қарт оңаша қалған соң қаламсапты қысып ұстап ойға қалсын. Астана түгілі кезінде әскердегі ұлына да бір ауыз үшбу жазбап еді. Енді жазар хатын неден бастарын білмей, дағдарып отыр. Жанына Исаны шақырса қайтеді? Ой қосар, сөйлем жалғар. Әй, бірақ жергілікті әкімге оппозиция болып қырқысып жүрген даукес немеден қайбір жөні түзу сөз шығар дерсің. Ақыры ойлана-ойлана:

«Аса қадірлі Халықаралық «Бәйтерек» қорының төрағасы Нұри інім», — деп бастады хатын шатыраш жолдан шығып кетпей. — Еліміздің мәдениеті мен тарихына хәм ілім-біліміне өзіңіз басқаратын қор бас ие боп отыр. Арманда кеткен арыстардың аты жаңғырды. Жазған еңбектері елмен табысты. Жақсының қадірін кеш білетін қасқа халықпыз ғой. Жә, ауылдағы жаман шалдың хатын ежіктеп отыруға уақытың қайдан табылсын. Тоқ етеріне көшейін. Осыдан он жыл бұрын Ноэль деген ғалым бала бабамыз Махамбеттің көрін қазып, басын дорбасына салып, Алматыға алып кеткен. Мүсінін жасаймын, қайтадан тірі қалпына келтірем деп. О бала Мәскеуге көшіп кетіпті. Маған қайта-қайта хат жазған екен, оны әлгі көктемегір ауыл әкімі Қарауыл бермей, құйрығының астына басып отырыпты. Енді сол бабамыздың басы қараусыз қалып, жоғалып кетіпті деп есіттім. Бір миллион адам сиған Алматыға Махамбеттің қу басы сыймады ма? Жоғалған басты таптырып беруіңізді сұраймын. Сіздің пәрменіңіз болмаса, бізден қайран кетті. Басты ұлы денесіне қосып жерлемейінше, менде маза жоқ. Аруаққа жат, азаматтыққа сын ғой, айналайын! Ал айыпқа бұйырмаңыз. Өтініш иесі — Құрақ қарт».

Шатыраш дәптердің толық бір бетін алған жазуына көз сүзіп, көңілі толып біраз отырды. Мұны ауыл поштасынан жөнелтуге болмайды. Әлгі көктемегір ауыл әкімі тағы да астына басып қалар. Астанаға мені қайбір мақтап жазып жатыр деп ойлайды.

Сосын сәске кезінде хатты төрт бүктеп, бешпетінің ішкі қалтасына мұқияттап салып, аудан орталығына аттанған.

Төраға таңертеңмен кең де салтанатты кабинетіне келген. Жарда тұрған айнаның жанынан өтіп бара жатып өзін сыңар көзбен шолды. Шала ұйқылы еді. Қараторы жүзі солғын тартыпты. Әдеттегідей терезе алдына кеп пердені ысырды. Аспан қабағында кіреуке жоқ. Тек бір жапырақ ақша бұлт аулақта желдің екпінімен сырғанақ теуіп барады. Көшеге көз тастады. Жұмысқа асыққан жұрт. Ерсілі-қарсылы қайшыласқан алуан көлік. Көз тұнады.

Есіктен сығалаған көмекшісі — Нұри Утенович, — деген баяу үнмен. — Өткен ғасырда батыр болған атамды таптым, деп Оңтүстіктен хат жазатын ақсақал бар ғой. Сізді асқа шақыратын.

— Ал.

— Сол тағы хат жазыпты.

— Не деп?

— Екі әйел алу мәселесі қашан шешіледі деп. Кемпірі рұхсатын беріп отыр екен.

Мырс етіп күліп жіберген.

Иә, аты белгісіз батыр мен би көп табылып жатыр. Бұл үрдіс тіпті асқынып барады. Бәрі «біз кімнен кембіз», — деген қазақы дарақылық. Бір рудан жілік майы үзілмеген біреу белсеніп шығады. Ағайынның басын қосады. Табанын қыздырады. Ал, кеп қолтықтан жел гулеп шап. Дерев бәтуа басын байласып беймәлім бір ескі зиратқа ен тағады. Куә боп сол топта жүрген жезқалам жазғыш оны бәлен ғасырда өмір сүрген түгенше деген атақты батыр бабамыз деп сүйіншілейді. Қолма-қол жылу жиналып, әлгі белгісіз зираттың үстіне айшықты мазар көтеріледі. Ендігі қалғаны — ол жайлы құдайы күлшедей кітап шығару, ат шаптырып, ас беру, көше, мектеп атын сұрау!.. Жалғандық жайлаған жерде ақиқатқа тазкепешті кигізбей қоймайды. Жалғандық деген аса ұйымшыл, ырымшыл, көктерлі. Ақыры ақиқаттың өзін айтқанына көндіріп, айдауына жүргізер. Осыдан барып жақсың — жаманға, жаман — жақсыға айналып, күпі мен түлкі ішкі ауыстырып кигізе қояды. Ал, мықты екенсің, түстеп таны. Ал, мықты екенсің көрейік, қайсысын таққа, қайсысын атқа жұмсарыңды? Бұл кім, қай заманда өмір сүрген, қазаққа пияз қабығындай пайдасы тиіп пе, жоқ па, онда шаруамыз аз. Бұл біздің әлі күнге ұлт болып ұйыспай, тайпа, рулық деңгейде жүргеніміздің айғағы. Қолдан жасанды батыр, би жасау — бұл, алдымен, тарихқа қиянат. Арға жүк. Араға бірер ғасыр салған соң кейінгі ұрпақ көркем шығармалардан, мектеп оқулықтарынан Қобыландыны әлгі «жасанды» батырдың атқосшысы немесе «жасанды» биді ұлы Төле бидің ұстазы ғып оқымасына кім кепіл?!

— Ата жігімізді ажыратып алайық. Сұраусыз кетерміз. Жалмауыздай жалаңдап жаһандану келіп

қалды, — дейді қайраткер деп жүрген бір азамат танауы иненің жасуындай боп шуылдап.

— Ал, ендеше, жатайық, бір-бір атадан құшақтап, — деген бұл келелі бас қосуда. — Бар мақсатымыз сол болса!

Өзегіңді өртейтіні — ұлтқа ұстын болар ағалар үнсіз. Оқиды, көреді, біледі, сосын шайға бата қайырғандай боп шыға жөнеледі. Қызылдан қалған қылық па, демократия дарытқан дәріп пе, түсініксіз. Мәңгүрт деуге тілің келмейді. Шетелдің көз алдаған жылтыр жібегі, жылтырақ шынысымен сауда жасап боп, енді бабалар ғұмыр кешкен дәуір шындығын таразы басына салуға шықтық. Жетіскен екенбіз!

Көмекшісіне мойын бұрған. — Біздің қорға қатысы жоқ шаруа. Рұқсат Алладан де.

Бәрі де Айымның айтқанындай болды. Көлденең қағылған ағаш-иыққа мойын жасап, оған бас сүйекті абайлап орнатып, үстіне шапан жабуы мұң екен, кәдімгі жертөлениң бір мүшесіндей болды да қалды. Көңіліндегі істі тындырған соң екеуі ыстық шай ішкен. Әңгімемен отырғанда түн ортасы ауыпты. Айымның қалта телефоны шыр ете түскен. Қоңырау шалған шешесі Қашқария екен. Бірден дүрсе қоя берді.

— Қаншық, біз сені ғалым болады деп тасынып жүрміз. Түнімен қыдырасың. Қайт, қазір. Шашыңды талдап жұлып қолыңа берейін! — деген дауыс саңқылдап кетті.

Айымның аялы жанары жасқа толып, орнынан көтеріле берген. Жертөле ішін бозғылт мұнар кептеді. Есік ашылып, әлдекім кіргендей болды. Сасқандарынан дір-дір етіп отыра қалысқан. Келген Жәңгір хан еді. Жәңгір хан зерлі шапанды, айыр қалпақты, қара сұр, қыран қабақты, селдір сақалды екен. Махамбетке таяп барды.

— Ғылымда дәлелденген жайт, қазір екеуі де елес-бейнеге айналады. Тірісіндегі айтыс-тартысты, өкпе-назды тағы қайталар, — деп Айым қалшылдап қорқып, Дәуреннің құшағына кіре түсті.

Жәңгір: — Әй, Махамбет, тоқта, ат басын бұра кет, — деді ақынға қарсы тұра қалып. Қу бастың көзі аңғалағынан от жалтылдап, жақтары бір-біріне сақ-сақ етіп қайралды. — Ит көйлегін бұрын тоздырғанымыз бар еді. Қазақы аман-саулықты қаза қылдық па?

Махамбет: — Қожа мен татарға, аузы түкті кәпірге қол беріп, алақан жайып, қазақылық алдымен, сізден әдірем қалған жоқ па?

Айым жалма-жан қол сөмкесінен қағаз, қаламын алып, көз алдында көлбеңдеген бозғылт мұнарға қарамай хан мен батырдың айтысын жалма-жан қағазға түсіре бастады.

Жәңгір: — «Құран кәрімде» жердегі билеуші аспандағы Алланың көлеңкесі деген. Бір сәлем беруге де, алуға да татитын құнымыз бар шығар.

Махамбет: — Әлбетте.

Жәңгір: — Исатай осы тұрған екеуімізге де аға еді, иманы жолдас болғай!

Махамбет. — Батырдың құны мен батаның пұлына жетсеңіз жарты ауыз сөзбен жарытымсыз көңіл айтпас едіңіз.

Жәңгір: — Еңкейме есігі, шалқайма төрі таптырмас ұшып-қонып жүрген ебелектің соңынан қуалап жүріп бата оқығанды қайдан көрдің, Махамбет?

Махамбет: — Жерден безсек те елден безген жоқ едік. Ендеше орыс солдатты сақалын тұтамдап тұрып кесіп алған Қойшыбайға да көңіл айт. Тірілей өлдім, деп қара жамылып ол жатыр. Дұшпан жеңген жауының екі көзін жылау үшін аман қалдыратын әдеті емес пе?

Жәңгір: — Әй, Махамбет, шалқақ басып, асқақ жүріп болдың. Мәміле басын түйейік. Екі даушы бір келсе, амалыңның кеткені, екі ауру бір келсе, ажалыңның жеткені. Барар жер, басар тауды қуықтай екі өзеннің арасымен өлшеме. Бұл өңірге екеуіміз тебіссек сыярмыз. Өзге тепсе, өрісіңнен шығарар.

Махамбет: — Сауырыма тиетіні жаттың тұяғы ма, жақынның тұяғы ма бәрібір. Аяйтын тұщы етім қалған жоқ.

Жәңгір: — Қайт райыңнан, Махамбет! Қара орманға қарсы көтерілген оңбас, қисық мүйіз өгіздей қыңыр мінезің басыңа бақ боп қонбас.

Махамбет: — Алмас кездік шабуға бар, қайтуға жоқ.

Жәңгір: — Бү қазаққа өзің хан болсаң не шапағат көрсетер ең? Байламы жоқ сөзін бағасың ба, бөтуасы жоқ ісін бағасың ба? Сені құртсам, халықтың азасына қалам, мені құртсаң патшаның назасына қаласың. Қайт, Махамбет, райыңнан қайт!

Махамбет: — Аллаға берген анттым, адамға берген сертім бар. Ендігі жерде хан айтты деп ақ жолдан тайып күнәһар атана алмаспын.

Жәңгір: — Жолдың бәрі соқпақ боларын, мойның — қазық, кәллаңа тоқпақ қонарын сезсең нетті, Махамбет. Бір жағым — өрт, бір жағым — құлама жар. Барыңда баптадым. Енді таптаймын. Есінде болсын!

Махамбет: — Тұрысатын жеріңді айт! Кінә — өзіңнен. Нар жайылар көңілдің жайлауына өңшең тоқал ешкіні ойнақтата алмаспын.

Бозғылт мұнар сейіліп жүре берді. Жәңгір де көзден ғайып болған. Қу бас та шапан жамылған

қалпы тыншыған.

- Ноэль аға ескертіп еді.
- Айтқаны келді. Тірліктегі текетіресін елес қалпында қайтадан қайталады.
- Түгел жазып алдың ба? Нағыз шынайы тарихты өз ауыздарынан естисіңдер деп еді ғой.
- Үлгергенімше, — деді Айым Дәуреннің құшағынан босап. — Әлі талай оқиғаға куә болармыз. Жүр. Мені шығарып сал...

Герасимов бастаған экспедиция мүшелері Мехико әуежайында таң шапағатымен таласа жеткен. Сапарлас жолаушылар қол жүктерін көтерісіп, тарап бітуге айналды. Күтіп алушылардың қарасы көрінер емес. Алуан тілде ағып тұрған қара қыз әуежай қызметкері екен.

— Харлин Джеронимо... индеец, — деп бұлар сұраулы өңмен алақан жайысқан. — Қайда?

Құлын мүшесі көз арбаған пері қыз алдымен сықылық атып кеп күлсін. Еркелей басып Михаил Михайловичтің жанына жетті де: — Россия? О, сіздердің олигархтарыңыз сондай мырза. Нағыз дженгельмен! — деп сайрай жөнелді. — Сіз де соның бірі шығарсыз? Біліп тұрмын. Қыдырып келдіңіздер ме? Көмегім әзір...

Күлімсіреп бас шайқай берген Герасимов артынша бар даусымен:

— Харлин! — деп айқайлап жіберді.

— Орыстарды түсіну оңай емес, — деп қыз да жылыстай жөнелген.

Қарсы алдында аппақ тістерін ақсита күліп орақ мұрын, сылыңғыр қара торы жігіт келе жатты. Үстінде апачилердің ұлттық киімі. Басындағы сауыстың қауырсындары алуан түске еніп құлпырады. Ошарылған топқа жете бере алақанымен аузын қалқалап қиқу қақты. Бояуы басым дауыс үсті-үстіне құбылып, ат шаптырым әуежай ішін жаңғырықтырып жіберді.

— Бұл апачи тайпасының жау келіп қалды немесе қадірлі қонақты қарсы аламыз деген белгісі, — деп экспедиция басшысы бой тартып қалған жігіттерге басу айтты.

— Харлин Джеронимо, — деп басынан ұлттық киімін сыпырып алған жігіт келе құшақ ашты. — Апачидің шөбересімін. Хош келдіңіздер.

— Герасимов. Мамандығым көп. Негізгісі — антрополог, — деп қол алысқан алпысты алқымдап қалған салиқалы ғалым. — Ал, мына тұрған Ноэль бастаған жігіттер менің шәкірттерім.

— Сіздің еңбегіңізді әлем құрметтейді Михаил мырза, — деген Харлин басын иіп. — Әйтпесе үкіметтің келісімін алып, бабаларымыздан қалған ең көне қорғанды қазуға қолқа саламыз ба? Хош келдіңіздер! Қазір Аризонадағы резервацияға аттанамыз. Онда сіздерді тайпа көсемі күтіп отыр.

— Америка арқылы келмедік. Өйткені олар жаулап алғанға дейін бұл өңірді мексикалықтар қоныстанды. Сол заманның кейбір көріністерін сезінгіміз келді, — деген Герасимов.

— Кешіріңіз, профессор мырза, бұл жер ешкімдікі емес, біздікі. Үндістердікі! Олар біздің бабаларымыздың сүйегінің үстінде сайран салып жатыр.

Бұлар мінген жүрдек көлік қаладан шығысымен ағыза жөнелген. Келе-келе тауды белдеулеп жатқан сыңар белдіктей жіңішке жолға түсті. Жүргізуші жігіт рульді оңды-солды ойнақшытады. Төбең — қыран ұшар биік те, астың құлама жар, шыңырау. Ноэль сапарлас жігіттерге көз салған. Үрей меңдепті. Әншейінде әзілден аузы босамайтын Петров күбірлеп тынды.

— Хан Тәңірі асуы бұдан да қорқынышты. Тіпті бұлтты жарып өтесің, Бұл деген... Оған қарағанда жазық даладай, — деп Ноэль көңілдерін аулаған.

— О, ол қасиетті тау. Бір сапарда көлігімізге қыран кеп соғылды. Машинаның шынысын талқандап салды, — деп Герасимов те қыздырмалатты.

— Тау бүркіті ғой. Олар бізден өз биігін қызғанады. Ұябасарын қорғайды.

— Несін қызғанады? Жетпей ме иен тау? Құспысың деген. — Петров қыранға әжептәуір өкпелеп қалды.

— Әй, Петров әзірге бойдақсың. — деп бір құрдасы қағытқан. — Тағы да үйлен. Бір сұлуды құшағыңа ал. Көрерміз сонда қаралай қызғанып қырғын саларсың. Білем ғой сені.

Ду күлкі үрей мен томаға-тұйықтықты серпіп жіберді. Артынша резервацияның да төбесі көрінген. Ағаштан салынған жатаған үйлер мен шөкім-шөкім шалаштар. Иесіз қалғандай жым-жырт. Алып бал-бал тастар қатар түзепті. Бәрі де қиырға көз сүзеді. Алыстап кеткен армандарын қарауылдағандай. Бірлі-жарымы қайратын сарқып шынтақтай құлапты.

Мына үнсіз қарсы алыс жер шарының талай өңіріне табаны тиген Герасимовты шошытты. Жалтақтап жанындағы Харлинге қарағыштаған. Ол сыңар езу тартып жымыып, әуежайдағы қиқуына қайтадан бассын.

Сол сол-ақ екен, төбесі үшкір еңселі бір шалаштан бет-аузына ақ пен қара бояуды баттастыра жаққан, ұятты жеріне шаршы орамал байлаған, басы сауыстың қауырсынынан көрінбейтін тайпа көсемі табалдырық аттады. Келе қызыл иегін көрсетіп күліп, Герасимовтың қолын алды.

— Апачи тайпасы алтыға бөлініп кеткен. Соның бірінің көсемі осы қария. Сіздердің достық сапарларыңызға алғыс айтады. Құрметті қонағы болуға шақырады, — деді Харлин сөзін қолма-қол аударып.

Жатаған үйлер мен шалаштардың жанына жартылай жалаңаш, қолдарына садақ, найза ұстаған апачилік жігіттер сап түзесті. Мойын мен білектеріне алуан моншақ ілген келіншектер жалтыл қағады. Асыр сап жүгірген балалар лезде айналаны думанға бөлеп жіберді.

Қызылшақа күн де батқан. Қараңғы етегін жая алау тұтатты. Қураған ағаш күтірлей жанып аспанға шапшиды. Қонақтарын жанына алып жайғасқан тайпа көсемі қысқа-қысқа бұйрық беріп қояды. Жас апачилер жүгіре жөнеліскен. Қалыңдық ішіне бас сұқты да екі торайды шыңғыртып әкелісті. Бағымдағы шығар. Тұтас үйтіп жатыр. Отқа май тамшылары саулай құйылып, хош иіс төңірекке жайылған. Қаралай желікті көтерген. От айнала апачилер қару-жарағын сермелеп соғыс биін биледі. Қыз-келіншектер де қалысар емес. От айналған сан алуан көбелектен көз бұлдырайды. Жаныңды еркіндік самалы кеулейді. Өкініш пе, аңсар ма түсініксіз бір сезім бас көтереді.

— Тас қалада тағалы аттай боп несіне қамалам, — деп Петров өзгелер естіп қалмасын дегендей Ноэльдің құлағына сыбырайды. — Қалам осында!

Аяқ-қолы серейген осы бір ақ көңіл жігітке бұрыннан іш тартатын.

— Ендеше ойланба, лыпаңды шеш те бас биге! Күтетін несі бар?

Екеуі күлісіп алған. Вискиге қызыңқырап қалған тайпа көсемі: — Бұл қасиетті арал. Анау балбал тастар біздің ежелгі ата-бабамыз, — деп сыр ашты. — Бұл бізде сосын Перу үндістерінде ғана қалды. Өзгесін испандықтар мен ақ нәсіл құртып тынған. Қасымызда қазыналы қорған бар. Мұның бәрін бізге мына Харлиннің атасы Джеронимо аманатқа қалдырған. Біз соның ұрпақтарымыз.

— Атақты Апачиді әлем таниды.

— Кинодан көрдік.

— Кітаптан оқыдық.

— Оның бәрі ақ нәсілдің ойлап тапқан шылдырмағы, — деп тайпа көсемі қабақ шытты. — Шын Джеронимо басқа еді ғой. Ондай болу қайда?!

Аз-кем ойға шомып отырды да, қолындағы вискиін отқа шашып кеп жіберді. Бәсеңси бастаған алау тарам-тарам боп көкке көтерілген. Әр басы жеке-жеке билеп барып жығылады. Алыстан әлдекімдерді жанұшырып шақырып жатқан қол сияқты.

— Шұғыл хат-хабар, қол қоятын құжаттар бар ма? — деген төраға.

Көмекшісі жіңішке папқадан оқушы дәптеріне жазылған Құрақ қарттың хатын алып Нұри Утеновичтің алдына тоса берді.

Хатты мұқият, әр жерінің астын сызып оқыған төрағаның көңілі нілдей бұзылсын. Жауар күндей түнеріп, дереу өзіне Мәдениет және білім министрін шақырды. Шотмандай қара дызақ қағып тез жетті.

— Әй, сен осы қазақта Махамбет деген ұлы ақын өткенін білесің бе? — деді төраға қабағын шытып.

— Білем.

— Білсең оның басы қайда?

— Біреу қу басты алдыма алып келген. Мен оны тарих және этнология институтына жібердім. Жақсылап сақтаңдар деп...

— Министр мырза Махамбеттің бір шумақ өлеңін жатқа айтшы.

Шотмандай қара мұрнын оң жақ сырғалығына қарай қисайта тартып иығын қиқаңдатты.

— Ертеңнен қалмай Махамбеттің бас сүйегін табасың. Әйтпесе...

Сол күні Мәдениет және білім министрлігіне Баймахан, Ықас пен Қайып сыңар иықтап жалғыз-жалғыз кіріп, өңдері қашып шыққан. Кеш түсіп, көз байланғанша үшеуі бір-біріне телефон шалмай, тым-тырыс жатып алды.

Ықас үйіне үһілеп-аһылап әупірімнің күшімен әрең жеткен. Алдынан келіншегі Қашқария күлмең қағып шығып, бәйек болды да қалды. Шайын баптап отырып: — Сол ұшумен салып ұрып Парижге келдік, — деп көзін жайнақтатты. — Дүкендегі дүние-мүлік көздің жауын алады-ау, жауын алады. Қонақ үйін айтпа, тура жұмақ. Сауданы да өкіртіп жасадық. Дүрияны айтам-ау, бейшара шетелге жаңа шыққан ғой қасқа, мыртық саусақтарымен анаған бір жармасады, мынаған бір жармасады. Өзіне тіпті киім қонбайды екен.

— А, солай ма? — Күйеуі енді қызып келе жатқан әңгімені демеген болды.

— Солай. Құдай түр бермеген соң қайтсін, байғұс. Көйлек өлшесе де, жараспайды, пальто кесе де аузын буған қанар құсап қалады. Онымен қоймай сайдың сауысқаны құсап шықылықтап қызықпайтын заты жоқ.

Орта бойлы, толық, бұғағы жиған көрпедей текшеленіп тұрған әдемі келіншектің қызыл тілі тиген жерін шоқтай күйдіріп барады.

— Ту, мам, қойсаңшы енді, — деп Айым кесесін итере салды да, орнынан тұрып кетті.

— Ойбай, мына қаншыққа не көрінген? Әй, сен де бүгін жынынан айырылған бақсыдай боп... Мен әңгімені кімге айтып отырмын, — деп Қашқария анадай жерде жайымен тұрған кастрюльдің

қақпағын жазықсыз тарсылдатып жіберді

— Ұзақ жолдан мамам шаршап келеді-ау деп, ас пісіріп қоятын қыз қайда? Оны алдын ала қызына ескертетін маған бай біткен бе?

Ықас семіз денесін былқылдатып, мойны бұлғаңдап бір жайсыз хабардың шетін шығарды.

— Ауылдың жаман шалдарына дейін тыныш жатпайды. Құрақ деген қызылкөз пәле шықты. Махамбеттің басын жоғалтып жіберді деп Халықаралық «Бәйтерек» қорына хат жазыпты. Жетпіс жеті атамызды түгендеп балағаттапты.

Бұғағы жиған көрпедей текшеленіп тұрған әдемі келіншектің жүзі көкбілеуленіп шыға келді.

— Арыз айдапты. Тура Нүридің өзіне ме? Ауына тамызбай сиіп келгенін олжа көріп отырмай ма, қақбас! Міне, әлгі өздерің қолдан жасаған демократияның жемісі. Біліп едім піспейтінін, сол көктүйнек қалпында іштеріңді өткізетінін.

— Жә, сабыр. Мына министріміз мені жау шапқандай шақырып алып, ертеңге дейін басты тап. Әйтпесе, кет орныңнан! — деп кабинетінен айдап шықты.

— Мен бір жаққа шықсам болды, бір нәрсенің бүлінетін әдеті, — деп көкбілеуленіп алған келіншек енді қызының бөлмесіне қарай айқайлады.

— Қорғадың, иә, әлгі Махамбеттің несінен... Қорғамай кет! Махамбеттеріңмен қоса құрыңдар! Сен ғалым болып басыма көктас қоймайсың. Әкеңнің де жарытқаны шамалы. Бұл дүниені оқсатса мен өстіп тасынам ба?

— Мама, мен шетелге кетіп өзге ғылымның жолына түсемін.

— Өзге ғылымның? Қанымды қайнатпа! Одан да сауданың жолына түс. Ілес маған.

— Жұрттың бәрі саудагер боп кетсе, осы елдің көсегесін кім көгертеді, мама?

— Жауап қаттырмағанын қарашы! Киініп алып, есікті тарс жапқанын.

Артынша есік қоңырауы қағылған. Қайып Есимович екен. Күтусіз қонаққа сыр алдырмай төрге оздырып, Қашқария дастархан мәзіріне кірісті.

— Біздің Дүрия алыс шетелге алғаш шығып тұр ғой. Осы жеңгеміздің алымдылығына аузын ашып, көзін жұмып келді. Тіпті французша сайрап тұр, ағылшынша ағып тұр дейді.

Қайыптың мына мақтауы әдемі келіншектің буынына құрт боп түсіп, жүзіне күлкі ойнатып жіберді. Қашқария көңілденген соң Ықастың жалпақ мұрны бет қуалап жайылып бара жатты. Дастарханға енді жайғаса бергенде есік қоңырауы безілдеп қоя берсін. Бұл келген Баймахан еді. Қалың қасы ұйпат-ұйпа боп кетіпті.

Біреді шынаяқ шай мен екі-үш бокал вискиден өзгеге тәбеттері шаппады. Тост үстінде де үйреншікті тәтті сөздер айтылмады.

— Өлік шыққан, тфә, тфә, үйдей қылмай әңгімелесіп отырсаңдаршы, — деп Қашқария тосырайды.

— Өрт шығып тұр ғой, өрт, Қашеке-ау, — деп Баймахан мұрнын молдау ғып бір тартып қойды. — Министр кет те кет деп жатыр. Бұйырмысты зейнетақымызға да жөндеп шығармас.

Аяғын айқастырып отырған Қайып: — Бас сүйек деген не? Символдық ғана нәрсе. Жоғалды, табылады. Бүгін министрге мен де кіріп шыққам.

— Ғалымдар да бір қияли, — деп үй иесі семіз денесін былқылдатып шала бүлінді.

— Ғалымдардың қу басқа қандай қатысы бар? — деп Қайып теке сақалы шошайып бір қырындап отырды.

— Әрине, бар. Талай адамға нан жегізді, — деп Ықас Баймаханға бұрылды.

— Ықа, сол бас сіздің мекемеде сақтаулы тұр емес пе?

— Қойшы, рас па? — деп Қашқария күйеуіне қазтабандап жақындай түсті.

— Кезінде болған.

— Қазір қайда? — деді Баймахан жұлып алғандай.

— Бір қарауыл балаға сақтауға бергем. Оны осыдан үш ай бұрын жұмыстан қуып жібергем.

— Маған неге бермедің? Сандыққа салып қояр ем ғой, сандыққа! — деп Қашқария шоқ басқандай бажылдап күйеуіне тап-тап берді.

Есікті сарт жауып үйдегі даудан қашып шыққан Айым машинасына от алдырып, Дәуреннің жертөлесіне келген. Ояу екен. Қуанып кетті.

— Ой, Айым, жеті түнде қайдан жүрсің? — деп құшағын ашты. — Өткендегідей елестер келе қалса, жалғыз өзім не істеймін, деп отыр ем.

— Белгі бар ма?

— Жақ сүйектер бірер мәрте қозғалып кетті.

— Онда кешікпес. Кездесу басталар. Бү жолы жарықты өшіріп көрейік.

— Жарайды.

Екеуі темір кереуетке тізе бүкті. Айым алдына ақ қағаз жайып, ұшында кішкене жылтырақ шамы бар қаламсабын қолға алды. Көп күттірмеді. Бөлме ішін бозғылт мұнар кептеді. Есік сықырлап ашылып, әлдекім кіргендей болды. Келген тағы да Жәңгір хан еді. Сол зерлі шапанды, айыр қалпақты,

қара сұр, қыран қабақты, селдір сақалды қалпы. Махамбетке тағы да таяп барды.

Жәңгір: — Әй, Махамбет, тарт дедім ат басын. Жи есінді! Дүрліктірме елді! Босқа қырып салайын деп отырмысың?

Махамбет: — Еділ-Жайықтың ортасында ешкімге есе бермеспін.

Айым қалшылдап, сықырлауық темір кереуеттің бұрышына тығыла түсті.

Жәңгір: — Қалмақтың Үбіші ханы Жоңғарға кері көшкен соң бос қалған екі өзен аралығын ақ патшадан жалға сұрап алған кім? Әкең Өтеміс пе, әлде Бөкей хан ба? Бөкей болмаса, кетер ең тұқымыңмен қаңғып. Үстірттің қырына, Хиуаның ойына!

Махамбет: — Аянба, айтып қал.

Жәңгір: — Тартынар жерім жоқ. Осы қазақта тұңғыш мектеп ашып, төре, қара деп бөлмей балаларға білім берген кім? Жәңгір! Алғаш дәріхана аштырған кім? Жәңгір! Қатерлі дерт ел үшін меңдегенде Астраханға ат шаптырып, доғдыр алдырып тегін ектірген кім? Жәңгір! Казначейство құрып, банк, пошта жүйесін іске қосқан кім? Жәңгір! Санкт-Петербургтегі Императорлық ботаникалық бақтың бөлімшесін Ордада орнаттырған кім? Жәңгір! Жәрмеңке сайын қазақ саудада ұтылып қала береді деп базар, ләпкі аштырған кім? Жәңгір! Қыздар гимназиясын ұйыстырып, оқуға, ісмерлікке, тіпті бәйбішелікке тәрбиелеген кім? Фатима тоташ! Мына Жәңгірдің тоқалы. Әлі де айта түсейін бе?

Махамбет: — Жетер! Бәрі рас.

Жәңгір: — Ендеше өресі биік ойыма ере алмаған кінә сендерде. Қара қазақта!

Махамбет: — Бәрібір кескілеспей бір басылман!

Бозғылт мұнар сейіліп сала берді. Жарық жанған соң екеуі ес жиып, біраз отырды.

— Бұл жолы Жәңгір хан басым түсті, — деді Дәурен.

— Фактімен сөйледі ғой. Оған бола қайғырма. Бұлар әлі талай кездеседі. Ноэль аға айтқандай шындықтың беті ашылып жатыр. Хош, Дәурен, мен кеттім...

Айым ешкімді мазаламай, есікті өз кілтімен ашып, дәлізге енген. Тәрдегі төртеудің дауы тіпті өршіп кетіпті.

— Иә, сол баланың қолында кеткен, — дейді әкесінің даусы жуасып.

— Айтпақшы, аты-жөнімен тауып алуға болады ғой. Бұл күнде шөптің ішіне түсіп кеткен ине табылады, — деп Қашқария шаужайласады.

— Кадрдағы қатындарға іздетіп ем. Түк құжат жоқ. Әйтеуір, аты естерінде қалыпты. Дәурен деген. Бір қатқан қара бала, ауылдікі.

— Қап, құртқаны-ай!

— Байеке, есіңізде шығар, «Мына басты не істейміз? Ноэль бізге тастап барады» деп ақылдасқанымда маған түк қатысы жоқ, деп еріңізді бауырыңызға алып тулағаныңыз.

— Есімде жоқ! — деп Баймахан ыршып түсті. — Күйе жақпасаңдар отыра аласыңдар ма осы?

— Мен куәмін! Ықас өзіңе звондағанда қасында мен отырғам, — деді Қайып теке сақалын шошайтып. — Мен...

— Сен қашаннан бері қашты-қудыға куә боп жүрсің, а? — деп шыдамай кеткен Баймахан орнынан жұдырығын түйе тұрды.

— Білмеймін. Бастың керегі жоқ, лақтыр деген сен.

— Сонан соң, Қайеке, ендеше осы басты әлгі қарауыл балаға берейік деп бата қайырған тіпті өзіңіз еді ғой.

— Міне, міне, — деп ежірейген Баймахан түйілген жұдырығын алақан ғып жазды.

— Балаға басты бергеніңді көргем жоқ. Тіпті менің қатысым аз. Сырттай бетімді сипасам сипаған шығармын. Онда тұрған не бар?

Қашқария желге қарсы өршіген өрттей дауды басқысы кеп, бәйпеңдеп қонақтардың бокалына виски құйып, шөкіп-шөкіп мұз салып әуре.

— Министр басты алдымен саған жолдады. Ендеше ертеңгі күні басшыға алдымен өзің жауап бересің. Сосын біз...

— Мә, саған министр! — деп Баймахан вискиді әлгі сөзді айтқан Қайыптың бетіне шашып кеп жіберді.

— Мына даңғой атаңа нәлет кімді басынады-ай! — деп Қайып өре түрегеліп Баймаханды бокалмен қақ шекеден қонжитты.

Қашқария бажылдап орталарына түсуге ұмтылған. Әйелінен бұрын қимылдап қалғысы, арашалағысы келген Ықас мол денесін игере алмай жолай орындыққа сүрініп, омақасып жатты.

Дәлізде бәрін естіп тұрған Айым: — Садағасы кеткірлер-ай! — деді де, өз бөлмесіне тездетіп кіріп, іштен кілттеніп алды.

Ноэль мен Герасимов түн ортасы ауа шалашқа жетіп қисайған. Қалжырағандары сондай, сәске болмай қозғалмаспыз дескен. Ноэль таң сыз бере шошып оянды. Орманды алқаптың тұнық ауасы дәру. Денесі жадырап қалыпты. Әлгі түс шынымен аян ба, әлде...

Өзі күрегін қолына қысып ұстап, биік қорғанның төбесінде тұр. Қазсам ба дейді. Біртүрлі жүрексінетін сияқты. Елегізіп жан-жағына қарағыштайды. Кенет ақша бұлттар үйіріліп, бүйірлесіп келді де, ортасынан қаракер атына қаздырып отырған нағыз Апачидің өзі пайда бола кетті. Қолында садағы мен айбалта. Қабағы қату. Шашы жалбырап, көзі тұтанады. Үстіңгі еріннен дәм-еткен үлкен орақ мұрын қарасұр жүзінің айбатын тіпті асырып тұр.

— Не іздеп жүрсің, бала? — дейді иегін әнтек көтеріп. Мұның денесін тер қамап, үні құмығады.

— Қорғанды қазғалы — деді әлден уақытта.

— Ол ақ нәсілдікі емес. Менің қорғаным, — деп оң қолын бастан асырды. — Ұры-қары болсаң қазір жайратам!

— Бізді Харлин алып келген. Өз шөбереңіз.

— Е, онда жөн, — деп Апачи жұмсарды. — Сендерді қызықтыратын таңсық дүние көп. Табыңдар. Прескотт Буш кесіп алған шопайым да соның ішінде жатыр...

Бұл басын изеп жатып оянып кеткен.

Мұздай бұлақ суына жуынып жатып, көрген түсін ұстазына айтқан. Михаил Михайлович, тым әсерленгенсің, содан да, деп мән бере қоймады.

Ертеңгі шәйін ішіп, құрал-саймандарын алып жолға шығарда тайпа көсемі: — Қорғанды төбесінен емес, етекпен бастап қазыңдар. Бір уыс топырақ шашылмай өз орнында қалсын, — деп қатал талап қойған.

Жеңіл көлікке отырған соң Харлин Ноэльге әдетінше ақсия күліп: — Қалай Джеронимо әлі тірі ме екен? — деген. — Оның мәңгі рухын ешкім өлтіре алмайды. Қорықтың ба? Ештеңе етпейді. Өзінен рұхсат алғанбыз.

— Оны қайдан білдің? — деген Ноэль таң-тамаша қалып.

— Атам маған да келіп кетті. Біз бұл жердің түпкілікті тұрғыны емеспіз. Көшпеліміз. Есте жоқ ескі заманда алыстан келіппіз. Атам сені туысқанымыз, деді. Бас-көз боп жүр, деп маған аманаттады. Ол біздің жебеушіміз.

— Ноэль өз атасын енді тапты, — деп Коля Петров қағыта бастап еді, Герасимов қабағымен жасқап, тиып тастады.

Ауыл әкімі Қарауыл таң атқалы үйірсіз айғырдай азынап, елдің зықысын алып бітті:

— Табыңдар, Құрақ қартты! Жердің астына түсіп кетсе де табыңдар! — деп еденді солқылдата тепкенде есік көзінде қағаз басып отырған түймедей қыз ұшып-ұшып кете жаздайды.

— Өткен жолы жылқысын ұрылар қуып кетіп еді. Ізіне түсіпті. Соның дауымен көрші ауданда жүр екен, — деп келді жұмсаған адамдары.

— Астанаға хат жазып, шәт-шәлекейімізді шығарып!.. Тып-тыныш жұмысымызды атқарып отырғанда дәу бастықтың көз қырына ілдіріп! Адам пайғамбар жасынан асқан соң байыз тауып, Алладан жанына медет тілемес пе? Жегені ақ май, ішкені қағаз шай, одан артық не керек? Көрпені төрт қабаттап салып, көтенін күлге көміп отырмас па? Жоқ, біздің ауылдың шалдары, әйтеуір екі қолға бір ермек тауып алғыш. Баяғыда Махамбеттің басын қазып әкетіңдер деп Алматыдан бір қора адам шақырып елді бөріліктіріп еді. Ендігісі — мынау. Атам басы жоғалып кетіпті, тауып беріңдер, деп зікір салып жатқаны. Атаңа ғана нәлет! — деп күйіп-жанды. Дереву ауылдық пошта бастығын шақырып алып оған ақырсын.

— Бір көзіңді қысып алып, үнемі қалғисың да жүресің. Саған айтқаным қайда? Ақпа құлақ ит-ау, аудандық, облыстық әкімшілікке жазылған арыздар мен Астанаға жолданған хаттар болса ашып оқы да тура өзіме әкеліп бер, — деп.

— Ойбай-ау, өткенде үстіңізден жазылған жеті-сегіз арызды қолыңызға тапсырған ем. Оқып, хат иелерін жалғыздап балағаттап екеулеп өртеп ек қой. Құрақ қарттың хаты мен арқылы өткен жоқ. Келсе шөміштеп қысып ұстап алмаймын ба? Алдыңызға жайып салмаймын ба? Демек, хатты аудан орталығындағы поштадан жөнелткен.

— Солай шығар, — деді ауыл әкімі ентігін басып. — Бар. Мұқият бол! Осыдан бар ғой, осыдан! — деп сұқ саусағын безеп, бір көзі қыли, тыри арық жігітті кабинетінен қуып шыққандай етті.

Күн екіндіге таяғанда Құрақ пен жергілікті оппозиционер Иса әкім кеңсесіне беттеді деген хабар Қарауылға да жеткен. Шапалай басып олардың алдын орап кеп кабинетіне жайғаса қалды.

Артынша Құрақ пен иегіне оншақты тал қыл-қыбыр біткен жергілікті оппозиционер Иса көрінді.

— «Хатқа жүйрік сол қалқа мұсылманша» дегеннің кері келді, — деп ауыл әкімі әңгімені қиыс бастады. — Бізді басып озып, біз емес-ау, аудан, облыс әкімін кәперіңізге алмай, Астанаға төтелей хат жазатынды шығарыпсыз.

— Шырағым, қолда өскен баласың, мұқатпай сөйле, — деді Құрақ сабыр сақтап. — Менің ала алмай жүрген ұзында — өшім, қысқада — кегім жоқ. Атамның басы қайтадан қабіріне жерленуі керек.

— Оны алматылық ғалымдар бізге бере ме? Әлдеқашан алтынмен аптап, күміспен күштеп бір жерге қойған шығар?

— Алтынмен аптауын... Қараусыз әр жерде қалды деп естимін. Жоғалып кетіпті.

— Ит өлген жерге сіңір создырып баратын қаражат қайда ақсақал-ау, — деп әкім алақанын жайды. — Ақша жоқ. Бюджет тамызып қана береді. Бас іздендер деп ақша бөлмейді. Оны өзіңіз де жақсы білесіз. — Бұлардың текетіресін телефон қоңырауы бөлді.

— Әле, Мәмеке, әле, ассалау-мағалей-көм. Сіз екеніңізді түскен қоңырауыңыздан-ақ танымын ғой, — деп азынап тұрған әкімнің көзі жыпылықтап, беті күлмендеп кетті.

— Үйленгелі жатыр ма? Оқуын бітіріп? Ой, азамат!.. Қайдан дейсіз? Өскеменнен. Пау, Алтайдың аруын аққудың көгілдіріндей ғып.. Әне, болар бала деген сол. Құдалыққа?.. Бас құда дейсіз бе? Бұл мен үшін шексіз құрмет қой, Мәмеке-ау. Тек жаным ұясында болса... Сіз үшін құда емес, Құдайдың алдына да туралап жетермін. Е-е-х! Ал, хош, — деп телефоннан әзер ажыраған Қарауыл мына қақпастың әр сөзіме елеңдеп, ішіне түйіп отырғанын қарашы, деп ала көзденіп алды. Десе де, көңілін тапқысы кеп: — Құреке-ау, әлгі ұры алған жылқыңызды тапты деп есіттім. Құтты болсын, — деп салды.

Иә, көрші ауданнан ұсталды. Мал ұрысы қазірде табылар-ау. Маған керегі атамның бас ұрысы боп тұр.

Жағдайды айттым. Басқа қолдан келер көмек аз. Шықпа, жаным, шықпа, деп отырған ауылдық жерміз.

Әй, Қарауыл, — деді қарт қатуланып. — Үкімет бас ізде деп ақша бөлмесін. Жарайды, түсінемін. Ал, мына іргенде жатқан атақты Мұрат Мөңкеұлы, Малайсары, Дәрі мен Қара, Итемгеннің зиратына неге белгі орнатып, жаңартпайсыңдар? Көз алдарыңда жермен-жексен боп өшіп барады. Ойдан-қырдан қырғын халық келіп түнеп, тәу етіп жатады. Білген адамға әрқайсысының осы қалайы жоқ, қазақтың бір-бір арыстары емес пе?

Қарауыл бұл жолы да бұлт ете түсті.

— Ақсақал, мұсылман дәстүрінде зират жаңартады дегенді естігеніңіз бар ма? « Құран кәрімде » жазылып па екен? Шарифат қоспайды.

Сөзден тосылған Құрақ: — Әй, сен де бір, — деп үнсіз тыңды.

Жата берсін. Жаңартсаң болды, бұлар өлім тілейді. Біреуіміз босқа рәсуа боп кетерміз.

— Алты Алаштың ардақтылары-ай, — деп Құрақ қарт төменшіктеп орнынан көтерілді.

Тууын әр жерде туып, өлгенде біздің округке жинала қалғанын қарашы, — деп Қарауыл күбірлеп, терезеге көз тіккен. Қараңғы тұмшалай бастаған екен.

Осы кезде есік алдында шу шықсын. Ауыл оппозиционері Иса екен, әлдекіммен жағаласып жатқан.

— Құдайдан сұрап алған жалғыз әкімімізге кіргізбеймін деп... Көрдің бе мұның әуселесін? Топалаң тиген қойдай қылармын!

— Әй, Иса, бұл не, тыныш күнде қара дауыл көтеріп... Туыңды бұлғап!

— Бұл — Алаштың туы, менің қолымда қалды. Қонған тұғыры берік.

— Ендеше тоқта, — деді әкім жекіріп. — Кімді топалаң тиген қойдай қылғың келеді, а!

— Демократиядан қия басқанның бәрін де!

— Әй, аузыңнан айналайын! — деп қалды Құрақ қарт манадан бері еш сүйеніш таба алмай, қоңылтақсып қалған көңілін осы сөз толтырып жібергендей.

— Әй, сен оппозициямын деп өйтіп талтаңдай берме. Ортақ тәртіп бар, заң, зәкөн бар. Еліруін мұның!

— Дұрыс, — деді Иса сұқ саусағымен Қарауылдың көзін шұқып алардай боп. — Тәртіп ортақ. Талап бірдей. Бюджеттен ақша қаралды, ендеше ауылымызға неге газ жүрмейді? Құдықтың құрттап кеткен суын ішіп жұрт безер болды. Әр үйге су құбыры неге тартылмайды? Ал, әлгі ортақ тәртіп қайда, қане, көрсет өзіме?!

— Әй, аузыңнан айналайын! — деп қалды Құрақ қарт тағы да Алаштың ала туының астына тұрып жатып.

— Әй, сіз де бір, — деп әкім кабинетінен шығып кете қоймаған қартқа кіжінді. — Өңшең кежір.

— Тарт тілінді! — деп Иса әкіммен тіпті кеуделесіп қалды. — Алақандай елді алалайсың. Шопыр ғып балдызыңды алдың. Хатшың — құдашаң. Бухгалтерің — көңілдесің. Көршің...

Мұнан соң әкім басымен қайтіп шыдасын: — Әй, әкең!.. Түрменің түбіне шірітейін сені! Көзіңе көк шыбын үймелетейін! — деп жағасына жармасқан.

— Қазір... Сірке сыққандай ғып тастаймын! — деп туды тастай салып бұл да ұмтылған. Әйтеуір, хатшы қыз бен шопыр балдызы, бухгалтер бойдақ келіншек арашаға түсіп, айыз қанар анық төбелеске жібермеді.

Жағаласқандар да, арашаға ұмтылғандар да әр жерде отырып аздап дем басты.

Құрақ қарт қайтуға бекініп, ауыл әкіміне бір ауыз сөз айтты.

Асыл текті Махамбеттің басына ақша жоқ та, құдалыққа бар екен, жолың болсын, шырағым!

Дүние ғаламдасамыз, жаһандасамыз деп өңір тиегін ағытып, бәрі ортақ деп жатқанда істеп жүргендерін қарашы. Надандық-ай!

Өзің надансың, — деді Иса әкімді ала туының ұшымен түртіп. — Мен жаһандаспаймын. Бәрі ортақ. Қатын-балаң да ортақ па сонда? Ішер асың, киер киімің... Жапаңда жалғыз өлермін. Көрші

ауылға сымай қаңғып келген ит. Саған қор қылғанша, сол басты өзім барып тауып алып келемін.

Махамбетіңмен қоса құры, зәнталақ!

Не дедің? Қайтала!

Оттама!

Бір-біріне тың күшпен қайта ұмтылған әкім мен оппозиционерді хатшы қыз, шопыр балдыз, бухгалтер бойдақ келіншек тағы да арашалап әкетісті...

Төраға жұмыс аяғында Мәдениет және білім министрін шақырып, тағы да сұрақтың астына алған. Шотмаңдай қара мұрнын оң жақ сырғалығына қарай қисайта тартып күмілжи берді.

Жас қой, жігерін жаныр, шығармашылық ортамен қоян-қолтық жұмыс істер деп Жоғары билікті сендіріп ем. Үмітім ақталмады, — деді төраға шаршаңқы қалпы бет әжімдері батыңқырап. — Бара бер. Өзіңе лайықты бір жұмыс тауып берер.

Нұри Утенович қала шетіндегі саяжайына жетіп жеңіл-желпі тамақтанды да, камен пештің қарсы алдына жайғасты. Креслода отырып сытыр-сытыр жанып жатқан ағаштардан көз айырмады. Күзге салым жайлаудан түскенде әжесі ошаққа тезек қалап, қазан асар-ды. Бір асым жас еттің иісі айналаға жайылып, қаралай төбетінді оятатын. Сонда етегіне жармасып жүріп бұл да бірер кепкен тезекті ошаққа тастар еді.

Тек, көбейгір, құлап кетерсің, — деп ерін тұшытып сүйген тұңғыш немересін көз таса етпейтін.

Сол күзгі салым ошақта қоздап жанған түгін иісін аңсады. Креслодан еңкейіп бірер қу бұтақты жанып жатқан отқа үстеме ғып қойды. Бүгін өзімен-өзі оңаша қалғысы келген. Абайдың жыр жинағын қолына алып, ортасын қақ жарып ашып еді, қасиетті қара шал да:

Көзіме жас бер жылайын,

Сабыр бер, шыдам қылайын, —

деп зарлап қоя берді. Сосын күрсініп кітаптың бетін жапқан.

Ой меңдеп отырып қалды. Өткен күндердің елесі иектеп алған. Көңіл-көмбеде не жатқан жоқ дейсің? Кешегі өткен Қабанбай мен Бөгенбай, Қарасай мен Ағыбай, Кенесарылар осы елге ортақ жақсылар ғой. Одан бергі Алашорда көсемдері ше? Ай, айтары бар ма? Осы арыстардың иісі қазақ даласы үшін жасаған жанкештілігін жазсаңыз, ақ қағаздың өзі сары майдай еріп еді?!

Осы арыстардың азапты тағдырын, отбасынан ажырап, ұрпақсыз қалғанын, тіпті кәлләсінің өзі әр шұңқырда домалап жатқанын жазсаңыз, ақ қағаздың өзі зар жылар еді?!

Бәрінің мақсаты — біреу. Қазақты сақтау. Жерін өңшең аш шекпен жүргендердің талан-таражына бермеу. Сол үшін қайғы жұтқан, қан түкірген. Бері қарап күліп, әрі қарап жылаған. Кім үшін?

Ал, мына біз ше? Солардың анық басып кеткен ізіне татимыз ба?..

Аспандағы Ай бір шекелей қалыпты. Түн ортасы әлдеқашан ауып кетсе керек...

Ертеңіне офисіне келе жаңадан тағайындалған министр Мұхас Аббасовичті іздетті. Алғыр азамат. Гажайып білім иесі. Сөйлесе шаршы топта су төгілмес жорға.

— Қызметің құтты болсын, бауыр. Кел, жайғас, — деген тездетіп жеткен қырма сақал, боз жігітке мейірім төге қарап. — Неге асығыс шақырғанымды білесің бе?

— Әзірге жоқ, — деген Мұхастың өңін қызыл арай шалды.

— Қазір қала әкімі Имаш келеді. Екеуіңе айтар өтінішім бар. Әзірше мына хатты оқы, — деп Мұхастың алдына Құрақ қарттың оқушы дәптеріне жазған үшбу сәлемін ысырады.

Алматының әкімі Имаш та көп тостырмады. Жалаң қылыштай қайда салсаң да жарып өтетін батыл қара жігіт өзіне туған інісіндей бауыр басқан. Шешімтал, кейде әзіл айтатын еркелігі де жоқ емес.

Екеуі хатты алма-кезек оқысты. Төраға үнсіз көз астынан байқатпай бақты да отырды. Мұхас ашу кернеп нарттай қызарды. Бірдеңе айтқысы кеп тамағы бүлкілдеді. Имаштың өңі сұрланып, тісін қайрап, қайта-қайта бас шайқаумен болды.

— Жағдай осы жігіттер, — деді төраға орнынан көтеріліп, терезе алдына барғасын. — Әлі күнге арыс дейміз, ақтаңдақ дейміз. Бар тірлік кітап шығарудан аспай жатыр. Шетел мұрағаттарында жүздеген, мыңдаған құнды құжаттар бар. Кім оларды елімізге қайтарып, рухани айналысқа салмақ? Қашанғы шырылдай беруге болады? Әл-Фарабиіміз айдалада қалды. Бейбарыс Дамаскіде жатыр. Жалаңтөс баһадүрден айырылды. Шәкәрімнің сүйегін алпыс жылдан соң құдықтан жіліктеп теріп алдық. Мұстафа Шоқай болса жат топырақта. Сырым мен Қаратауды ұмытуға айналдық. Енді қолымызда тұрған Махамбеттің басын жоғалту. Мен мұндай сұмдықты естіген емеспін...

Төраға қызбаланып, әбден кіжіңді.

— Екеуіңе өтінішім ортақ. Имаш сен Алматының әкімісің. Білмейтін қуыс-мүйісің жоқ. Бәрі көз алдында. Мұхас сен де сондай сұңғыланың бірісің. Қайткен күнде де жоғалған басты табу керек. Түсінікті ме, қайткен күнде де!.. Сосын Алматының әсем көшесінің біріне Махамбеттің ескерткішін қояйық. Батырлығы мен ақындығы көрер көзді сүйсіндіретіндей етіп құйылсын. Эскизін өзім бекітемін. Ақшасын да өзім көтерем. Жолдарың болсын!

Министр мен әкім төрағаның алдынан тау арқалап шыққандай көңіл күйде еді...

Экспедиция қорған төбені айналып шыққан. Аумағы тым жайылыңқы, көлемді көрінді. Етектен бастап көтеріледі де биіктей береді. Ұшар басына жеткенде қолмен үйгендей дөңгелене қалыпты. Тайпа көсемі қасиетті дұға оқып, аруақтардан рұхсат алды. Ортаға Герасимов шыққан.

Жұмыстың ауыр екенін сезіп келдіңдер, — деген ұстаз өзіне тән салмақты қалпы. — Өйткені бұл мыңдаған жылдар бойы қозғалмаған қорған. Осы қорғаннан археологияға немесе антропология мен сәулет өнеріне таңсық жәдігер тапсақ еңбегіміздің жанғаны. Бұл үш сала бір-бірімен әріптес. Демек, атағы да, абыройы да бәрімізге ортақ. Іске сәт!

Нозль — бісімілла, — деп алғашқы күректі қадаған. Бос топырақ пен тау жынысы аралас екен. Жігіттер де құлшына кіріскен. Мандытар емес. Екі күнде алақандары ойылып, үлбіреп қалды. Еңіске екі шатыр тіккен. Ыстық пана бермей тұр. Бірер сағат қазған соң күректерін шаншиды да белдері қайқайып шыға келеді. Көлеңке іздеп кетіседі. Әзірге бар олжа — Петров тапқан жалғыз көз қызыл моншақ. Қолдан қолға өткенмен назар аударарлық емес. Жәй дүниелік. Кешқұрым қара торы әдемі келіншек бұларға сусын әкелген. Темір ожауға Петровтың әлгі моншақты сыңғыр еткізіп тастай салғаны. Көздің құрты екен. Келіншек күлім қағып «Луиза» деген. Шатыр жанындағы жігіттер ду ете түсті.

Луиза, бойдақ мына біздер.

Петров барып тұрған антұрған.

Әйел тастағыш.

— Жолама, сұлуым!..

Моншақ кімдікі болса — қыз сонікі, — деп Коля да бой берер емес. — Луиза тыңдама бұларды. Мен енді тек саған моншақ іздеймін...

Десе де Герасимовтың қабағы қату. Кеше кеш экспедиция мүшелері жиылып кеп мұңдарын шаққан.

Михалич, Сібірдің қамал қорғанын қаздық. Бұйым көрмеп ек.

Алтайдан алтын адам таптық. Қиналған жоқпыз.

Ұстаз, өзіңіз көріп тұрсыз, үшкір қайланың өзі майырылып жатыр.

Бұдан да бізге Тунгус метеоритін тап де, — дескен.

Кешкілік Герасимов Нозльмен ақылдасқан.

Не істейміз? Жігіттер титықтап қалды. Ал, қорғанның мұрты да бұзылған жоқ.

Көріп тұрмын.

Ойбай, жаңалық ашамыз, деп Мәскеуді дүрліктіріп кетіп ек. Сүмірейіп қайтып барамыз ба?

Ұстаз, менің бір ойлағаным бар. Күйіп-піспей шыдай тұрыңыз. Көп кешікпей келем.

Нозль сол беті Харлин мен тайпа көсеміне беттеген. Мұның сәлеміне жарыса күліп жіберді.

Кел, төрлет, бауыр! Сені тосып отырмыз. Білгенбіз... Бабаларымыздың оңай қорған соқпайтынын көрсін дегенбіз...

Ертеңіне таңмен таласа айыр тіс темір пұлыққа екі бұқа жеккен он апачи шатырдың алдында тұрды. Сауыры жылтылдаған жануарлар жер тарпиды. Кеңсірігіне тағылған дөңгелек темір сырға мен бас жіп болмаса таптап кетердей сойқанады.

Жұмыс жеңілдеп сала берді. Темір пұлықтың соңында қопсыған бос топырақ қалып жатыр. Күрекпен аудар бер. Қол байлау жоқ. Әзірге олжа да көрінер емес. Тек Коля Петровтың қайдан тбатыны, уыздай Луизаның алақанына жұрт көзінен жасырып тағы бір қызыл моншақ қыстырды.

Айым екі-үш апта көрінбей кеткен. Дәурен кәдімгідей алаңдай бастады. Жанындағы сүйенішінен, көңіліндегі қымбатынан көз жазып қалғандай күй кешкен. Бір күні кешқұрым жарқ етіп жертөлеге кіріп келгені.

Сағындырдың ғой, — деді Дәурен басқа сөз таба алмай.

Нозль ағаның аманаты есінде ме? Нағыз шындықты ортанқол тарихшылардан емес, оқиға иелерінің өз аузынан естисіңдер дегені. «Қазақстанның жаңа тарихы» деген сериямен кітап шыққалы жатыр. Сол кітапқа арнап Махамбет пен Жәңгірдің екі кездесуін қағазға түсірдім. Ғылыми негіздедім. Бір авторы — өзің. Кітап шығарып жатқан институт басшысы Аяған — дегдар тұлға. Мақаланы бірден ұнатып, енді жалғасын сұрап жатыр, — деп бар сырды бір-ақ ақтарды.

Қандай жақсы! Тек мені авторлықтан алып таста, өтінемін. Еш еңбегім сіңген жоқ.

Бар бейнет — сенікі. Өзің болмасаң, біз бұл кездесулерге куә болар ма ек? Сөзді қой, Дәурен.

Еркелей жымыған Айымға қарсы тұрарлық әл жоқ еді. Асып-сасып шәйнегін тоққа қыстырған.

Айым, — деді сосын дастарханға нан мен бір шөкім сары май, конфет қойып жатып. — Сен Махамбет поэзиясынан қорғамаушы ма ең?

Жоқ! — деді жұлып алғандай. — Олардың басынан өткен тарихи оқиғаларды түгендеп береміз. Сосын ғылымның өзге саласына ауысамын. Нозль ағаға шәкірт болам. Бәлкім, сен де Мәскеуге бірге

жүрерсің?

Адалдық пен аңғалдықты ұя ғып алған Дәуреннің көзінде бір тамшы шоқ жылт етіп, басын изей берді.

Бөлменің ішіне бозғылт мұнар ене бастады. Алыстан аспан ақырып, күн күркірегендей дауыс шықты. Кешкі ауамен шағын бақ ішінде тыныстап отырған Аркадий Васильевич пен бойы мен ені бірдей кемпірі алақандай бұлты жоқ аспанға аңтарыла қарап: «Ой, боже мой!» деп үйлеріне қашты. Күркірдің күштілігі сондай темір кереуетке отыра қалған Айым бүк түсіп, басын қорғап көлегейледі. Бозғылт мұнар қоюланған сайын Махамбеттің жақ сүйектері тынымсыз сақылдап кетті.

Бұл жай кездесу болмады. Аса қауіпті кезеңнің көрінісіне тап боламыз, Айым, — деп Дәурен сыбырлап әлек. Әлден уақытта Айым да есін жиып, қағаз-қаламына жармасты.

Махамбет: — Келетінін білгем, Баймағамбет! Сөйле. Арзуыңды айтып қал.

Баймағамбет: — Әй, Махамбет міне, тағы кездестік. Біқылас сұмды жұмсап басыңды шаптырып ем. Ақ патшаға күнәһар жүзінді көрсетем деп отырғанда бажаң Асаубай ат қорадан ұрлап кетті.

Махамбет: — Жаныңда қаптап жүрген жағымпаз төлеңгіттеріңнің бірі сол Асаубайдай бола алды ма? Болса сенің кәлләң Елек суының түбінде шіріп жатпас еді. Біз Исатай екеуміз жалғыз бала боп жар басында ойнадық. Хан, сұлтандар көлдеуде жүрген көп бала. Босқа ісінбе!

Баймағамбет: — Басыңды алдырмас едім, қалың қазақ тағы да соңыңнан еріп кете ме деп айбындым. Жөн сөзге сен көнбедің. Замана желі ұйтқи соғып бізге көз аштырды ма? Ормандай орысты қайда қоясың?

Махамбет: — Түйе жапырақтың көлеңкесіндей қысқа күнге қырық құбылмасаңдар олармен де арпалысып бағуға болатын еді ғой.

Баймағамбет: — Исатай мен Махамбет тұрмақ атам Нұралыны тақтан құдыратын Сырымның өзі араға он төрт жыл салып Ресейге оң қолын берген. Жалғыз жаяу сен кім едің соншама?

Махамбет: — Азды малданып, шен-шекпенге сен сияқты алданып, орыс отаршыларының алдында баталы құлдай бәйпең қаққаным жоқ. Сары майын иті жемейтін сені бұл күнде ел ұмытқан. Аруағы асып туған Исекемді босқа қозғама. Оның аты ұрпақтан-ұрпаққа ұрандай боп, иман байлығыңдай боп ауыздан-ауызға көшер.

Баймағамбет: — Сенің де аруағың басым екен, Махамбет. Кеттім, Жәңгірге.

Махамбет: — Ей, сұлтан асықпа. Өмір біреу болғанмен кезек екеу. Енді өз ажалыңды көре кет. Асаубай, қайдасың?

Бозғылт мұнар бірде сейіліп, бірде қоюланып құбылды. Күн күркіреп, алыстан найзағай ойнады. Өзен суының аласапыран ағысы, нарқамыс басының тербеліп сытырлай соғылысы естілді.

Шағын жертөле іші алма-ғайып күйге түсті. Қанды кекпен қоса табиғат құбылысы да көрініс беріп тұрды. Темір кереуеттің астына тығылған бұларды елең етпеді. Оқиға өрби жөнелді.

Дауыл басылар емес. Елек суы сапырылып, үйдей толқындар бірінің үстіне бірі мінгісі кеп өреки шабады. Қос ат жеккен, он солдат қорғаушы ерткен Баймағамбет сұлтанның пәуескесі солқыл қағып кеп жағада тізгін тартты.

— Басып кетпесін. — Дәурен қызды тас ғып ұстай алды.

Мен білсем, бұл Баймағамбет сұлтанның Санкт-Петербургке барып, марапат көріп, генерал-майор шенін алып келе жатқан беті, — деп Айым Дәуреннің құлағына сыбырлап үлгерді. — Нағыз қызық — алда.

Сұлтан, дауыл басылсын. Бүгін бергі бетте түней қалсақ қайтеді? — дейді старшын.

Үсті-басы түгелдей сары ала жез сұлтан солқылдақ пәуескенің баспалдағынан әупірімнің күшімен түсті.

Сал қайда? — деді сосын жан-жағындағыларға.

Бергі бетте дайын тұр, генерал-майор, — деседі әлдекім. — Тек күн райын баққанымыз. Қауіпті. Сіздей қымбат адамға...

Тоқтат, сөзді! Тиендер салға. Мініңдер бәрің де. Лүп еткен желден қорқып жағада қонар жайым жоқ.

Екі жағына білектей екі арқан бекітілген салға алдымен қос атпен пәуескені мінгізген. Ортаға қорғаушыларымен сұлтанның өзі жайғасты. Білек салған төрт жігіт салды баяу жылжытып жағадан алыстай берді.

Қалтырап ұшып барам.

Мен де. Кел, құшақтасып жатайық. Жылынасың, — деп Дәурен өңір тиегін ағытқан.

Қуын қара өзінің!..

Арғы беттегі қалың қамыс арасы сыбдыр қағып қоя берді. Біреулер қалбаң-құлбаң жүгіретіндей.

Сал орта тұсқа келгенде: — Кесіңдер арқанды! — деп Асаубай қабланша қарғыды.

Сал жүрісі баяулады. Дауыл оңға қарай ықтырып әкетіп барады. Сол сәт сал тартқан төрт жігіттің жан даусы шығып бақырып жіберді. Арғы бетке мұқият бекітілген арқан ұшы қолдарында тұр еді.

Арқанды кесіп кетті! Енді не істедік?

Үйдей толқындар салды қақпақыл ойнатып өзен бойымен алып бара жатты.

Не істейміз? — деді көмейі көрінген өлімнен жаны түршіккен Баймағамбет. — Құтқарыңдар мені! Ойбай сап жүгіріп, салды қолмен еспек болған қорғаушы солдаттарды долы дауыл өзен суына біртіндеп лақтырумен болды. Қос ат та қарғып кетті. Әр жерде бастары қылтың қағып жағаға ұмтылғысы келеді. Салда пәуеске мен сұлтаннан басқа ешкім қалмапты. Бәрін дауыл жалмаған.

Иә, Алла, құтқар! — деуі мұң екен, толқыннан-толқынға секіріп келе жатқан сал қақ ортасынан жарылды. Сұлтанның құлақты жарған даусы өзен бойын кезіп кетті.

О дүниеге имансыз аттанды, бейшара! — деді Асаубай. — Тез атқа қоныңдар! Сытылып шығып үлгерейік.

— Уа, зәнталақ, менің түбіме жеткен сен екенсің ғой, — деп қарсы алдында көлбеңдеген елеске сұлтан қылышын ала ұмтылған...

Дәурен мен Айым есін жиғанда бозғылт мұнар тарап кетіпті...

Ықастың үйіндегі төбелеске қатысқандар бірер апта ауырған. Сол төбелес шотмаңдай министрдің зәрлі бұйрығынан аман сақтап қалды. Бұлар аңдысын аңдып жатқанда ол да орнын суытып үлгергенді.

Үшеуі де: — Шоқ, шоқ, — деп табалағанымен, бір-бірінен хабар үзген дұрдараз қалпы. Байлары жаға жыртысқан соң Қашқария мен Дүрияға не жорық. Әншейінде бір-бірін көре қалса сілекей алмастырып сүйісетін құрбылар, тіпті бірер мәрте телефонмен сен — қатын, мен — қатын десіп балағаттасып алған. Оған да мейірлері қанар емес. Әсіресе, саудаға баулып жүрген Қашқарияның: — Шетелге сенімен бірге шығуға арланатынымын. Мойның — тықыр, бөлің — мықыр дегені Қайыптың бәйбішесіне қатты батты. Осы сөзден соң үйінен борбайлап шықты да таксиге отырды. Қашқарияға тура тартты. Есікті жұлқып ашып ішке енген. Қашқария бұдан мұндай әбжілдікті күтпесе керек, селк ете түсті.

Сен қатын... — деп Дүрия біраз тұтығып барып ашылып кетті. — Кімді басынасың, а? Жоқ, айтшы деймін? Мені сен көтеріп жүрсің бе? Әлде ана өгіздей байыңды арқа тұтасың ба? Айтшы, деймін!

Жағыңды қарыстыр! — деді Қашқария тістеніп. — Менің үйіме басып кіріп, дау көтеретін кімсің өзің? Бар-жоғы Қайыптың бейшара қатынысың! И все!

Пішт, мә, қызың енді қорғар! — деді Дүрия да қалыспай, балан үйрегі мен ортан терегінің ортасынан бас бармағын шығарып. Бас бармақтың қып-қызыл бояулы тырнағы тіпті Қашқарияның әдемі қыр мұрнына тақап келіп-келіп қайтты.

Көкдолысы ұстаған Қашқария бармақ иіскегеннен кейін тоқтар түр көрсетпеді. Дүрияны алқымынан ала кетіп, сол тұрған дәлізінде омақастыра жықты. Көсіліп салып кеудесіне мінді.

Құтырайын деген екенсің сен қатын! Байыңнан басқа қызыма жетекші болатын ғалым құрып қалып па? А, айтшы?

Астында жатса да бас бармағын шығарып жатқанын көріп одан сайын долылық меңдесін. — Бриллиант жүзікті мен сенен қорыққанымнан қолыңа тағыппын ба? Әжел, ендеше! — деп саусағына жармасты.

Өзі айтқандай қысқа, мыртық саусаққа қайта-қайта сабындап кигізген жүзік оңайлықпен шыға қоя ма? Сол қолын бұрап отырып жүзікті тартқыласын.

Түк көрмеген жүзқара! Тоқта, саусағымды сындырасың. Өзім шығарып берем. Өзім дедім ғой, — деп Дүрияның бажылдағанына қарамай жүзікті жұлқа тартып, суырып алды.

Үйіне том-том тарихи кітапты құшақтай көңілді кірген Айым: — Ойбай, саусағым сынды. Сотқа берем, сотқа! — деген Дүрияның жыламсыраған даусын естіп шошып кетті.

Не болды, апа?

Мә, енді қорғарсың. Мә! — деп жазықсыз Айымға да қып-қызыл бас бармағын иіскеткен Дүрия қашып шықты.

Кухняға кіріп алқынып отырған шешесіне таңдана қарап: — Не болды, мама? Жайшылық па? — деген жұмсақ үнмен.

Әлгі Қайыптың қатыны әлдеқандай боп... Сені байыма айтып қорғаттырмаймын деп... Қаралай қанымды көтеріп...

Ой, қойыңызшы, — деді Айым өз бөлмесіне кіріп бара жатып.

Министр мен әкім араға күн салып жедел кездесті.

Болашақта қойылатын ескерткіштің эскизіне конкурс жариялайық, — деп алдымен сөзді ортадан жоғары бойлы, мығым, қырма сақал боз жігіт бастады. — Мүсіншілер түгел қатыссын. Қомақты жүлде де дайын тұр.

Алдымен комиссия құрайық. Өзіміз де іріктеуге қатысамыз. Мүсіншілер де қиялы көп халық. Бағыт, бағдар бермесең болмайды, — деп жалаң қылыштай қайда салсаң да жарып өтетін батыл қара жігіт қостай жөнелді.

Комиссия мүшелері мына құрамда, — деп министр бір парақ қағаз ұсынды.

Дұрыс екен, — деді көзбен шолған қала әкімі бас изеп. — Мен ескерткіш тұрады деп екі-үш үлкен даңғылдың қиылысын, екі бақтың кіре берісін көздеп отырмын. Алдымен, өзіміз қарап шығайық. Ұнатқан жерімізді қор төрағасына сосын айтармыз.

Бәріне үлгереміз, — деді министр қабағын шытып. — Ал, енді жоғалған басты қайдан таптық?

Сұрастырсам жоғалтқан сенің қарауыңдағы әлгі бір қоғам мен ғылыми-зерттеу институты. Жан-дарын неге мұрнының ұшына тақамайсың? — деп қала әкімі күлімсіреді.

Қан құстырсаң да ештеңе өнер емес. Бір-біріне жауып, бастарын ала қашады.

Кеше Ноэльға звондағам. Аризона штатында жүр екен.

Дәурен деген қарауыл бала сұрап алыпты. Жұмыс істеген жерінен не құжаты, болмаса адресі таптырмады. Жоқ. Жым-жылас. Қазірде кім көп Дәурен көп.

Мұхас, төрағамен келісейік те сол басты тауып әкелгенге сыйақы тағайындайық. Басқа амал жоқ!

Министр жарқ етіп күліп жіберді: — Қазақтар ұлы ақынның басын жоғалтып алып, енді жаппай іздеу үстінде деп, дүние азан-қазан шулап кетсе қайтеміз?

Жо-жоқ, оны жұмсақ, жаймашуақ ғып жариялайық.

Мәселен?

Мәселен, Халықаралық «Бәйтерек» қоры Махамбет ескерткішіне конкурс жариялайды. Ол үшін зертханалардың бірінде, жеке қолда сақталған ұлы ақынның өз бас сүйегі қажет. Басты әкеліп берген зиялы азаматқа мынадай мөлшерде сыйақымыз бар, десек үйлесе кетпей ме?

Таптың, — деді министр қала әкімін құшақтап. — Кел, бір шыныаяқ шай ішейік. Төраға шетелдік іс-сапардан оралысымен тездетіп шешім алуын өтінейік.

Келістік...

Төраға іс-сапардан оралысымен әкім мен министр Махамбетке қойылар ескерткіштің орны, жарияланатын конкурс шарты жайлы баяндап берген. Түгелдей мақұлданды.

Бас қайда? — деді Нұри Утенович екеуіне алақан жайып. — Табылатын түрі бар ма? Әлде түпкілікті айырылып таза масқара болдық па?

Мұхас абыржып қала әкіміне қараған.

Кешірсіз, — деді ол. — Бетімізбен жер басқандай боп тұрмыз. Әзірге қуанатын хабар жоқ. Алайда бастың жоғалып кетпегені анық. Сондықтан Мұхас екеуіміз халықтан ептеп сұрап алудың шарасын ойластырдық. Иә, ешкімді де дүрліктірмей. Сіз басқаратын қор сол басты әкеліп берген жанға сыйақы тағайындаса қайтеді?

Төраға қараторы жүзіне күлкі жүгіртіп, екі інісіне қулана қарады.

— Қандай мөлшерде?

Патшалы Ресей тірі Махамбеттің басы үшін заманында он мың рубль күміс ақша тіккен, — деп қала әкімі суырылып алға түсті. — Ендеше кесілген басты қаншаға бағала дейсіз? Өзіңіз айтыңыз?

Бір миллион доллар! — деді төраға алақанымен столды бір қойып. — Тек табылса екен! Есі бар ел есуасын да түгендейді. Ал, біз...

Төраға сонан соң көптен көкейін тескен ойларын тізбелеп айтып, екі інісінің алдында еркін көсілген-ді.

Арада екі апта өткенде қос бұқа пұлықты тарта алмай өкіріп-бақырып тұрып алғаны. Қамшы үйіргенмен аттап басар емес. Аузынан сілекей шұбыртып, шаңырақ мүйізін шайқайды.

Темір тісті жібермей жатыр. Демек... Бұқаны босатындар, деген Герасимов бір жақсылықты сезіп. — Қолдарыңа күрек, шетканы алыңдар.

Михалич, күрек ұшы ақ тасқа тиді, — деген жігіттердің бірі жарқын, жаңа дауыспен. Еңіске көз тіккен. Тайпа көсемі мен Харлин де жедел басып келіп қалған екен.

Білгенмін, — деді қызыл иек шал көмейін көрсете күліп. — Бабаларымыз осы қорғанды күзетсін деп мамонттың басын көмген. Он ғасыр бұрын! Сендер соған жеттіңдер. Отыра қалыңдар. Қасиетті дұға оқиын. Аруақтар қозғалып кетпесін!

Мамонттың басы тас пен топыраққа кірігіп, әбден нығыздалып қалған. Абайлап арши-арши ақсүңке сүйекті тазартысты. Бұрын Сібір өзендерінен, Амазонка бойынан, Ніл жағалауынан миллиондаған жыл бұрын өмір сүрген алыптың жекелеген қаңқасы шыққан. Бірде тоқпан жілігі, кейде қабырғасы... Ал, бір өзі төбедей боп тұрған орай да орай мүйізді мына бас... Тұңғыш рет... Ғылым үшін таптырмас олжа!

Сол күнгі кеш сауық-сайранға ұласты. Артынша Герасимовтер Мәскеуге аттанып кеткен.

Махамбеттің мүсініне конкурс және жоғалған басына тігілген ақша көлемі жарияланған газетті

оқысымен Ықас байыз тауып отыра алмады. Алдымен кадр бастығы Зиягүлді шақырып алды.

Тағы да айтам, — деді алдындағы столды жуан жұдырығымен ұрып. Стол үстінде тұрған қағаз, қалам екі-үш секіріп басылды. — Дәурен деген қарауыл болған баланың дерегін тап деп. Бар ма, бірдеңе?

Қағаз, қалам секірді деп шоши қойған қаншардай қатқан қара келіншек жоқ. Қайта көзі шатынап, басын оқ жыландай көтеріп алып бастықтың өзіне шаңқылдасын.

Кезінде қу, көзін жоғалт! — деген өзіңіз. Жұмысқа бұйрықпен алынған жоқ. Оның орнына еңбек стажы үзілмесін деп Қашқария Каюмовнаны тіркеттіңіз. Сіздің айқайыңыздан жүрегіміз жарылып өлетін болдық қой, ойбай!

Ықастың есіне кезінде өзі жасаған қисынсыздығы түсіп, креслоға кептеліп қалған қарнын әрең босатып, қатқан қара келіншекке графиннен су құйып ұсынды.

Жарайды, қоя ғой. Мен де қайбір жетіскеннен дауыс көтереді дейсің. Анау сейф, шкаф, қуыс-мүйісті түгел тінтіп қарадың ба? Қолыңа бір мәлімет түсті ме екен деген дәме ғой. Жақын жүрген жолдастары болса сұрастырып, пәтер жалдап жатқан жерін тез анықтап, ешкімге тіс жармай тек өзіме сыбырлай қой, — деп оны шығарып салды.

Қашқария тағы да сауда жайымен Парижде жүрген. Соңғы модадан шығып қалған киім-кешекті шетел дүкендері тиын-тыпырға сатып құтылатын көрінеді. Жылдың төрт мезгілін бағып отыратын бәйбішесі дүниенің төрт бұрышын кезіп кетеді. Анау жолы — Италия, кейіндеу — Испаниядан артынып-тартынып оралған. Шүкір, ішіп-жерлікке мол. Бірінің үстіне бірі қонақтаған тауық құсап көп қабатты үйде қашанғы тұрсын. Тау етегінен үш қабатты коттедж соқтырып жатыр. Бұйырса біте келді. Бәрі сол тасынып, тырмысқанның арқасы. Жеделдеп бәйбішесінің қол телефонын терген. Қайта-қайта қоңырау берсе де көтерер емес. Кәдімгідей қобалжи бастады. Бір кезде Қашқарияның даусы саңқылдап қоя берді.

Иә, ындыққа өтіп кетсек те іздемеуші ең. Бүгін не болды? Мен көйлек пен кофта алып, саудаласып жатырмын. Тыныштық болса мазалама.

Тыныштық емес, ойбай, — деді бұл булығып. — Жайлап сөйле.

Ах, әлгі жалғыз қыз байға қашып кетті ме?

Айтпа қайдағыны. Ол үйде. Махамбеттің басына...

Мен саған әлдеқашан Махамбетіңмен қоса құры дедім бе, жоқ па?

Дедің. Бірақ соған, басты тапқан адамға бір миллион доллар сыйақы тағайындалыпты. Газетке хабарландыру шықты.

Кім дедің?

Халықаралық «Бәйтерек» қоры.

Бір мил-ли-он дол-лал?

Қашқария сақауланып шыңғырып жіберді.

Рас па?

Рас болмай.

Көйлегі құрып кетсін. Түнгі рейспен Алматыға ұшам. Күтіп алыңдар.

Тым асықтың ғой.

Бір қайыршының қолында кетсін деп отырсың ба?

Бас па?

Миллионды айтам. Осы сенің жайбасарлығың-ақ өлтіріп болды-ау.

Айым мен Ықас түнгі сағат үште Парижден келіп қойған рейсті тосып алды. Асығыс оралды дегенде де... Бума-бума жүк шағын «Лексусқа» зорға сыйып, ерлі-зайыпты екеуі бірінің тізесіне бірі мініп қайтты.

Қашқария бір мақсатқа белді бекем бумасын деңіз... Келе сала Айым әзірлеген шай үстінде орта бойлы, толық, бұғағы жиған көрпедей текшеленіп тұрған әдемі келіншектің көзі шоқтай жанып, маздап отырды.

Әй, қыз, — деді қолма-қол Айымға тарпа бас салып. — Сол Дәурен деген бала екеуің әлгі Ноэльді әулие тұтып жүрді деп еститінмін. Бас — сол баланың қолында. Ол баланың қайда екенін сен білесің. Шыныңды айт! Бізді әке-шешеміз десең.

Мам, мен Дәуренді де, басты да білмеймін. Хабарым жоқ. Ал, Ноэль ағаны танығаным рас. Сосын айттым ғой, мен үшін әуре болмаңыздар деп. Бәрібір кандидаттық қорғамаймын.

Неге қалқам-ау, — деп Ықас жаймашуақтаңды.

Керемет деген Қайып пен Баймахан ағаның түрі анау болса... Жиреніп кеттім, бәрінен, папа. Босқа қинама мені. Шетелге кетіп өзге ғылымның жолына түсем.

Өзіңе тартқан қаншықтың оңбайтынын роддомға бармай жатып-ақ білгем. Сонан соң әулие емес деші мені. Ертең таң атсын осыдан, — деп Қашқария сол суымаған, маздаған қалпы төсегіне құлай кетті.

Көрпені көлденең жамылған Ықас мол денесін икемдеп:

Ық, әкелші бір иіскейін. Ық, сағындым ғой, — деп баяу сыбырлап еді.

Жоғалшы әрі! — деген қатқыл үнді естіп, көтеріп алған басы көпшігіне қайта домалады.

Қайып қолындағы газетті аударып-төңкеріп біраз отырды. Сосын шыдамы қашып телефонға жармасқан. Министрлікте жасайтын, өзі іш тартып жүретін жігітпен құпиялап сөйлесті.

Қалқам-ау, түсінбей жатырмыз. Махамбетке Алматыда мүсін қойсын. Дұрыс делік. Азаттықтың аңсар бейнесі. Ал, оның әлгі жоғалды деп жүрген басына Халықаралық «Бәйтерек» қоры бір миллион доллар ұсыныпты. Осы шын ба? Әлде біреудің қалжыңы ма?

Рас сөз, ағасы, — деді жігіт те өзінің жорға жүрісінен жаңылмай.

Әркім қолына түскен қу басты ала шауып берекелеріңді келтірмесе болды да...

Олай істей алмас. Көрден қазып алған кезде Ноэль мен Әлімжан Сақтаевтың жасаған бас өлшемдерінің бәрі бар деп есіттім.

Е, жарайды. Біздікі, әйтеуір ортақ істің қамы ғой, — деп Қайып теке сақалын алақанымен уқалап кетті. Өткенді ойлап өкінді. Сол қу басты Ықас тегін ұсынып, көкелеп тұрғанда қолтығына қыса кетсе қайтер еді? Даңғарадай төрт бөлмелі пәтерінің бір бұрышында жатар да қояр. «Керек тастың ауырлығы жоқ» деп шалдар қақсап өлген. Бақса осыны біліп айтқан екен-ау.

Анау жолы Ықастың дастарханында Баймахан екеуінің ортасына от лақтырып ойнап, ақыр соңы қан-жоса төбелеспен тынған.

Қалың қасы ұйпа-тұйпа боп Баймахан өлсе де ерісіп өлетін неме ғой. Алдымен бетіне виски шашып бар пәлені бастаған өзі. Бұл да қарымтасына қолындағы вискиді төбесіне лақ еткізіп құя салмай... Қап, дәу бокалмен шекесін жарып жібергенім ұят болды-ау, — деп өзін-өзі іштей нығыртып біраз отырды. Бірер мәрте телефонға қолы барып та қалды. Шоқ ұстардай қайтадан тартып ала қойды.

Сол төбелестен кейін академияның екі бірдей институтын басқарып отырған екі басшы жұмысқа екі жақтағы есіктен кіріп жүрді. Ғайыптан кезіге қалса, мойындары жарға қарап сіресіп қалғандай көрмеген боп өте кететін. Енді онымен қалай тіл табыспақ? Мына ортақ ырыздыққа бірігіп, қалайша тізе қоспақ? Жалғыз-жарым адамға бой беретін бейнет емес қой, мынау.

— Ағай, ниетіңізге рахмет. Сізден қорғамаймын, — деп қызы аспирантурадан бас тартқанымен Ықасты икемге көндіру оңай. Нәті жуас. Ыңғайшы. Ал, әлгі көркем келіншегі аузын ә деп ашса ақша көрінетін нағыз дүниеқоңыздың өзі. Мына дүрбелеңде олар да қарап жатыр дейсіз бе?

Осы оймен үйіне телефон шалып, Дүриямен кеңескен.

— Менің саусағымды сындырып, онымен қоймай, әлгі итжегір жылтырағын жұлып әкеткен жүзқара қатынмен қайтадан ауыз жаласуым керек пе? Сен не деп отырсың өзі? Есің дұрыс па, деймін, есің?

— Тоқтай тұршы, мәселе — саясатта...

— Саясатыңа сиейін! Мә, саған, мә! — деді күйеуін көріп тұрмаса да балан үйрегі мен ортан терегінің ортасынан бас бармағын шығарды. Қайыптың көз алдына өзіне етене таныс бас бармақтың қып-қызыл бояулы тырнағы елестеп кетті.

Айым ерте оянып, «Лексусына» отырды да көше қуалап тез айдады. Дәуренге жеткенше асық. Жоғалған бас, оған тігілген сыйақы талайдың табанына сынап төгіп, сырғанатып жіберген. Үйдегі ұрыс-керіс анау. Шешесі ұйқысынан тұра сала күйеуінің желкесіне мінер. Екінші жақтан шаужайласып ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары шығар. Бәрі жабылып Дәуренді тауып алатындай, басты қолынан жұлып әкететіндей көрінді.

Дәурен бақ ішінде өзімен-өзі ойға батып тұр екен. Айымды көріп алдынан жүгіре басып шықты.

Келдің-ау, әйтеуір, — деді қолтығынан демеп. — Атамыздың басы айдалада қалмас деп ем. Іздеуші табылды ғой. Сүйінші, жаным, сүйінші!

Сүйіншің өзір. Жүр жертөлеге кіріп, ақылдасайық.

Дәурен, — деді тізе бүккен Айым. — Бүкіл Алматы қазірде өзіңді шам алып іздеуде. Бәрінің де көкейін ақша тесіп барады. Не істейміз?

Мен де оны ойлағам, Айым, — деді бұл байсал тартып. — Бас алдымен — Махамбеттің өзінікі, ал сыйақы Құрақ атама тиесілі. Жермен-жексен боп жатқан моласын тауып берген сол қария. Одан кейінгі құрмет иесі — Ноэль аға. Қалғандарыныкі — құр әурешілік. Ал, екеуміз тек қана перзенттік парызымызды өтедік. Бар-жоғы сол!

Жақсы көрем сені! — деп Айым ұшып тұрып Дәуреннің бетінен шөп еткізіп ерін ұшымен сүйді. — Сенің осылай деріңе сеніп келгем ем. Жарайсың!

Енді екеуміз Құрақ атама хабар салайық. Ешкім сезіп қалмасын. Келіп, басқа өзі иелік етсін.

Қария кісі Алматыға жетем дегенше көп уақыт өтер. Оған дейін ақынның ескерткіші де ашылып қалар...

Дұрыс айтасың, — деді Дәурен қостай кетіп. — Басты әзірге ұры-қарының қолына түсіп кетпеуі үшін осы жертөледе сақтаймыз ба? Жоқ, әлде өзге бір тасалау жерге көшіреміз бе? Ойланшы.

Меніңше осы жертөледен басқа ыңғайлы орын жоқ. Әрі аруақтармен де кездесуіміз бар ғой. «Қазақстанның жаңа тарихы» кітабына жазғандарыңның бір әрпін қисайтпай басамыз деп отыр.

Ендеше үш мәселе. Бірі — күндіз-түні мен осы жертөледен шықпауым керек. Әйтпесе, көзге түсем. Бірлі-жарым таныстар бар. Екіншіден, жертөле іші қыста от жақтым ғой, жары күреңітіп, ыс исі шығып кетті. Екеулеп ақтап алайық. Үшіншіден, өзің күн сайын маған келіп-кетіп тұрасың. Келістік пе?

Келістік, — деді орта бойлы орнықты қыз.

Екеуінің әк езіп, жертөледегі темір кереует пен бірер орындықты есік көзіне шығарып қойғанын бақ ішінде тыныстап отырған үй иелері көріп риза кейіппен бас изеді.

— Жарадың, жігітім! Ақыры байдың қызын уысына түсіріпті, — деп Аркадий Васильевич жанындағы бойы мен ені бірдей кемпіріне қарап көзін қылмаңдатты. — Енді екеуі тұрайын деген ғой. Жертөлени әктеп жатыр.

— Екеуі тұрса пәтерақыны өсіру керек. Газ бен жарықты көп пайдаланады, — деп біз сұғып алсаң да былқ етпейтін бәйбіше ақшаны ойша есептеп кетті.

Қала әкімі Имаш ақынның даусынан шошып ояңды. Таң саз беріп қалыпты. Алматы халқы әлі қалың ұйқысынан ояна қоймаған сынды. Қағыс көшеден бірер машинаның зыр қағып өткенінен басқа бөгде дыбыстан ада. Балконға шықты. Терезесін ашып таңғы саумал ауаны көкірек кере жұтты. Көрген түсін өзінше жорып біраз тұрып қалды.

— Иншалла, — деді іштей, — Махамбет атам аян берген шығар. Өзі ежелгі Сарайшық қаласының құм жұтқан, су кемірген төбесінде жападан жалғыз тұр екен. Не іздегенін кім білсін, көз талдырып алысқа қарайды. Қарсы алдында ойнаған жібек сағым ба, мұнар ма арбасып алысты көрсетер емес. Бір жағы иен дала. Оң қолда күмістей аунап, шымырлап Жайық ағып барады. Жағалай біткен балапан құрақ баяу ескен самалмен ырғалып, тыныштықты ұйытады. Жайықпен жарысқандай анадай жерден бір қора шаң көрінеді. Түйдегін жазбай келе жатыр. Бір мезетте қою шаңды артқа тастап, сытылып ақбоз атты шықты. Ақбоз сәйгүліктің төрт аяғы жерге тимей ұшып келе жатқан сынды. Күмістелген жүген мен құйысқанды қалмақ бас ердің үстінде Махамбет отыр. Бес қаруы — бойында. Қараса, ұшып келе жатқан ақбоз сәйгүліктің тізгіні жоқ, шорт кесіліпті. Үстіндегі ақынның басы жоқ. Екі қолын Тәңірден әлдене тілегендей көкке созған. Ақбоздың сауырында ақынның мойнынан аққан қан тамшылары бармақтай-бармақтай боп қатып қалған. Сол жарық жұлдыздай аққан қалпы мұның жанынан өте бере: — Оян, ботам! — десін қаһарлы дауыс. — Оян, ботам!

Оянып кетіп, ойға шомып тұрысы — осы. Жебеп-желеп жүр ме, жарықтық. Әлде... Астындағы ақбоз сәйгүлігі... Табаны жер иіскемейді... Жалт-жұлт етіп өтіп бара жатқан заман-дағы. Тізгіні кесілген... Бас жоқ... Кезінде оған уақыт пен оқиғалар итжығыс түсіп тізгін берді ме? Басы да әлдекімнің қанжығасына байланды... Соңында басы жоқ үркек тобыр қалды. Кейінгі ұрпағына назырқанып бара ма? Әлде басын өзі іздеуге шықты ма? Әйтеуір қаһарлы дауыс құлағына құйылып қалғандай шыңылдап тұр.

Күн ауысымы жексенбі болса да жеделдетіп киініп жұмысына келген. Әлгі дауыс бәрібір байыз таптырар емес. Телефон құлағын көтеріп, министрге қоңырау түсірді.

— Мұхас Аббасович, амандық. Ескерткішке қанша жоба түсті?

— Қырыққа таяп қалды. Қорытындысын шығарар уақыт жетті. Алдымен өзіміз таңдау жасайық. Комиссияға ұнатқан екі-үш мүсіннің жобасын ұсынармыз.

— Бастан не хабар бар?

— Іздеуші көп.

— Апыр-ай, а, нәтиже шықпай тұр әзірге, — деп қала әкімі күрсінді.

— Табылады. Уайымдама, — деді министр нық сөйлеп.

— Мұхаммед пайғамбардың тікелей ұрпағының сөзіне сенеміз де... Тегін жерден емес қой.

— Ендеше ертең дүйсенбі күні жобаға отырайық. Комиссия мүшелері тегіс жиналсын. Үздігін қор төрағасына табыстаймыз.

— Менің де ойым осы. Хош.

Ақтың реңі қайтып, қызыл іңір үстемдік алған шақта Ноэль оңашаланып, тау етегіне беттеген. Етегін еркін жайып келе жатқан қараңғылықтан биік таулар да сескенетіндей. Иықтаса қалыпты. Бой тоңазытатын салқын леп есті. Тау басынан бозғылт мұнар етекке жылжиды. Бұлт емес, түтіннен бөлек, түткен жабағы жүндей бұл не өзі? Ноэль аңтарылып, бойын қымтады. Жанына таяп кеп қалған бозғылт мұнардың ішінде алуан сәуле ойнап, көріністер ояңды. Мұның аяғынан әл кетіп, тәлтіректеп жанындағы жуан қарағайға сүйене берген...

Бес-алты пәуескелі ағылшын әлде мексикалық төрелер қоңырау қақтырып айдау жолмен келе жатты. Жан-жағын жүз қаралы әскер қоршап, қорғауда. Аттары ойнақшып, ауыздығымен алысады.

Сәнді, салтанатты топ.

— Тоқтаңдар! Осы жерге түнейміз. Қалған аборигендерді таң ата аулаймыз.

Жуан полковниктің даусын күткендей, бәрі ошарыла қалсын. Пәуескеден апшақ мұрты салбыраған шал, мықыны былқылдаған бапты бәйбіше, бозбала мен бойжеткендер өріп түсе бастады. Бой жазысып, күлісіп мәре-сәре. Шеңбер жасап туарылған пәуескелердің сыртына ағаш қоршау орната бастады. Қоршаудың қақпасы алдына екі қарағайды көмісті. Жоғары бұтағына адамның екі басын шанышты.

— Кеше ғана кесіп алғанбыз. Жабайылар енді маңымызға жолап көрсін, — дейді әлгі полковник мейманасы тасып. — Уайымсыз болыңдар ханымдар мен мырзалар!

Ноэль есеңгіреп, өң мен түстің ортасында тұрған. Есін бір жиғанда айқай-шу үдеп кеткен екен.

— Апачи!

— Джеронимо жауыз!

— Келіп қалды!

— Атыңдар тез!

Қайдан шыққанын, ала аттылы екі үндіс ағызып келе жатты. Бауырын төсеп шапқан аттардың тұяғынан от өргендей. Жайдақ мініпті. Ұзын қара шаштары жалбырап желмен ойнайды. Бажылдап жылаған қатын, бақырған бала, дүркін-дүркін шаңқылдап атылған мылтық даусы тау аңғарын дүр сілкіндірді. Солдаттар жатып, тұрып бей-берекет жүгіріседі.

Аттылы екі үндіс бұларға жете бере ат басын сәл ірікті де, садақтарын шірей тартысқан. Қос қарағайдың бұтағына ілінген екі бас допша домалап түсті. Еңкейе берді де көз ілеспес шапшаңдықпен ілді де кетті...

— Ат дейм, иттің күшігі! — деп жуан полковник дамбалшаң жүгіріп солдаттарды қарғап-сілеп жүр. Құтқармады. Ала аттың бірі созыла барып омақаса құлаған. Оқ иесін де жайратып салыпты. Жүз қаралы солдат қалың жаудың бетін қайырғаннан бетер андағайлап жүгіріскен. Екінші үндіс сонадайдан орағыта шауып жолдасына алдымен жетті. Ажал оқ тиген. Қайран жоғын көрді. Көрді де ат үстінде тұрып жолдасының басын кесіп алған. Үш бас қоржынында кетіп бара жатты. Биік шыңға ала ат билеп көтерілді. Талтақтап жүгірген жүз қаралы солдат бұл кезде бассыз денеге өзер жеткен.

— Ей, полковник, мен — Апачимін!

Тау жаңғыртқан дауыстан бозғылт мұнар көшіп жүре берді.

Есін әрең жиып, шатырына оралғанда Харлин мұны күтіп отыр екен.

— Үрейленбе, бауыр, — деген ол мұның иығына қолын салып. — Бұл — елес. Өткен күндер елесі. Жиі-жиі қайталаанады. Уақыттың құпиясы шығар. Сен Апачидің бір ғана ерлігіне куә болдың. Ал, ол жауларымен отыз жыл осылай арпалысты.

— Екі аттылы қауіп-қатерге қарамай басты неге алып кетті?

— Оны дұшпанға қалдыруға немесе жоғалтуға болмайды. Бұл сүйекке таңба!

— Жолдасының басын неге кесті?

— Оны тағы да қарағай басына іліп, мазақ етуі керек пе?

— Ал, мен жау қолына түсіп қалсам ше? Сен не істер ең?

— Мына қанжарды сол үшін беліме байлап жүрген жоқпын ба?

Харлин апшақ тістерін ақсита күліп Ноэльді құшақтай алған.

Алматының көшесін әншейінде алашапқын ғып жүретін Әлімнен бұ күндері тіпті маза қашқан. Қарауындағы бес-алты жігітпен он-он бес жылдан бері екі-үш базардың «крышасы» еді. Пышақ ұшы майдан кеппей дәуірлеп-ақ баққан. Ық жағынан аш ит жүгіріп өтетін небір сараң байлардың өзі есігін екпіндей ашып кірген көзі тұздай, шықшытты, қақпақ жауырын қоңыр жігітті көргенде тізеге діріл жүгіріп, сасқалақтап сейфінен кілтін жармасатын. Лә дейін десе, офис сыртында аңдып тұрған бес-алты баскесердің ортасына түседі. Одан да ай сайынғы жарнасын төлеп, жай алып, жалпақ басқанды қош көреді. Алғашқысында бәрі де ерін бауырына алып тулаған. Етіңнен ет кесіп беру оңай ма? «Ақша — қолдың кірі» деген даңғой қазақтың сөзі. Күндіз тапқанын түнімен санап, есепке семіріп отырғанда... Бірақ бас шайқасаң бітті самайыңа, алдымен, пистолеттің суық мұрны тақалады. Тіпті оған да көнбейтін телі болсаң, алдымен, салық инспекторы бас сұғып есеп-қисапқа қанығады. Басын екі иығына алма-кезек тербеп ол кетеді. Оның ізін баса қаржы полициясы сау ете түседі. Жүздері суық жігіттердің сөзі де шоттың тасындай санаулы. Әрі тиген жерін қарып түседі. Осы кезде естеріне Әлімді алысады. Көкетайлап табысады. Сол сол-ақ екен тексеру тыйылады. Тергеуші де жөнімен жоғалады. Содан кейін оны құтқарушындай көрмеске амал қайсы?

Соңғы жылдары жағдай күрт өзгерді. Алдымен Әлімнің сенімді екі жігіті қарсы топпен теке-тіресте оққа ұшты. Үш жігіт полицияның қолына түсіп, ұзақ жылдан арқалады. Атбасарда ағаш төсектің үстінде жатыр. Баяғы заң орындарымен ауызбірлік жоқ. Олардың денін бандиттермен ым-жымың бір деп погондарын жұлған. Абыройларын ит құйрығына байлаған. Әлім болса жанын аузына тістеп қашып, жадамалы пәтерде бұғып жата қалған. Жанындағы жалғыз Жорик — қолғанаты.

Тамақ та тасиды, хабар-ошардан да кенде қылмайды. Жас та болса, мұның жұдырығының астында өскен жылмақай жылтыр сарының өзі. Базардан безіп шыққалы, қатынымен ажырасып, коттедж, жеңіл көлікті беріп шыққалы мұның да әншейіндегі алып-ұшқан көңілі баяу. Таусылмастай көрінген көп байлық сарқылып, башпайдың тырнағындай ғана бірдеңе қалды. Қол жалап күнелткен күшіктей Жориктің өз бетімен бірдеңе олжалай қоюға шамасы жоқ. Не істеу керек? Міне, осы сауал Әлімді жан-жағынан жүндей түтіп біткен. Күн көзіне шықса болды... Қолына сылдырлап кісен түседі.

— Іздеу жарияланыпты. Фотоң газет, теледидар бетінен түспейді. Біздің шеф прямо киножұлдызға айналды, — деп Жорик сүйінші сұрағандай тамсанған.

Тепкінің астына алып, қан жалатып жіберейін деп бір тұрды да іштей тыңды. Енді жанынан бұл қашып кетсе, күні кімге қарамақ? Қалтаң-құлтаң жүргенінің өзі көңілге медеу.

Әдеттегідей кештетіп есікті абайлап ашып кірген Жорик: — Шеф, — деді келе сала. — Бір қызық хабар бар. Мә, мына газетті оқы. Кақой-то бір ақынның басы жоғалыпты. Соны тапқан адамға...

Әлім газетті қолынан жұлып алды да әрі қарай сөйлетпеді.

— Шай әзірле. Оттамай!

Мына хабарды оқып Әлім ойға кетті. Қиялы байып, шартарапты шарлады.

— Әрине, сауаптың ісі, — деп өз-өзінен күбірледі. — Әркімнің көз жасына суарылған ақша емес. Арам дүние — байлық боп жұқса жұғар еді ғой. Қалай келді, солай жоғалды. Кемді күн тайраңдағаны кімге дәрі? Қарғыс та — қақпанның бір түрі. Бір тісіне ілінген соң оңайлықпен босата ма?

Әлім осыны ойлағанда өз-өзіне таң қалды. Бұрын «байлар да басқыншы сияқты. Уақытында соққы бері тоқтатпасаң қауіпті. Әлсін-әлсін қолтықтарына қар жағып, сабасына түсіріп отырмасаң, бой бермей кетеді» — деп, дүниенің бәрінен өзінің үлесі, алажағы бардай көретін. Жалдамалы пәтерде бұға қалған соңғы үш ай өзін өзгерте бастаған-ау. Бойы да, ойы да тазара жаздап, баяғы студент кездегідей сабасына түсіп, пәсейіп енді сауап деп отырғанын қарашы. Бір кісідей ақылды, айбатты жігітті осы тар кешуге салып жіберген, қайтып құшағынан босатпай қойған кешегі қоғам ауысқан тоқсаныншы жылдардағы дүрбелең. Жастықтың өзі — жарты мас. Қол-аяғын дедектетіп алды-артына қаратты ма? Айналасына өңшең спорттан тауы шағылған жігіттің сырттаны үйіріліпті. Жайларына қарап жүрмей тақымдары қышып шетелдің жүйрік көлігін мінгілері келіпті. Иықтары қышып, үстеріне қызылды-жасылды бешпет кигілері келіпті. Институттан қол үзе жаздап жүрген оларға мұның алғыр ойы ғана жетіспей тұрыпты. Әлгілермен қант пен балдай боп табысқан... Әттеген-ай!

Шайын ұрттап отырып, терезеге көз тіккен. Түнгі Алматының ұйқыға бас қояр түрі жоқ. Қайшыласа шапқан жеңіл көліктер мен дуылдаған жастар құс базарындай қиқу салады. Көзін тайдырып әкетті.

— Иә, сауаптың ісі, — деді тағы да. Махамбет те мұның өзі сияқты заманында басбұзарлау болған. Хан мен байлардың ышқырындағы битті санатып, басы артығын тартып алсам деп айбат шегіпті. Бірақ ол, алдымен, халқым, қарындасым деген. Бұл ше? Аузын ашса ақша депті, көмейін ашса көр көрініпті. Жоғалған басты ақынын ардақ тұтқан елге тауып беріп, сүйіншісін қалтаға басса, ебін тауып көз көрмес, қол жетпеске жоғалар еді. Аз да болса ар алдында тазарар еді. Қашаған жылқы құсамай адал тірлігін бастар еді. Бірақ қалай? Қайтіп табады ол басты?

Студент кезінде бір мұражайға бас сұққан. Ана батырдың шашақты найзасы, киген сауыты, мына бидің ұстаған қамшысы деген көне дүние көздің жауын алады. Қызықтап ұзақ жүрді. Табанынан тозып барып мұражайдың бір қызметкерінен сұраған: — Осының бәрі рас па? — деп. Жас қыз иығын қиқаң қақтырып біраз тұрды да: — Елден жинап алған зат ғой. Нақ сол адамдардікі екеніне өзіміз де сенбейміз. Жоқтан жақсы, — деп құтылған. Осыны естігенде мұның алақызба көңілі суып сала берген. Әй, бәсе! Сүрініп кеткеніне қарамай, тоңқаңдап алға ұмтылатын бұ қазақ қайдан ғана мұқият, мүттәйім бола қалды десе... Көбі көз алдаған мүлік екен.

— Жорик, кел қасыма, — деді көзіне ұйқы тығылып, маужырай бастаған серігіне. — Әкел құлақты! Құпия сөз бар...

Күн ұясына талықсып барып жығылған. Ақ түн енші алып жатты. Санкт-Петербург шаһары у-шудан басы қатып тұрды. Аспан өңіп кеткен, ажарсыз. Желбегейге тиер жел бар. Нева да тыншыр емес. Бетон жағалауға жеткенше желкелескен толқындар бір-бірін өлтіріп жатты.

Слава сағатына қарап тағатсызданған. Мана көпір жиегінде кездесеміз дескен. Абраам неге кідірді? Жүргінші көп. Ақ сәулеге шомылып сеңдей соғылысады. Әй, бірақ, қысқа күнге қырық жерге көмбе көмген қу емес пе? Тағы бір айла-шарғысы да. Қартайып қалғанымен өзінің криминалды топта беделі бар. Басшысы да, қосшысы да емес. Солардың ақыл қалтасы. Дегенмен соңғы жылдары қашты-қудыдан тартынып, жеке әрекетке жиі барып жүр. Былтыр Айвазовскийдің атақты бір картинасын шетелге түпнұсқа деп жасырын өткізген. Онысы көшірме боп шығып басы дауға байланған. Жаналқымда жиған-тергенін беріп құтылды дескен. Рас шығар. Мұнымен сөйлескенде тісін жасырып, тілін көрсетіп-ақ баққан. Әйтпесе мәймөңкеге жоқ еді. Әне, өзі де келіп қалды. Асығып емпендеп басады. Басының бәрі маңдай. Екі самайда толар-толмас екі уыс шаш.

— Слава, кеше «Россия 24» каналынан берілген жаңалықты көрдің бе? — деген айналасына абай-

лап көз сап.

— Жоқ.

— Ендеше тыңда. Қазақтардың ертеде өлген бір ақынының басы жоғалып кетіпті.

— Жоғалсын.

Өй, сенде бір... Соны тапқан жанға бір миллион доллар ақша ұсыныпты.

— Оны қайдан табамыз?

— Қажеті жоқ. Енді ақылдасатын шаруа бар. Сенің қолыңнан келеді.

— Айта бер.

— Мұсылмандар өз бастарына ие бола алмай жүріп... Өлгендердің басын іздеуге шығыпты. Қапы қалмайық.

— Тапсырма қандай?

— Эрмитаждың қоймаларының бірінде Кенесарының басы сақтаулы. Мен жолай алмаймын. Құйрығымда қоңырауым бар. Сенің жөнің бөлек. Әзірге өмірбаяның таза. Қырағы көзге ілінбегенсің.

— Сонда...

— Сол басты алуымыз керек. Сақтап қоямыз. Қазақтар түбі оны да іздейді. Сол кезде сауда қызады. Қымбатқа өткіземіз.

— Қиын.

— Күзетшінің тілін тап. Қалғаны оңай. Жолын өзім айтам.

— Ойлап таппайтының жоқ, шеф!

— Пайда ортақ. Жарма-жар! Келістік пе? Әкел қолды!

Ақ түнде алысқан қолдар ұзаққа дейін ажыраспаған.

Таң атқалы Қарауыл қол-аяғын бауырына алып, бүлкіл қағып, тыным алар түрі жоқ. Кеңсесіне қайта-қайта кіріп-шығып, есік алдында кезіккен әлдекімен: — Осы Құрақ ағам қайда жүр? Әлгі ұрыларға қолды болған жылқысын тапты ма өзі? — деп сұраған. Онысы жауап беруге ерінгендей бетін тыржитады.

— Қайырым қашқан. Бұлар ағаны іздейтін бе еді? Өңшең безбұйрек неме! — деп даусын әжептәуір көтеріп, біраз адамға естірте айтты.

Кабинетіне қайта оралып, бухгалтер келіншекпен сыбырласқан. Алақандай ауылдың бар жаңалығы, жатып-тұрғаны аузында жүретін жайнақ көз келіншек: — Естіген жоқ па едіңіз? Не ғып айтпағам? — деп алдымен өзіне-өзі таңқалып алды. — Көрші ауданда ұрылармен соттасып жүріп, оңбай жеңіліп, инфаркт алып құлапты.

— Ол қалай? — деп ауыл әкімі шошыды.

— Солай, — дейді үркек жылқыдай ұшқалақтау келіншек. — Мықтымен соттаспа деген. Біздің шалдың арызын заңның тармақтарына салып, айналдырып-айналдырып жіберген судья өзін жалақор ғып шығарыпты.

— Ужас! — деді Қарауыл санаулы орысшасының бірін шығындап. — Дер кезінде не ғып естімегем?

— Ә, — деді бухгалтері есіне енді түскендей. — Өткен жолы өзіңіз кеңседен әлгі оппозиционер Иса екеуін желкелеп шығарған соң бұл жаңалықты сізге жеткізбеген екем-ау.

— Қой, — дейді ауыл әкімі қабағын түйіп. — Осы жұртқа жөнін айтсаң да желкелеген боп көрінеді. Әлгі берекетсіз Иса шығар жүйкемді тоздырған. Құрақ ағам...

Түкке түсінбеген жайнақ көз келіншек қиылып түскен қасын жоғары-төмен дірілдетіп өз орнына кеп отырды.

Ауданға тартып кеткісі кеп бір қопарылды. Құрақ ағасының көңілін сұрап, сорпа-суын жеткізіп... Ақша көрсе бітті, аузы солай қарай қисайып кететін әлгі судьясы түскірмен де сөйлесіп... Қысқы соғымың менен. Қысыр бие. Құрығанда табан шығады десем...

— Бадымша дейім, — деп жаңа ғана отырған орны суып үлгермеген бухгалтер келіншекті өзіне қайта шақырды. — Жаманымды саған ғана айтам, жақсымды — жатқа... Өзімсің ғой... Мен алыс жолға жүргелі отырмын. Қауіп-қатер, бәле-бәтер, шабысы мен табысы да аз болмас. Көрші ауылдағы сыған шатыс карта ашатын келіншек сенің құрбың еді ғой.

— Жай танысым. Қайдағы құрбы...

— Мейлі. Қазір машинама отыр да соған тура тарт. Карта ашып сөйлесін. Алыс сапарға жалғыз аттанғаным қол ма, әлде топ құрап барайын ба? Ұмытпай болашаққа да бал салдыр. Мә, тұтас мың теңге.

— Мың теңгеге бола аузын ауыртпайды.

— Енді ше?

— Құрығанда...

Қарауыл жалма-жан қолын екінші қалтасына сұғып бес мың теңгені Бадымшаның алдына тастады.

— Мә! Тек тездетсін. Бәлденгеніне қарар уақыт жоқ. Үкіметтің шаруасы.

Түс ауып кеткелі ауыл әкімінен маза қашқан. Бұлар неге кешікті деп есік, терезеге жаутандап,

сағатына қарағыштап бітті. Машинаны ызғытып айдай алмайды деп сыртынан шопырын балағаттады. Үстіне әлем-жәлем көйлегін киіп алып ел кезіп кеткен шығар, деп сыған шатыс келіншекті сыбады. Төсекте ылдым-жылдым болғанымен оның да жоқ жерде екі аяғын тең баса алмай қалатыны бар деп Бадымшаны бір түйреп өтті. Тағатты таусып барып күн екіндіге ілінгенде бухгалтері де жетті-ау.

— Сүйінші! — деді есіктен енген бетте Бадымша қиылып түскен қасын жоғары төмен дірілдетіп.

— Көрші ауылда сүндет тойда отыр екен. Қуалап жүріп әзер таптым. Картаны алдына жайып жіберді де талып түсе жаздады.

— Иә, сосын, — деп Қарауылдың құйрығы креслоға сыймай дөңбекши берді. — Айтшы тез!

— Жаңа талып түсе жаздады дедім бе? Сосын «Сүйінші!» деп айқайлап жіберді. Бес мың теңгені өрттей ғып алдына тастай бердім.

— Тоқ етерін айтшы. — Қарауылдың жүрегі үлпілдеп, жаны шығып кете жаздады.

— Сапарға жалғыз өзі аттансын. Жоқ іздеп барады екен. Мақсатына жетеді. Мол олжаға кенеледі. Қанжығасы майланады. Ауылға абыройы асқақтап қайтады, — деді.

— Алла-ай, не дейд? Күткенім осы ғой! — деп орнынан опыр-топыр атып тұрып Бадымшаға ұмтылған. Жайнақ көз келіншектің келе қылдырықтай белінен екі орап құшақтап, қаймыжықтай ерніне ауызды салған.

— Мұртыңыз... Жаным-ай..., — деп Бадымша жұтқан демін жартылай шығарып, буыны құрып бара жатты...

Экспедиция мүшелері Мәскеуге аттанып кеткенімен Аризонада екі адам негізгі топтан бөлініп қалып қойған. Бірі — Ноэль да, екіншісі — Коля Петров. Ноэль қорғанды әлі де ұңғи қазғысы бар. Құпия көмбе табар. Ғылымда тосын жаңалық ашар. Құпиясы болмаса апачилер осыншама зәулім ғып қорған үйер ме еді? Оған мамонттың басын көміп, қарауыл қояр ма еді? Жо-жоқ, тегін емес. Әрі ұстазы соңғы жылдары жіңішкелеп ауырып жүр. Атағын да, абыройын да өзі еншілесін. Жасаған сияпаты болсын. Көңілі көтеріліп, көркем сабыр алар.

Осы ойын Харлинге айтып еді: — Қорғанды сенен аяр дейсің бе? Әлің жетсе ақтара бер, — деген.

Ал, Коля Петровтың жөні бөлек. Әке-шешеден жастай қалып «Балалар үйінде» өскен. Үйленіп еді, сәтсіз. Дала кезіп алты ай жаз үй көрмейтін немені қайтсын. Кезекті сапардан оралғанда келіншегі жаңа күйеуімен жарасып отырыпты.

— Тәпішкіме дейін аяғына кигізіп қойыпты, — деп кемсеңдейді қамкөңіл жазған. — Орыстың бүкіл еркегі құлдықта жүр. Әйелінің қолына кіріп. Түбі біз оңбаймыз!

Негізгі топтан жырылып қаларда тайпа көсемінің алдына кеп шөкелей жығылған. — Жетім өскем, жалғызбын. Үй-күйім жоқ. Осында қалайын. Тайпаңызға алыңыз.

— Не үшін? — деп қызыл иек шал сығырая қарайды.

— Еркіндік үшін!

— Ойың әлі піспепті. Дүниенің қол-аяғы байланған. Ал, сен еркін болсам дейсің.

Сонадай жерден байдан жастай қалып, құмардан шықпай жүрген Луиза көлденеңдеп өте берді.

— Бәрібір сіздердегідей еркіндік еш жерде жоқ.

— Ендеше ант бер. Адалдығыңа!

Петров еңбектеп кеп тайпа көсемінің қолын сүйіп жатты.

— Ант!

— Сен орыс емес, енді апачисің!

— Құп!

— Бар. Анау шет шалашыңның орны. Көтеріп ал!

Қайып пен Дүрия ертеңгі шайдың үстінде әрі-бері ырғасып, бір-біріне жеңістік бермей біраз отырды. Ықас пен Қашқарияның атын естігенде шабына шоқ түскендей мөңкіген келіншек Баймаханмың аты аталғанда сәл-пәл саябырсығандай болды. Осы тыныштықты пайдасына жыққысы келген күйеуі тұқшиып, теке сақалымен қайта-қайта тамағын шөткілеп — Ым... Соны айтам. Артынан ақылға салсам кінәнің көбі өзімде екен. Тентекті тезге салып қалған тектінің тұқымы емеспін бе? Қақ шекеден қонжитып жіберіппін... Ұят екен.

Дүрия күйеуінің көкейінде не жатқанын сезіп отыр. Бұл Ықастарды маңайлатпай қойған соң енді Баймаханмен тізе қоспақ. Сәтін салса олжа бөліспек. Атақ-абыройға ортақтаспақ. Сонда да әйелдік менмендігі қайтпай:

— Құдайға не жаздық, бас деген пәле шықты ғой. Тып-тыныш өмірімізді аласапыран етіп. Жұрттың бәрі дүрлігулі. Құлақтарын қайшылап, бұрыш-бұрышты тіміскілей бастапты. Өңшең ашкөз неме.

— Миллион доллардың қызуы шыдата ма? Бұдан да өткен сорақысын көрерміз әлі, — деп Қайып үнін тіпті жусатып келіншегінің ыңғайына құлай берді.

— Әлгі Ноэль деген қаңғыбас Аризона штатында жүрген көрінеді.

— Оны қайдан есіттің?
— Кеше телевизордан берді. Тағы да көр қазып жүрген шығар. Сұғынбаса, жүре ала ма бұлар?
— Сонымен Баймаханды қонаққа шақырып... Үстіне бір костюм кигізіп жіберейік.
— Костюмнің не? Бес-алты шапан тұрған жоқ па үйде? Етегін сүйретіп жап соның біреуін. Ата дәстүр деп. Ит ішкірдің суып қалғанын қарашы, — деп Дүрия кеседегі шайын кері ысыра салды.

Қайып та әңгіме суымай тұрғанда орнынан жедел тұрып, телефонға қонған.

— Байеке-ау, — деп бастаған сөзін. — Есенсіз бе? Жо-жоқ, тыңдаңызшы. Қаласы түскірдің адамды бір-бірінен суытып, алшақтатып жіберетіні бар ғой. Әйтпесе, анау егіз төлдеген саулықтай мекіреніп жүретін Ықасқа қарағанда осы екеуміздің шыққан тегіміз, түп-тамырымыз бір емес пе еді? Жо-жоқ, тыңдаңызшы. Арамыздан шайтан жүгіріп, алауыздық өткен шығар. Ұмытайық. Әбден уайым мендеп, ине жұтқандай боп жүрмін. Дүрия да өзін-өзі іштей кеміріп, сізді айтып күнде жылайды. Мені жазғырады. Сенің мінезің құрсын, кәпір, бетім күйіп көшеге аттап баса алмай қалдым деп. Қойымызды сойып, қолымызды қусырып отырмыз. Бүгін кешке деп... Денсаулығым болмай жүр дейсіз бе? О, шіркін кімде бар дейсіз. Жүрегіңіз кең еді ғой... Ой, бәрекедді. Азаматым сол. Сөйтейікші!

— Мына әдірем қалғыр неге шалқаяды сонша, а? — деп манадан бергі әңгімеге құлақ қойып тұрған Дүрия тұлыптай боп денесін былқылдатып байының қасына жеткен. — Неменеге табанын жалайсың, сонша, а?

— Бәйбіше, сабыр. Бәрі саясат қой. Дымың ішінде болсын. Оң қабағым қоймай тартып жүр. Тіпті ұйықтап жатсам да, — деп Қайып көзін ойнатып басылды.

Дәм-тұздан майысқан дастархан басында ілкіде Баймаханның қабағы ашылықырамай отырды. Алдына келіп, үй иелері аузына тосқан астың денін жанындағы келіншегіне қарай ысырып, өзі шекіп қана қойған. Жортқан жыланның аяғын санап жіберетін Қайып иығына дереу зерлі шапанды әкеп жапқан. Дүрия да қалысар болмады.

— Біз әйел пақыр қашанда тілекшіміз ғой, — деп көзіне жас алған. Тіпті жүзі әлемтапырық боп, бет-аузы суланып кетті. — Пайғамбар жасына келдіңіздер, кең дүниені тарылтқандай не жетпейді осы сіздерге деп, мына Қайыпты да нығыртып біттім. Құдайға шүкір дейік. Осы екеуіңіздің дәреже, атақтарыңызға дұшпан түгелі, дос-жаранның өзі қызғанышпен қарайды. Сөйтіп, бір аяқтан бал татып жүргенде өкпелескендеріңіз жанымды шабақтап бітті. Байеке, сіз түсінесіз...

Дүрияның даусы қарлығып, жіпсіңкі көзі жұмылып кетті. Келіншегі қысылып, жүзіне жалтақтап қарай берген соң оқтау жұтқандай боп отырған Баймаханның да ішіне жылу жүгірді.

— Айтам ғой, осы Қайекеңе қарағанда Дүрия көшелі, — деп алдындағы виски толы бокалды көмейге бір құлатты. Өкпе-наз осымен өшіп, дүниенің бас-аяғы кеңіп, әңгіме желдей есіп жүре берді.

Сөз ауаны ауа-райынан басталып, әлемнің әр түкпірін жедел кезіп өтті. Саясат пен экономика да таразыға бір-бір түсіп шыққан соң қолданыстан қалды. Экология мен адамгершілік ахуал да дастархан басында көп тұрақтап тұра алмады.

— Жастардың арасында ажырасу көп дейд. Той жасап, кернейлетіп-сырналатып қосылғандардың үштен бірі жыл айналмай жатып көрпе-жастығын бөлек ала қашады екен, — деп Қайып қабағына әжім батыңқырап кіржиді.

— Ауыздарынан ақ май ағызып қойған соң ажыраспай қайтсін. Тәртіп жоқ, шектеу көрмей бетімен лағады. Білетіндері — сауық-сайран, сауна...

Дүрияның жіпсіңкі көзінде жылтыл оянып, қонақтармен қосылып вискиден шүп еткізіп бір ұрттап қойды.

— Тәнін сатып, жанын сатып, — деп Баймахан екпін алып келе жатыр еді, сауысқаннан сақ келіншегі қабағын шытып, сөзін зая жіберді.

— Басқа әңгіме құрып қалғандай...

— Осы Ықас көрінбейді, қайда жүр өзі, — деп Дүрия іле жөнелді. — Өзі — ынжық, қатыны — саудагер. Тиын сауып, ақшаның мөрін жалап... Тіпті әлгі қыздарына дейін шапшып, Қайыптың бетін тырнапты.

— Ойбай, не дейд?

— Онысы ұят екен.

— Ұят емес, өлім десеңізші, — деп Дүрия Баймаханды қостай кетті. — Енді сол Қашқария тобығы қисайып, жоғалып кеткен басты іздеймін де табамын деп, шала бүлініп жатыр дейд. Ал кесіп ал!

— Махаңның басы қатын-қалашқа дейін қолжаулық болды-ау.

Қайып терең күрсініп, иінін төмен салды.

— Сыйақысы бар болсын, біз таптық, әлі де зерттей түсеміз, ақиқатын анықтап кітап жазамыз десек бір жөн. Атағымыздан аттылы адамның өзі ығып тұрады. Бұл не қылған бейбастақтық? Тарихқа — қиянат, ғылымға — зорлық емес пе, мұнысы? Қайран ақын тірісінде-ақ;

— Қаумалаған қарындас,

Қазақта бар да, менде жоқ, — деп біліп айтқан.

Баймаханнның мына сөзі манадан бері өзі батпай отырған келелі әңгімеге әкелгеніне Қайып қуанып қалды.

— Паһ, паһ, — деп басын шайқап, иығын қомдады. — Айтады-ау, шіркін! Әр өлеңі өзегінді өтер өрт қой, өрт. Заманында қарындасы болмаса болмаған шығар, қазір бар. Біздің Дүрияш ақынмен рулас. Тіпті қыз алыспайтын аталас десе де артық етпес. Ортаға түсіп айырып тұрған төрт-бес шал. Демек, Махамбеттің туған қарындасы. Ешкімнің дауы жоқ.

— Ол рас, — деп Дүрия бұл сөзге қуәлік бере бастағанда Қайып кеуделеп кеп қайтадан килікті. — Жарықтық енеміз осы қызды босанарда неге жерік болғанын білесіздер ме?.. Ендеше айтайын. Айдаһардың етіне!

— Құдай басқа салмасын! Не дейд? — деп қонақтар үрпиісіп қалды. — Бұ заманда айдаһар табыла ма?

— Атамыз тауыпты. — Қайып көзін алақ-жұлақ еткізіп айдаһарды өзі ұстап алғандай қызынды. — Енеміздің жеріктігі сондай, кекіріп, бақырып кеттім-бардым деп айналасын бездірген. Ақыры атамыз шыдай алмай кертөбеліне ер салып Ашақты жағалап, Қошалақтың қырын түгендеп, Ақжонасты айналып соңында әйгілі Кененбай үңгіріне жеткен.

— Баяғыда кәмпескеге түскен байлар алтын, күмісін тығатын орын ғой онысы, — деп Баймахан қостады.

— Дәл өзі! Әрі-бері үңіліп қараса көзіне ештеңе ілінбепті. Ертеректе Мәскеулік мұнай іздеген экспедиция от қойып, үңгірдің аузын жарып кеткен. Жырым-жырым жақпар тас. Түбінде бүлкілдеп аққан су даусы.

— Тоқ етерін айтсаңшы. Ас суып қалды.

— Иә. Содан қой, болмас, деп кері жөнөп берген. Едәуір жүргенде соңынан құлақ жарған ысқырық естіліпті. Жалт қараса айдаһар дейд.

— Алтынды күзетіп жатыр десеңші!

— Солай шығар. Қос қанаты бар дейд. Күн сәулесімен күміс арқандай аударылып-төңкеріліп қуып кеп береді. Ысқырығы жалын бүркеді. Астындағы кертөбел ат қорыққаннан қаша алмай қалтырап-дірілдеп қан шаптырып жіберіпті. Атам болса қыл арқанды қолға ап басынан асырып бұлғап-бұлғап жіберіп кеп қалады. Асау ұстап үйренген әккі адам. Бұғалығы айдаһардың мойнына сарт етіп ілінген. Содан аты шығандап ала қашып, өзі «Аллалап» арпалысып ауылына жеткен. Айдаһар қылғынып өліпті.

— Уһ! — деді Баймахан сенер-сенбесін білмей. Мына хикаяның біткеніне шүкірлік еткен сынды. — Тегін болмады Дүрия ханум!

Ақынның жаңадан табылған қарындасы үшін көтерілген тостыдан соң тоқ басамыз деген сәтте желік кернеген Дүрия: — Ағамның басын әркімге қор етпей өзім жоқтаймын. Ертеңнен бастап сыбаһнып екеуміз шығайық, — деп Баймаханнның жұбайын көзімен ішіп-жеп барады.

— Жо-жоқ, рахмет. Саулығым жоқ. Ренжіме, — деп сауысқаннан сақ келіншек безілдеп кетті. — Мен тілектес боп үйде отырайын.

— Дүрия баста — өзің. Біз Қайып екеуміз көмекшіңе жарармыз. Алтын балықтың үйіріндей боп жүрейік. Арамызға кім түсер екен. Иншалла дейін.

Осыны айтып Баймахан дастарханға бата берем деп алақанын кең жая бергенде есіктің қоңырауы жын қаққандай шырылдап қоя берсін. Тоқтау жоқ. Дүниені бездіріп барады.

— Ықас шығар, — деді Қайып өз-өзінен үркіп.

— Мас біреу де.

— Қаңғығандар аз ба?

Дүрия көп бөгелмеді, жұлқынып барып құлыпты сылдыратып есікті ашты.

— Кімсің? Адамсың ба, перісің бе? Бүкіл елді шошытып, — деп танауының суағар тұсын таңдап кеп қона қалған бір шөкім мұрты бар бейтанысқа сестеніп біраз тұрды. Түймедегі қолын сілкіп жіберді.

— Адаммын, жеңеше. Қайып көкеміздің үйі ме? — деп айқара құшақ қызыл гүлмен Дүрияны көміп жіберді. — Ауылдан едім. Кең жайылып жабайылау өскенбіз, кешіретсіз. Есімім — Қарауыл.

Ілгері озып төрдегі ағаларымен, сауысқаннан сақ келіншекпен ілтипат төгіп амандасқан соң Дүрия жеңгесінің иіліп кеп оң қолын сүймекке ниет еткен. Саусақтарына дейін қымбат маймен сылап, ол аздай француздың әйгілі әтірін сепкен бапты қолдың жұпар исі көз алдын бұлдыратып, танауын қытықтап, ерні енді тие бергенде түшкіріп кеп жіберсін.

— Ойбай! — деп Дүрия баж ете түсті.

Қайып алғашында мына түн жамылып, түсі қашып келген пәле әйелінің қолын тістеп алған екен деп шошыған.

— Сорлы басым, — деп жыларман болған Дүрияға қараса, қолынан мәкірік пе, сілекей ме тамшылап тұр. — Мынаны не істеймін?..

— Үйге олжа келді, оңай олжа! — деп Баймахан шалқалап кеп күлсін. Оған сықылық атып сауысқаннан сақ келіншек бірікті.

— Қалалық жердің мәдениеті ғой деп... Тұмау тиіп жүрген, кешірерсіз.
Қарауыл теке сақалы шошайып, едірейе қалған Қайыпқа мүләйім қарады.
— Көке, ғапу етерсіз.
— Ұшынып кетпесек болды, — деп басылды үй иесі. Алдында түріп айдап шықсам ба деп бір тұрған. Өзін көкелеген соң дәті бармады.

— Олжа! Сүйіншісін беруге болады, — деп Баймахан әлі шалқалап жатты.
— Ал, жарқыным, жөніңді айт, — деген Қайып тыңнан келген қонағына, дастархан басына қайтадан құйрық басқан соң. — Кімсің? Не шаруамен жүрген жансың?

— Махамбет атамыздың жамбасы тиген ауылдың әкімімін. Аяулы ақынның алдында жуылмас ұятымыз бар. Ұят біреу, бет екеу. Қайсысына жеткізерсің. Басын жоғалттық. Осы жақтан бір жылы леп ескен соң... Елдің ақсақалдары ақылдасып... Қос қолтығымнан көтеріп... Енді қарап отыруымыз жараспас... Басы-қасында бол деген соң... Олардың лебізі бізге жазылмаған заң ғой... Сосын алдымен көкелеріме сәлем берейін деп... Сырттарыңыздан өздеріңізді тірі әулиедей көріп отырамыз. Алдарыңызды торғай адым кесіп өтсек біз үшін өлім ғой...

Мына жылы, жұмсақ сөз бәрінің шырайын кіргізді. Баймаханның іші кеңіп, алдындағы бастың бір құлағын кесіп алып Қарауылдың қолына ұстатты.

— Ой, Баймахан аға, сізді он шақты жыл бұрын елге мерейтойыңызды өткізуге жеңгеммен бірге келгенде көргенмін. Көзіңізге түсе қоймаған шығармыз. Үлкен басшылар бар, біз қазан-ошақ басында жүрдік.

— Е, бәрекелді, өзіміздің бала екенсің.
— Біздің ауылдың азаматы екеніңді құтпан айғырдай кісінеп келгеніңнен-ақ сезгенмін, — деп Қайып Дүрияға қарап жымың қақты. — Бәйбіше, елден қайның келді. Тығындың болса шығара бер...

— Шырағым, сол шаруа бізді де тыныш ұйықтатар емес, — деп Баймахан сөз алған. — Бұл қазақтың сүйегіне таңба! Өшпес дақ! Осы отырғанда жанымызды шабақтап отырмыз. Қалай табу керек? Қайдан іздеу қажет? Қай имансыздың қолында кетті? Міне, ертеңді-кеш әңгімеміз осы.

— Бейтаныс қалада мен не бітірем? Тақам қисайып екі-үш көшені айналғанда болдырармын. Жоқ іздеген сіздерге жәрдемші болсам жарайды.

Мына сөз Дүрияны қолды-аяққа тұрғызар емес. Қауырсындай ұшып-қонып ортаға француздың қымбат коньяғын қойды. Қойдың туырылып тұрған тоқпақ жілігін Қарауылдың алдына әкелді.

— Ағаның үйі — ақмешіт. Қашанда қош келдің. Бү күнде өстіп еркелеп келетін қайныға зар болдық қой, — деді сосын тәттілеп. — Өзім демесе көкелеп келе ме? Қысылма, айналайын, еркін отырып ас ал.

Өзіне сөз кезегі тигенде орнынан тебіреніп көтерілген Қарауыл жақында жаттап алған ақынның бір шумақ өлеңін есіне түсіре алмай, біраз бөгелді. Қанатың қатты, мойның былқылдақ деп қай құсты айтып еді? Нені қорып жүрсің деді? Жалғыздықтан неге жапа шекті?

— Әй, құзғындар, құзғындар, деген жаны торыққанда ақын.
— Қой, құзғыны несі?
— Әй, қызғыш құс, қызғыш құс, деген Махамбет. — Қайып қонағына ауыз көмек жасады.
— Иә, қызғыш... Көл қорып жүріп ол да кетті. Ел қорып жүріп, ақын да өтті бұл пәниден. Соңында иіс алмас мен сияқты өңшең шөп пен шөңге қалды. Адал ниеттің үстінде отыр екенсіздер. Сіздер — басшы, мен — қосшы. Бізге атақ та, ақшасы да керек емес. Абырой керек, абырой, — деп кемсеңдеген. Жас таппады.

— Жаны шырқырап жүр екен!
— Міне, жөн білетін атан жілік азаматтың сөзі!
— Адамды ішпей-жемей семіртетін осы көңіл ғой!
— Ауылдың кеңдігі-ай, осы! — десіп дастархан басы дүрлігіп кетті.
Сол күні Қарауыл ас үйде Дүрия жеңгесімен сыбырласып, көрер таңды көздерімен атырған...

Қыркүйек айы тусымен ыстықтың беті қайтып, күн көзін жұқашап бұлттар көлегейлеген. Тынық мұхиттан ертеңді-кеш ескен самал қунатып сала берді. Жанға желпу. Басқа сая. Бірер апта тынығып, әл жинаған Ноэль жанына Петровты алып тағы да қорған жағалаған. Тақиядай төңкерілген, бір бұрышынан мамонттың басын суырып берген ұшы-қиырсыз қорғанның қай тұсын шұқырын білмей дағдарды. Осы бір ой буды сәтте есіне көрген түсі оралған. Не деп еді Апачи? Ала аттың үстінде отыр екен дейд. Қолында шиті мылтығы бар, қатулы, қарасұр жүзін қадап тұрып:

— Ей, бала іздегеніңді таптың ба? — деген жоқ па. Бұл күбірлейді. Өз даусын өзі естімейді. — Бағытың дұрыс. Мойын бұрма. Олжаң алдында!

Түсті ғана дәме қып, көзінің оты жасыған шақта жанына Харлин келген. Көптен көрінбей кеткенді. Вашингтоннан оралыпты.

АҚШ президентін тағы да сотқа беріп келдім, — деді мұңайып. — Бұлар атамның бас сүйегін әлі күнге қайтармай жүр.

Ноэль осы құрлыққа өкше көтерерде Джеронимоның тарихын ежіктей оқыған. Бар-жоғы отыз сегіз жігітімен қоса ұрыс салған ер ғой. Соңына қиқулап түскен бес мың әскер отыз жыл бойы құрықтай алмаған. Кейіннен генерал Нельсон Майлзға өзі кеп беріледі. Онда да қара басының қамы емес. Бір уыс халқын түгелдей қырып алудан сақтанып. Басқыншының уәдесі — сынап үстінде сырғиды. Ақыры Сиэтл айлағында жәнтәсілім еткен. Араға он жыл салып Прескотт Буш Апачидің құ басын көрден кері қаздырып алған.

Не үшін?

АҚШ-тың әскерге жаңадан алынған әр жауынгері атамның бас сүйегін сүйіп ант береді.

Ант?

Иә. Жауыма қатал да мейіріміз тіпті шектен шыққан қанішер болам деп! Сол үшін де қайтарар емес.

Тұла бойы түгіл шымырлап Ноэль сең соққандай күйге түсті. Алматыдағы шағын пәтері... Ой меңдеп, жүйке тозған шақ... Махамбеттің бас сүйегі... Маңдайында ғайыптан пайда бола кеткен жазу... Не деп еді? «Исі мұсылманның жақсысы мен жайсаңы — тағдырың осы. Таңда да жұбан». Таң алды еді. Көзі кілегейленіп қайта-қайта үңілген. Апыр-ау, не дейд? Ғазиз басымызға қылыштан басқа нәрсе бұйырмаған ба?

— Заманында Рим папасын құрдай жорғалатып, қолынан сүйгізген Еділ патша қайдасың? — деді Ноэль өз-өзіне симай. — Бейбарыс баба діні бөлек Дәуіт пайғамбардың зиратына атпен кірген жоқ па ең? Өзге жұрт екі бүктетіліп енер есіктің төбесін бұздырып. Еңкеймеймін, ер басымды имеймін деп! Қайда сол өршіл рух! Қайда сол бастар?! Әлде баспен ойнау ойынын алдымен бастаған өздерің бе? Ендеше неге аяқтап кетпегенсіңдер?! Қазы-қарта шайнап, қымыз ішіп, қыз құшып жүргенде дүние-кезек екенін естеріңнен шығарып алғансыңдар-ау, шамасы.

Жорик Алатаудың аспа-түспе етегіндегі жоталарды ұзақ кезген. Қазақ пен орыстың қорым боп жатқан өлі ауылын сырттай төңіректеген. Топырағы тозбаған жаңасына жоламай ескісін аңдыған. Ақыры Талғар қаласының күншығыс жақ бетіндегі қыратқа кеп тоқтады. Асықпай аралап, бетіне құрай шығып, шет топырағы көрге ойылып түскен екі-үшеуіне сырттай ен тақты.

Жақын маңдағы жартастың тасасына құйрық төседі де, таң атқалы арқасына жабысып түспей қойған рюкзағын ақтарған. Алдына газет жайып, бір шөлмек арақ, шұжық пен нан шығарған. Ыстық өтіп, тер көзіне құйылыпты. Ерні жарылып, шөл қысқан. Дем басып, асықпай қимылдауға ойдағы олжа байыз таптырды ма? Дедек қақтырып сай-саланы кездірді. Шефтің де ойлап таппайтыны жоқ... Арағы қыз-қыз қайнап тұр екен. Алғашқысын жиіркеніп жұтып еді, кейінгілері бұлақ суындай көрінген. Құрыс-тұрысы жазылып, дүние дидары кеңіп сала берді. Бұрқ ете түскен тер қатып, таудың аңқылдақ самалына кеуде тосты.

Жорик дүниеге осындай тұлдыр жетім боп келмеген. Әке-шешесі Алматының құрылыс тресінде істеген. Бірі — тас қалаушы, екіншісі — әктеуші. Өзінен бірер жас үлкен әпкесі Надя екеуі балабақшаға да қатар барды, мектепті де қол ұстасып бітірді. Бұл мектеп бітірер жылы Одақтар енші бөліскен. Жергілікті қазақтан өзге ұлт ұлы анасынан адасып қалғандай күй кешкен. Инфляция күн сайын ауыздық бермей асқынған. Құнсызданған тауар мен тағам болса бір сәрі... Алуан түрлі ұлтшылдық ұрандар көтерілген. Бұратана деген ұғым бастарына қара бұлт боп төнген. Уақыт легін оқиғалар тізбегі басып озған берекесіз кез еді. Қала ортасындағы үш бөлмелі пәтерін, Көктөбенің шекесіндегі саяжайын сатысқан. Атажұртына аңсары ауған елмен бірге көшке ілескен. «Жигулиге» тиеліп Рязань асқан.

Келе қала шетінен бау-бақшалы жайлы қоныс алған. Жиһаз таңдаған. Тоңазытқыш, телевизор жеткізген. Жаңа қонысты жайнатып кілем жайған. Көрші-көлем жиналып келіп еді... Ашкөзденіп тұрып алды.

Қаңғып қайдан келдіңдер? — десті.

Сендерді кім шақырды? — десті.

Бұл неткен аста-төк байлық? — десті.

Буржуй, әкел арағыңды, жуасың, әйтпесе, — десті.

Сағынған елінің сиқын көріп әке-шешесі аңтарылған.

Ата-бабамыздың ежелгі мекеніне келдік, — дейді шыр-пыры шығып.

Қазақ та бір — маңыраған қой да бір. Оңған халық емес. Дүре салып қуды. Ойбайлап қашып шықтық. Өз орысындай қайдан болсын, — дейді көздеріне жас беріп.

Секемі көп. Сенер емес. Көрген құқай күн санап асқынды.

Дүние-мүлік жиғаннан басқа шаруасы жоқ. Бұлар таза орыс емес, оңбағандар, деп — кіналасты.

— Қаңғып-қаңғып қазақ боп кеткен келімсектер. Көр де тұр бұлар кәнігі дәстүрімізді бұзады — десті.

Келген жағына қарай қайтадан қуайық. Бүгін арақ ішкенмен ертең бас жазуды білмейді. Өңшең надан, — десті.

Сор айдады. Жылы орнымызды суытып қайдан келдік? Еркегі самогон сауғаннан, қатыны қарғыс пен картошка қазғаннан басқаны білмес бұл неткен жұрт? Байлықты балағаттап, жоқ-жітігін мақтан тұтқан қандай ел? Өз орысымыз өзегімізге тебер деп кім ойлаған? — деп әке-шешесі жер шұқып қалған. Сатып құтылайын десе үйін алар адам жоқ, қашып құтылайын десе барар жер, басар тау жоқ...

Бір күні бәрі Рязаньға барып келгендерінде үйінің күйе шалған төрт қабырғасы мен өндірішегі сорайып тұрбасы ғана тұрды. Өшіккен топ өртеп жіберіпті... Үш жылға жетпеді, әке-шешесі қайыршы халға түсіп қайғыдан өлді. «Жигулиді» иеленген Надя ақыры байға тиіп құтылды. Өзі ұрлыққа араласып, екі-үш тұтылып Алматы асқан. Әлімдермен сыбайласқан...

Қараңғылық қанатын қаусырып, қуалап кеткен ойын үзіп, рюкзагына қол созды. Ішінен сабы екі-үш қарыс сапер күрегін, жіп пен кішкене айбалта, пышағын шығарды. Аш бөрінің көзіндей жылтылдатып қол шамын жағып, өшірді.

Бетіне құрай шығып, шет топырағы көрге ойылып түскен ескі қабірге беттеген. Келе жүрелей кетіп сапер күрегін қолға алды. Кірш еткізіп жерге қадады да, ойланып қалды. Шеф не деп еді? Бұл асай-мүсейін рюкзагіне тоғытып жатқанда: — Әй, Жорик, — деген сұқ саусағын безеп. — Әкелетін басың әбден сартап ескі болсын.

Жарайды.

Сосын орыстікі емес, қазақтікі болсын.

Оны қайдан білем?

Моладан. ДНК арқылы анықтаса ұсталамыз.

Жақсы.

Тез жеткіз. Екеуін. Жаның барында!

Сеніңіз.

Зыт!

Сапер күректі көр топырағына кірш еткізіп қадады да қаза жөнелді. Ай туып алыстан орағын қайрап тұр. Жұлдыздар өрісіне кетіп барады. Тау қуалаған салқын самал бойын тітіркентті. Күрегі тереңдеген сайын елең қағып елегізеді. Иесіз жер емес. Әлдекімдер бұлкіл қағып аңдып жүрмесе не қылсын? Тықыр еткен дыбыстың тасырға ұласатыны несі? Тіпті жаңа зираттардың төрт құлағы алаң-құлаң етіп кісі шақырып тұр емес пе? Ата-бабасының көрін қазған кісәпірді түн жамылып келіп тырп еткізбей басса...

Күрегі тарс етіп тасқа тиді. Жо-жоқ беріш боп қатып қалған ағаш екен. Айнала топырағын аршыған. Қаз-қатар қаланған тақтайларды күштеп жұлып алғанда алдында ақсұңке сүйек жатты. Аш бөрінің көзіндей қолшамын жылтылдатып, айбалтаны қылдырықтай мойын омыртқаның тұсынан аянбай сілтеген... Үсті-басын қаққыштап жанындағы екінші зиратқа беттеген... Таудың түнгі аңқылдақ салқын самалы есіп тұрды.

Қорғанның төбесінен бастап қазған. Жас жігіттер жанын салды. Аумағы тай қуалап ұстардай, тереңдігі кісі бойы қол созымға жеткенде сынған жебе, түсі өңген қауырсын, тізбелі моншақ, кісінің тоқпан жілігі шыққан. Артынша төңкерілген қара қазанның түбі көрінді. Еппен көтерген, әр жерінде сыңар тиындай тесігі бар. Өзі ауқымды да төрт құлақты. Тайпа көсемі тағат табар емес. Айқай сап апачиларын жинады. Қызыл иегін көрсетіп күледі. Суалып қалған көзден бірер тамшы жас тауып кемсеңдейді. Ақыры есін жиып: — Бұл есте жоқ ескі дәуірдегі мұра. Ата-бабамыз ас пісірген. Дәм татқан. Енді ырысымыз ортаймайды. Жоғалғанымыз табылады! Үзілгеніміз жалғанады. Сор қашады. Бақ қонады, — деген. Сөйтті де бүкіл тайпаның алдында мұның мойнына алуан түсті сылдырмақты орай да орай салған.

— Сен енді апачисің. Тайпаның құрметті мүшесісің!

Қара қазан жайдан-жай төңкерілген бе? Астыңда қадым дәуірдің бір құпиясы жатпасын. Әйтпесе неге сонша жеті қат жерге жасырды. Кімнен? Бауырынан өрген ұрпағынан ба? Жөні жоқ. Тағы бір күрек бойы тереңдеген. Сыртқа шыққан топырақтан бүйірі бұлк етіп... Сынық сәуледей жылт етіп... Ұмтыла беріп суырып алған... Күміс тостақан! Бүйірінде сына жазудың ізі тұр.

— Таптым! — деді Ноэль сонда айқайын сап. Өз даусынан өзі шошыған.

— Таптың! — деген Апачидің қарлығыңқы даусы тау жаңғыртты. — Жарадың, ұлым!

Бұл жолы да Си-Эн-Эн ақпарат агенттігі іліп әкетіп. — Шаяхметов Солтүстік Америкадағы Аризонa резервациясы қорғанынан тағы да күміс тостақан тапты. Ол Қазақстандағы сақ қорғанынан табылған тостақанның сыңары. Бүйірінде «Сен де мендей боларсың» — деген сына жазу бар, — деп дүние жаңалығына құлақ тосқан жұртты желді күндей желпілдетіп жатты...

Кері аттанатын күн де жеткен. Харлин Ноэльді қапелімде құшағынан босатар болмады.

— Сен бізге бұл өмірдің ұлы жұмбағын шешіп беріп барасың, — деген. — Кіңдік жұртымыздың тым-тым алыста екенін сезетінбіз. Бірақ тап баса алмай қойғанбыз. Сен туған өлкеден бабаларымыз не үшін ауа көшкен? Сыңараяқтап теңіз кешіп, құрлық асқанда не іздеген? Аңсап жеткен жұмағы осы ма?

— Әлі талай кездесерміз, — деген Ноэль. — Жер шары дөңгелек қой.

— Ол рас, дөңгелек. Бірақ үндістер үшін төрт бұрышты, — деген Харлин резервацияны нұсқап. — Дөңгелеуі қиын!

Мехикоға жете бере Харлин қалтасынан төрт бүктеулі газет көшірмесін алған.

— Оқы, досым. Біздің халықтың бар соры осының бетінде тұр. Бұл генерал Нельсон Майлздың Америка Президентіне жазған қызметтік хаты.

«...Үндістердің бас асау үш бұтағы инк, майя және апачи тайпасын өзара алауыз еттік. Қару-жарақ бердік. Ішімдікке құмарланды. Бәсекелестікті қыздырдық. Билікке таластырдық. Ақыры бұлар бір-бірін малша бауыздады. Ұлттық намысы өшті... Оп-оңай қолға түсті. Бұл тәжірибені болашақта өзге де халықтарға қолданса кереметтей нәтиже береді деп білемін. Тапсырмаңыз толықтай орындалды.

Бір қызық жайт, аттан құлап жан тапсырған Джеронимоның үш күннен соң басын кестік. Бөлек көму үшін. Сол кезде қаны бетіме шапшып кетті. Ып-ыстық. Өлсе де қайнап жатқан бұл не деген құдірет? Таң-тамаша қалдық. Бәрі де ештеңе емес, содан бері екі көзім қып-қызыл. Жусам да кетпейді.

Түсінікті, — деген бұл өзге сөз таппай.

Сол Президент кейіннен бейбітшілікті қолдағаны үшін Нобель сыйлығын иемденді, — деді Харлин. — Газет көшірмесін саған берейін деп алып шыққам. Бір қажеттеріңе жарар. Салып ал.

Мехико-Мәскеу рейсіне отырғызу басталған. Ноэль жедел басып өте берді. Елге деген бейшара бір сағыныш бойын әбден меңдеген-ді.

Сәскеде төсегін жиған Қашқария асүйге кіріп шай қойған. Бірер шынының шетін тістеген соң денесі жіпсіп, көңілін демдеді. Апта бойы тамырдай тарап кеткен көшелерді кезіп, әр үйдің ауласын сығалап діңкелеген. Табаны үлбіреп ойылып қалыпты. Бірінші Алматыда қайбір жөні түзу жұрт бар? Аулада әрлі-берлі жүгірген иті ғана арпылдаса екен-ау. Тіпті бірінде шүңкиген сақалы бар, шүңірек көз шал шаужайына жармассын.

Дәурен дейсің бе? Білем. Пәтерімізде тұрған, — деп өңмеңдесін. — Кімісің? Қарындасысың ба? Жақынымын.

Түстіңдер ме қолға? — деп білегінен шап берді. — Түгімізді қалдырмай тонап кеткен. Қазір бәлем!... Көрсетейін!

Ойбай, мен іздеген Дәурен жас жігіт. Қайдан мен қарындасы болам? Шешесімен жастымын.

Кемпірі келісті жан екен. Ағаш баспалдақтың үстінде тұрып айқайды салды.

Әй, жыңды, жібер жабыспай. Неңді көрсетесің? Қырық жыл бұрынғы қақпышты жібітуін! Өзі араққа салып жіберген заттың бәрін әлі күнге содан көрумен келеді.

Бәрібір кінәлісің. Давай жүр! Көрсетейін!..

Бәрі Ықастың кесірі. Соның бостығы. Кадр бастығы Зиягүл, сол бала бірінші Алматы жақта пәтер жалдайды деп ұзынқұлақтан есіттім депті. Апта бойы сабылтан сол қатынның әлегі. Өңшең жыңдымен жағаластырып қойған. Басын оқ жыландай қайқаңдатып соның өзіне іздету керек еді.

Таң атқалы қағаз, қаламнан ажырамаған Айым бір сәт шешесінің жанына кеп тізе бүккен. Бір кесе шайды құйып қызының алдына ысырды. Қашқария жүзіне зер салған. Әдемі әлбеті ашаң тартыпты.

Осы сенікі ненің уайымы? Не ішем, не кием жоқ. Үкінің баласындай үлпідетеміз де отырамыз. Тіпті сонда да жақпаймыз. Қарап жүріп азып кетіпсің, — деп Қашқария қамқорси сөйлеген.

Материалдық игілік бүгін бар, ертең жоқ, мама. Рухани байлық болмаса...

Айтып отырған рухани байлығы құрғырың үстіңе үй, астыңа машина бола ма? Айтшы осы?

Үйің тозады, машинаң сынады. Ақшаң таусылады. Жан-дүниенің жарасымынан артық ештеңе жоқ, мама. Ол қазына ортаймайды.

— Жас ғалым жігіт әкеңнің қарауына жұмысқа тұрыпты. Үйге келіп кетті. Бойы сырықтай. Маңдайы жарқырап болайын деп-ақ тұр екен, — деп Қашқария енді сыбырға көшкен. — Сенің жарда ілінген фотоға қарап... көзін сатып отырып алды. Ішіне от түсіп кетті. Әкең де мақтап жүр... Бәрі сенің болашағың үшін ғой, жаным.

— Мама босқа шаршап қайтесіз? Менің мақсатым басқа.

Оқу өтіп кеткен. Миың ашыған... Қорғамайтын болсаң аш күзендей бүгіліп не жазып отырсың?

Ноэль ағаға хат. Ашқан ұлы жаңалығымен құттықтадым.

Мә, ол не жаңалық? — Әлденеден секем алған бәйбішенің көзінің қарасы жоғалып-жоғалып барып табылды.

Естімеп пе едіңіз? Біздегі сақ қорғанынан табылған күміс тостақанның сыңары Аризона штатынан қазып алынды. Ал, бүйіріндегі жазу ше?..

Арып ашаң тартқан Айымның жүзіне қызыл шырай еніп, құлпырып кетті. Қуаныш лебі бар болмысында қонып-ұшып жүр.

Ит жылғы тостақанды тауып мез болуын, — деп Қашқария бастырмалатып келе жатты да, ойына әлдене түскендей кілт кідірді. — Ал, әлгі тостақанға не деп жазыпты?

Екі тостақандағы жазуды қосып оқыса: «Мен де сендей болғанмын, сен де мендей боларсың» де-

ген сөз шығады. — Айым алдындағы кесесін ысырып, орнынан көтерілді.

Тоқта. Мынау ит тірлікпен жағаласа-жағаласа сен де мендей боларсың. Дұрыс екен. Ал, айтшы әлгі Ноэльдің сенде адресі бар ма? Әлде тұрақ-мекені жоқ ел қыдырып, су сыдырып қаңғып жүрген біреу ме?

Бар. Мама, саған соңғы кезде не болған? Дүниенің бәріне өкпе артып, шаптығасың да жүресің. Саған жұрттың бәрі бережақ па? Қарыз алып па еді? Ғұмыры көрмеген ғалымды неге ғайбаттап тұрсыз?

Бар болса бер. Айналаңа арпылдамасаң бүгінде іс біте ме? Жат тұрмақ шыбынға шақтырмай өсірген өзің мынау, жағаласасың да жатасың.

Ноэль аға қазір Мәскеуде.

Әкел тез!

Қашқария қолына ақ кептер қонатындай алақанын айқара ашып, қызына қадалып қатты да қалды.

Мама, ол кісі жақында тағы да шетелге кетеді. Маия тайпасының қорғандарын қазады, — деп Айым күлімдеп қоя берді. — Үндіс пен қазақ түбі бір туыс. Ерте заманнан. Соны зерттеп, ғылыми дәлелдемек. Мазалап қайтесіз.

Мына қаншықтың басымның сақинасын тағы да ұстатқанын қарашы, — деп үһілеп-аһылап бітті. — Ағайын-ағайыннан үй айналып қашып жүрген мына заманда маия дей ме, шая дей ме... Бұ қазақ соларды көрейін де өлейін деп зарығып отыр еді. Бересің бе, жоқ па?

Айым Ноэль ағасының адресі мен телефонын тізіп жазды да шешесінің әлі де ашық тұрған алақанына салды.

Ем-дәрідей бұлдауын...

Осы кезде түскі асқа жанына Қарауылды ерткен Ықас та жеткен. Есіктен әрең кірген бір құшақ қызыл гүлдің жұпар иісі жайылып, бәйбішені көмді де салды.

Қайның. Елден келген. Ауыл әкімі, — деп Ықас біраз қомпылдады.

Ой, жеңешем, сондай келісті жан екен. Сәлем бердік, — деп Қарауыл даусын майсақтата созып, Қашқарияның қолын алып, еңкейіп ернін шүйіре берді де басын кегең еткізді. Танауының суағар тұсын таңдап кеп қона қалған бір шөкім мұрты жыбырлап басылды.

Қош келдің, қайным, — деп Қашқария да аяқ асты пейілденіп, қонағына мейірлене қарады.

Ай, ауылдың жігіттері-ай! Жеңешеме апарам деп базардың қатын-қалашын шулатып, бүкіл гүлін сыпырып әкетті.

Ықастың мынау дәу қараға құлап тұрған көңілін бағып Қашқария да жаймашуақтанып отырды.

Рахмет. Қай ауылдансың, қайным?

Жайық бойы жеңеше. Қаройданбыз. Алматыға келген бетім. Алдымен өздеріңізге сәлем берейін, аға-жеңгемнің мәлике жүзін көрейін деп.

Бала оқуға түсетін бе еді?

Жо-жоқ, жеңеше. Ұл — ұясына, қыз — қиясына қонған. Махамбет көкемнің...

Иә, бұл қайның да бас іздей шығыпты, — деп Ықас әңгімені іліп алды. — Мынау ызы-қиқы мегаполистен бас тұрмақ адам жоғалады. Аға-жеңгеме көмекші болайын, қолын ұзартайын деп жетіпті. Жұмыс орныма келіп құрақтай майысып тұр, айналайын. Сосын кеттік, үйге, — деп ала жөнелдім.

Қайдан білейін. Ноэль дей ме, Дәурен дей ме, біреудің қолында кетіпті ғой.

Дәурен деген біздің ауылдың баласы. Жансыз-жақсыз жетім өскен. Оқу іздеп кетті деп еститінбіз.

Тұрақ-мекені бар ма?

Қашқарияның көзінде үміт оты жанып-өшіп, құйрығы жыбырлап кетті.

Оны білмедім. Интернатта өскен бала. Фамилиясы... Қай шалдың атына жазылды екен? Еркебаев па? Есербаев па, әйтеуір сол шама.

Қой, біздің ауыл Есербай деп ат қоймаушы еді.

Онда сол Еркебаев шығар.

Қарауыл шырағым, мынау ағаң елде жоқ ақ көңіл. Оқу-тоқусыз қаңғып жүрген жерінен әлгіні қызметке алып, бар жағдайын жасапты. Жетім көрсе — жебегіш өзі. Ауылдың баласы қалаға келсе түлкі болады. Қаланың баласы ауылға барса күлкі болады. Ал, ол не істепті? Сеніп тапсырған алтын басты ұрлап қашқан. Маңғыт аузыңа саңғыт деген осы.

Осы күнгі жұрт жақсылықты біле ме, жеңеше-ау. Аппақ көңіліңе түкіріп кетеді ғой бұлар... Ал, жоғымыз табылды дейік. Сонда қу бастың кімдікі екенін қалай анықтаймыз? Немен дәлелдейміз?

Үш дүркін қылышпен шапқан. Ізі сайрап жатыр.

Кім шапса да ер екен, шіркін! — деп Қарауыл қаралай қомпылдап кетті.

Азамат қой, — деп Қашқария қапияда өлген Махамбетті ме, қылышын құлаштай сермеген қанішерді ме, әйтеуір қостап жатты.

Есіктен асығыс шығып бара жатқан Айым даусы дірілдеп: — Құдайдан қорықсаңдаршы, — деп қалды.

Қайным, бұл бір еркетотай өскен қарыңдасың. Еркін сөйлей береді, — деп Қашқария артынша жуып-шайды. — Кандидаттықты Махамбет бабасынан қорғайын деп жүр. Ақынның барлық тақпағын

жатқа біледі. Осыдан басы табылса докторлығымды да соған арнаймын деп отыр.

Семіз шай үстінде болашақ жоспар талқыланды. Қашқария тездетіп Ноэльға телефон шалады. Ал, Қарауыл Дәуреннің елде қалған ағайындарын іздестіріп, фамилиясы мен тұрақ мекенін анықтайды. Сосын екеулеп қыр асып қашқан қызыл түлкіге қақпанды құрады. Біқас болса күндіз-түні көше кезген өзге топтардан ақпарат аулап, оны жүйелеп, саралап, бұларға бағыт-бағдар беріп отырады. Да-стархан батасы осыған сайған.

Түс ауып, көлеңке басы ұзара есік алдында жүрген немересі үйге айқайлай кірген.

— Ата! Пошта апай әкелді. Алматыдан ата!

Қайыс жібітіп, қамшы өріп отырған Құрақ қарт қолындағысын тастай беріп: — Әй, аузыңнан айналайын. Кімнен екен? Әкелші, оқышы, — деп көптен хат күтіп зарыққан жаңдай дегбірсізденіп кетті.

«Ардақты Құрақ атамызға сағынышты сәлем! Бұл Дәурен деген балаңыз. Есіңізде ме, Алматыға оқуға аттанып бара жатқанымда зейнетақыңызды тұтасымен қалтама салып беріп едіңіз. Сол жақсылығыңыз жанымды әлі күнге дейін жылытады...»

Ой, зекетің кетейін. — деді қарт алыстан Дәуреннің даусын естігендей. — Оқы, мүдірме дейм.

Ата, өзіңіз ғой бөліп жіберген. Заулатып келе жатыр едім, — деп немересі қолындағы бір парақ қағазды аударып-төңкерді.

Ал, баста!

«Денім сау. Алматыда жүріп жатырмын. Сырттай оқуға түстім, ата. Ауылға келмей кеткеніме өкпелеп жүрген жоқсыз ба?.. Кешірерсіз. Онда сағынатын да адам қалып жарымады ғой. Сізден басқа... Ата, сіздің Халықаралық «Бәйтерек» қорына жазған хатыңыз бүкіл елді дүрліктірді. Ақынға ескерткіш қойылғалы жатыр. Жұрт сабылып басын іздеп кетті. Бәрі сүйіншіге тігілген ақшадан дәмелі. Ал, ол бас менде сақтаулы тұр...».

Не дейд? Алла зекетің кетейін-ай! — деп қарт орнынан опыр-топыр қарғып тұрды. — Кемпір қайдасың? Ақсарбас! Әй, кемпір ақсарбас дейм!

Әжем көрші үйге шідеханаға кеткен.

Осыдан-ақ көрдім-ау, көресіні, — деп Құрақ жазықсыз кемпіріне кіжінді.

Оқы!

«Оның шын иесі — өзіңіз. Өзім ауылға апарып қолыңызға табыстар едім. Бірақ мұнда кеселдік көп. Оның мән-жайын кезіккенде айтармын. Ата, маған ақшаның қажеті жоқ. Айымға да... Денсаулығыңыз көтерсе жолға шықсаңыз екен. Алматыға келгенге дейін бәрін құпия ұстарсыз. Ешкімге тұрақ-мекенімді бермессіз. Қауіп көп. Басқан ізімді аңдып жүр. Жазым етіп кетуі ғажап емес. Қош, ата! Күтеміз! Балаңыз — Дәурен.»

Ақсарбас, ақсарбас! — деп мына тосын қуаныштан есі шыққан қарт абдырап есік көзіне шыққанда, қолтығында бір бума газеті бар Иса да осылай қарай беттеп келеді екен.

— Оу, Қүреке, жайшылық па?

— Емес, — деді басқа сөз таппай.

— Ал, менде жаман жүректі жаратын жаңалық бар. Сүйінші сұрайын деп келем. Сүйінші!

— Қалағаныңды ал! Қолыңды қақсам Құрақ болмай кетейін.

Иса алдына көлдей ғып бір газетті жайды да, бетін алақанымен шартылдатып ұрып-ұрып жіберді. — Міне, жазыпты. Махамбеттің басын табасыңдар, деп жоғарыдан пәрмен беріпті. Тіпті тапқан адамға бір миллион доллар қолүздігі бар депті. Ескерткіш те қойылады. Бәрі сіздің арқаңыз. Сүйінші сұрайтын жөнім бар ма, жоқ па?

— Ал, айдап ал! Бәрі — сенікі.

— Содан таң атпай екі шатақ шығарайын! — деп Иса қолынан екі елі тастамайтын Алаштың ала туын желп-желп еткізіп, бұлғап-бұлғап қойды.

— Жайшылық па?

— Қайдан? Газет-журнал біздің ауылға бір ай жүріп әрең жетеді. Қызуы басылып, қызығы әбден қашқан соң қолымызға тиеді. Мына хабарды оқи сала пошта бастығының жағасына жармасайын. Бір көзін қысып алып қалғиды да отырады. Онымен қоймай сөзін қисық шаптыратынын айтсаңшы.

— Сабап тастаған жоқсың ба, әйтеуір.

— Жоқ, енді газет-журналды бір аптадан артық кешіктірсең, ісім сенімен болсын, — деп ала туды найза ғып кеудеден екі-үш нұқыдым. Стол айналып тапырақтап қашады, нәлет!

— Осы сенің қызбалығың-ай. Сосын?

— Е, батырдың тұқымы емеспін бе? Содан салып ұрып кеңсеге келсем Қарауыл жоқ. Қиылып түскен қасын жоғары-төмен дірілдетіп Бадымша отыр. Тіпті кердең қағып сөйлесер емес.

— Әкімің қайда? Креслосына мүк шығып кетіпті ғой дейм.

— Кавказ асты. Асқазаныңда жара бар. Жұмсақ сумен шайдырады, — дейді ерін ұшынан. Жыным мұндай қозбас. — Баяғы қыз кезің есіңде ме, — дедім. — Сілекейің бал татитын еді, — дедім. — Талай шөл қандырғам. Қазір ғой ашып кеткені...

Исажан, тоқта, қой құрысын, тереңдеме, — деп Құрақ қарт сасып, ауаны қолымен оңды-солды кескілей берді. — Әңгімені әкімнен бастадың. Ал...

— Иә, жоқ, жым-жылас. Ел-жұрт ойбайлап ақынның басын іздеуге кірісіпті. Туған жерінен бұл еткен пенде болса ше. Бұл не сұмдық! Қарыны кебежедей боп жара дейд. Қайдағы? Анау жолы бір тойда жұрт көзінше қарнын қайта-қайта сипалап қоймады. — Әй, Қарауыл, — дедім шыдамым таусылып. — Осы сен басыңды іздеп тұрған жоқсың ба? Ол сәл-пәл жоғарыда. Шарт та шұрт кетістік. Жақсы басталған төбелес еді, әттең, тойшылар ажыратып жіберді.

— Ендігі ісім сенімен болсын! — деп аулаққа түкіріп жөнелген. Соңғы көргенім — сол.

Дәуреннің хатын манадан бері уысына қысып ұстап отырған Құрақ дауыстап немересін шақырды.

— Әй, сен мына хаттағы сөздерді біреуге жайып қойған жоқсың ба?

— Жоқ, ата. Ешкім кезіккен жоқ.

Секпіл бет сары бала секемденіп айналасына қарағыштады.

— Айтпа. Ішінде болсын!

— Әжеме де айтпаймын!

— Жарайды, бар, — деп немересін нықыртып алған қарт Исаны төргі бөлмеге бастай берді...

— Ойбай, аттанайық! Бұл не отырыс, — деп хатты оқыған Иса өре түрегелді. — Пойызға мінейік өрмелеп. Жетейік Алматыға.

— Аруақ — жар. Барайық. Жолда өлсем жаным Махамбет атамнан артық дейсің бе?

— Соғымға арнаған өгізім бар. Сауыры жылт-жылт етіп тұр, семіз. Сатам соны.

— Қайтесің. Ұрыдан қалған жалғыз айғырды базарға шығарғам. Азынап ауылға сияр болмады. Әжептәуір қаржы құрады. Жетеді сол.

— Екеуміз бір айғырдың ақшасына мінгесіп... Жо-жоқ, Құреке, айта көрмеңіз. Сатамын. Алматының ел-жұртына шай берейік. Риза ғып қайтайық. Кеттім, базарға!

Сақалын санағыштап отырған Құрақ қарт алкеуделеу інісінің алдын орай қоймады.

Ертеңіне түсте Атыраудың мал базарына өгіз жетектеп кеткен Исаның өзінен бұрын хабары жетті. Бір-бірінің аузын жалдап үйренген қазақ жаңалыққа зәру етпес. Кештеніп мал базарына апарып қамаған өгіз темір қоршауда түнімен сойқаныпты. Жай сойқанса бір жөн, қасындағы қызыл құнажынды жарып тастапты. Содан Иса мен құнажынның иесі қып-қызыл дау көтерген, сөз сарыққан. Түске дейін азуласып ақыры Иса өгізін өтеуге беріп шығыпты. Бас жібін қолға ұстап, Қаройға қайтып келді.

Құрақ қарт сол күні аруақ жолына атаған ақсарбасын сойып, көрші-көлемге таратты. Ертеңіне Исаны ертіп пойызға отырған.

Алматының сәулелі көшелерінің бірінде Махамбет ескерткіші бой түзеді. Салтанатпен ашылар күні белгіленді. Сол күні қала халқы ақынның күмбірлеген күйімен ояңды. Алатаудың иығынан асып құлаған қара бұлттың іргесі сетінер емес. Қайта бүйір тіресіп, қалыңдай түсті. Гүл құшақтаған зиялы қауым ақын өлеңдерін жарыса оқып жатқан жастарға, артынша аспанға қарап алаңдайды. Қала әкімі мен Мәдениет министрі қайта-қайта дайындықты көріп, ескерткіштің ақ жамылғысын тексергіштейді.

— Ескерткіш «Бәйтерек» қорының қаражатына салыныпты.

— Е, салмай. Иесі олигарх емес пе?

— Мына күнді қарашы. Түнеруін.

— Махамбеттің аумаған өз мінезі ғой. Басқа не дәметесің?

— Ойбай, келіп қалды. Үндеме! — деп қауқылдасып көпшілік иін тіресіп, алға лықсыды.

Нұри Утенович машинасынан түсіп алдымен Алатауға қараған. Найзақара шыңы көкке ұмтылып барады. Ұшар басын ақ қармен қырлап, егеп алыпты. Сосын таудың бір шоқысындай боп ақ жамылғымен тұрған ескерткішке көз тіккен. Қарсы алдында толқын-толқын боп теңселіп тұрған халыққа сүйсіне қарады. Осы сәтте найзағай күміс қайшыдай жалт-жұлт етіп, ұйып қалған қазбауыр бұлттарды қиғылап жіберген. Күн көзі көрінді. Ақ қоян сәуле секектеп жүгіріп ел-жұрттан сүйінші сұрап жүрді.

— Қадірлі әлеумет! — деп төраға микрофонға тақап кеп. — Махамбет — елдік пен ерліктің символы! Ол бүгін талай ғасырдан бері аңсар болған тәуелсіздігіміздің тұғырына көтерілді. Бұл — кешегі қоңыраулы найзасын қолдан түсірмей, қабырғалы елім, қазыналы жерім деп өткен барша бабаларға деген құрмет пен тағзым.

Сөзін қысқа қайырған Нұри ескерткіштің жанына еркін басып кеп жібек жіпті соза тартқанда ақ жамылғы екіге құлаш жаза айырылды. Азынай шапқан ат үстіндегі ақын қара желді қақ жарып барады. Қолындағы оңды-солды сермеген қайқы қылышы, қарсы тұрар қай жау бар, дейтіндей. Оң жамбасында құндағы дөңгелене біткен қозықұйрық домбыра көрінеді. Таңмен төгілген күйге тентек ағын боп қосыла кетердей. Тебіренген төраға тағы да лебіз жалғады:

— Толғамалы найзамен,

Толықсып жауға шапқанда,

Бір озғанмын халқымнан! — деген Махаң осы.

Алыс-жақынға бірдей аты мәшһүр тұлғаның өзі кеп қолға түсіп тұрғанда айырылып қалмайын деп Қайып тыпырлап алға ұмтылған. Жете бере:

— Өмір бойы Махамбет шығармашылығын зерттеп келем. Мынау — сол еңбегім. Ал, бұл — ақын өлеңдерінің соңғы басылымы. Сізге тарту етейін деп тұрмын, — деп аптығып әдемі мұқабалы екі кітапты ұсынды.

— Рахмет, Қайып. Махамбеттің өлеңдері жан-жақты зерделенді ғой. Ендігі жерде жазған хаттарын жарыққа шығарыңдар. Саяси астарына, әлеуметтік мәніне үңіліңдер. Ол өмір сүрген дәуір шындығы сонда қалқып шығады. Тарихқа долбар керегі жоқ. Нақтылық қажет, — деп қаумалаған елге бет бұра бергенде, оң қолтығынан Баймахан саңқылдап қоя берді.

— Шіркін, осындай ақылға зәру боп жүрміз ғой, — деп жалпақ жауырынымен Қайыпты көлегейлеп берді. — Өзім басқаратын институттың бес ғалымы ақын жазған хаттарды ғылыми айналымға әзірлеп жатыр. Екеуі — докторлық, үшеуі — кандидаттық қорғамақ. Сосын...

— Әй, Баймахан қолға түскені — бар-жоғы елу хат. Бес ғалым қорғайды дейсің. Бет бар ма осы сендерде? — деп бір ақ кірпік шалдың шарылдап қоя бергені. Неткен сүйкімсіз еді. Шөлдеп, су іздеген лақтың маңырағанындай. Алақтап қалған Баймахан шалды таныды. Ғұмыр бойы түртінектеп, мұрағат ақтарып, мұражай кезіп, көнеліктердің көшірмесін жинайтын қырсық-ты. Онысын ешкімге ұстатпай, шыр-пыр боп қаралай қызғанып жүретін. Аттың төбеліндей боп анық көзге түсер жер еді. Өттең... Тақиясының шеті майсақтанып алдын орап кеткенін қарашы.

Еңселі ескерткішті айнала шолып, сүйсіне көз тігіп тұрған Имашқа көп ішінен суырыла шыққан Дүрия жедел басып жеткен.

— Қайным, сыртыңнан тілеуіңді тілеп жүретін жеңешеңмін. Мына тұрған Махамбет — менің көкем. Жақын қарындасымын. Қыз алыспаймыз. Бүгін өлгенім тірілді, өшкенім жанды деп тұрмын, шырағым. Қуанғаннан жылап та алдым. Қазір маған сөз бергіз, микрофон ұсын. Көкемнің басын қалай іздеп жүргенімді жария етіп айтайын. Таппай қоймаймын дейін. Сөйт.

Имаш қарсы алдында тұрған тұлыптай бәйбішеге қарап ойланып біраз тұрды. Сосын басын тербеді.

— Ықыласыңызға рахмет, жеңеше. Бұл жолы сөз бермеді деп өкпе артпаңыз. Басты табыңыз. Сосын талай сұхбат құрармыз. Шетелден келген журналистер жүр. Айғыр құлағын қайшылап. Сыр алдырып қайтеміз.

— Сөз бостандығын қайда қоямыз? — деп бет-аузы көгіс тарта бастап еді, Қайып кеп қақбайлап әкетті. Енді құтылдым ба дегенінде бала көп ойнаған қуыршақтай боп қалған бір әнші келіншек: — Қазірде өнер адамының оң қолы сол қолынан ұзын. Сұрамсақ ғып қойған осы заман. Маған тау басынан коттедж соқтырып бер. Өзіңе арнап ән жаздырамын. Сахнадан орындаймын. Атағың тіпті әуелейді, — деп өңіріне жармасып жатты.

Өз өмірбаянынан жырға қарыс естелік кітап жазған жылтыраған бетінде бір тал қылтанақ жоқ көсе жазушы Мәдениет министріні өкшелей қуып: — Еңбегім сіңді. Өңірімде егемен еліміздің бірде бір марапаты жоқ. Орденге ұсын. «Отаннан» кем болмасын. Өлсем де басымда музыка ойнатып өлейін, — деп зар құсып жүрді.

Бұл кезде көпшіліктің шетін ала Ықас пен Қашқария ортасындағы қара сөмкені алма-кезек тартысып жатқан. Мына күмбір қаққан күй мен ағын судай төгіліп жатқан өлеңдер әйелімен арадағы дауды анық естіртпейтінін білсе де Ықас тістене сыбырлап, ышқынып басылады.

— Қой дедім! Ұят болады дедім!

— Жабам үстіне! Франциядан әкелген шапаным дейм. Жібер жетесіз... О несі-ай!

— Күлкі етеді мына жұрт! Ойбай-ай, өлдім-ау!

Қашқария шірене тартқанда Ықастың қолында сөмкенің шүнтиған бір қарыс құлағы ғана қалды. Күйеуінен құтылған бетте Қашқария жүгіре басып топқа қойып кеткен. Шетелден ат арытып келген журналистердің қоршауында тұрған төрағаның алдында жетіп, еңтігін басты. Шешесінің елеуреген түрін көріп Айым теріс айналған.

— Сіз де журналистсіз бе?

— Жоқ. Кешірерсіз, мына атқа өзіңіз қос қолтығынан демеп мінгізген ақын ескерткішін көріп, жүрегіміз жарылғалы тұр. Шексіз разымыз. Сізге арнап француз модельеріне арнайы шапан тіктіргенмін. Соны сыйлауға рұхсат етіңіз, — деп бұлғын бөрік, алтын айшықты шапанды ұсына берді. — Ал, басты тауып, сізге өз қолыммен алып барамын. Сеніңіз маған!

Төраға келіншектің қолынан сый-сыяпатын алып, рахметін айтқан. Сосын жан-жағына көз тастап, манағы иіні тозып кеткен ақ кірпік шалды тауып алды да:

— Ақсақал, келіңіз. Осы салтанатта сіздің де бір шапан еншіңіз бар шығар. Сізге жаптым. Игілігіңізге киіңіз, — деген.

— Тарих қопарып, шаң жұтқан ғұмырымда бар көрген құрметім осы! — деп қырсық шал кемсеңдеп кетті. — Алла разы болсын!

— Қайыршыға бұйырғанын қарашы, — деп өкпелеген Қашқария көп ішіне жылыстап сіңді.

— Адам ата мен Хауа ананың тұңғышы Қабыл қызғаныштан Абылды өлтірді. Бірақ көмуін білмеді. Қарға жөн көрсеткен. Содан бері қазақ аспанында қара қарғалар қаптап кетті.

— Тайқазанының қақпағы жоқ, ұлыларының басы жоқ бұл неткен иесіз ел?! —

— Махамбет көтерілісшілерге қарыздар. Оның даңқы үшін мыңдаған жасақ қырылып кеткен. Атақты жалғыз өзі иемденді. Сол қазақ алдындағы қарызын басымен өтеді.

— Біқылас — Иуда. Олар — өміршең. Әлі күнге арамызда жүр, — дескен алабеттен топ ереуілдетті жатты.

Қазағымның намысы едің жанитын,

Жау тосумен бұзылыпты сан ұйқың.

Басың кетті, мынау марғау даланың,

Адам қылып шығарам деп әр итін. Әй, Махамбет! —

деп Мақатай ақын ескерткішті құшақтап жылап жатты.

— Төраға мырза, бір сұрақ беруге рұхсат етіңіз. Махамбет ақынның басы қолды болды деп есіттік. Жалпы сіздің елде көрнекті тұлғалардың басы жиі жоғала ма? — «Би-Би-Сілік» бота тірсек сары қыз аш масадай қадалып аузына микрофон кептеген.

— Азаттық үшін күресте талай ұлы тұлғаларды жоғалтқанымыз рас. Өшіккен жауының басын кесіп алу, әрине, тағылық. Бірақ бұл тек біздің елге тән көрініс болса бір сәрі. Сіздің елдің тарихына көз жүгіртсек те осындай келеңсіз оқиғаларға жиі кезігеміз. Ал, ақынның бас сүйегі жоғалған жоқ. Оны аса қымбат жәдігер көріп азаматтарымыз сақтап отыр. Өздері әкеліп береді.

«Си-Эн-Эн» тілшісі ескерткіштен көз алмай тұрып:

— Махамбет патша чиновниктеріне елу шағым жазыпты. Арызқой болған ба? Соншама арыз жазған адам дұшпандарымен қай уақытта соғысып жүр? — деп сұңқылдасын.

— Бас-аяғы он жыл соғысқан. Сонда жылына — бес арыз. Оның дені қара бастың қамы емес. Қалың бұқараның жайы. Көптік ете ме? Сауаты болған соң ащы өкініш ішінде қалай тұншықсын? Қазірде сол арыз-армандар ұлт-азаттық көтерілісінің ең сенімді куәсіне айналып отыр.

Бет-аузын қыл-қыбыр басып кеткен «Әл-Жазира» компаниясының жігіті: — Айтыңызшы, Махамбет шетелдіктерге мұнай кенін бермеймін деп соғысқан ба? — деп тосын сауал тастады.

— Жоқ. Ол кезде әлемде мұнай әлі игерілмеген-ді. Көтерілісті бастаған ұлт намысы болатын.

— Намыс дейсіз бе?

— Иә. Ұлт намысы! Егер ол болмаса, біздің бабаларымыз әлем картасында тоғызыншы орында тұрған осыншама ұланғайыр жерді иеленіп қалар ма еді? Отты қарусыз. Қызыл қолмен!

— Түсіндім.

— Халайық, — деді сосын ол жігерлі үнмен. — Жыл сайын мектеп бітіруші ұландар ақын ескерткішіне тағзым етіп, ұлт намысына ант берсін. Біз таусыла қалса мұнай мен газды, көмір мен темірді тіпті кез келген қазба байлығын шеттен сатып аламыз. Ал ұлт намысын жоғалтсақ ше? Онда бәрінен де айырылғанымыз!

Теңіздей толқып теңселген елдің қуанышты даусынан мың кептер дүр сілкініп көкке көтерілді. Сатырлай жауған шапалақ даусы Алматы аспанын шырқау биікке көтеріп бара жатты.

Эрмитаждағы Кенесарының басына жұмсалған Слава келесі жолы әріптесін күліп қарсылаған. Абраам да разы кейіпте: — Ақша ұстайтын алақаным қышып еді. Жарайсың. Джоһар Дудаевты білесің ғой. Енді соның да... — деп жатты.

Алматының «Көкбазарында» кіндігін ашқан қыз-келіншектер Қытайдың айналасына алтын тиын үйілген тоқ қарын, томар бас мүсінін сатып жатты. Әлгі шал өз-өзінен мәз боп күледі-ай, кеп.

Сол базарда жас жігіттер адам басын күлсалғыш сувенир ғып саудалап тұрды. Сувенирдің екі көзі мағынасыз үндірейіп, шексіздікті көрсетеді.

Түн ортасында Жорик қалаға ілінген. Шеткі көше, қараңғы түкпірмен қашып-пысып ұзақ жүрді. Полицияның көзіне түссе құрығаны. Тіміскілемей жүре ме олар? Тоқтатып рюкзанын ақтарса... Екі бас домаланып түспей ме? Құтылып көр! Көр ақтарып, аруақтардың мазасын алған кісәпірдің жазасы дайын. Тіпті ақ-қарасын ажыратпай, бұларды өз қолыңмен жаһаннамға аттандырдың дер. Осыны ойлаған сайын қалшыл қағып тіпті жүрісі өнер емес. Шөл қысып, тілі аузына симай сол бүлкілмен ақыры жалдамалы пәтерге де жетті-ау. Әлімде де тағат таусылған. Есіктен басы көрінісімен: — Бар ма? — деді қатуланып.

— Жатыр.

— Құйрық жоқ па?

— Ертпеймін.

— Жарадың, кел.

Айтса айтқандай, ет пен сіңірден әлдеқашан ажырапты. Бірінің шүйдесі дөңгеленіп біткен.

Жанындағысы жас адамдікі шығар шақшабас екен. Қатарласып тұр. Жақсылы-жаманды адамның басы. Қалай өмір сүрді, не істеді, не қойды беймәлім. Тірлігінде сауап алған жан ба, әлде қарғыстан көз аспаған біреу ме, қайдам?

Әлім екі басқа қарап отырып ойға кеткен. Бала күні-ау. Ауыл шетінде шағын шағыл төбе бар-тұғын. Кешқұрым көрші-көлемнің бүкіл баласы сонда ойнар-ды. Жел тұрып, құм бұрқаса садақ сынығын, ердің тот басқан қасын, тебінгі сынды көр-жерді тауып алысатын. «Қалмақ осы арада қырылыпты» — деп отыратын үлкендер жағы. Солардан қалған мүлік те.

Бір күні кісінің басына кезікті. Төбесі жарық. Жанында тістері шашылып жатты. Қорқа соғып тұрысқан, артынша қызық көрісті. Тіпті әлгіні қолдарына алып шауып, қыз-қырқынды қуаласқан. Олар болса секелек қағып кеп қашады.

— Өй, өңшең нәлет! — деген зәрлі дауыс ғана естерін жиғызған. Боталы інгенін өрістен алып келе жатқан атасы екен.

— Бұл не?

— Ата, бас.

— Адамның басы.

— Таста! — деген түйесін шөгеріп жатып. — Әкел бері! Адамның басы енді сендерге ойыншық болды ма?

— Қалмақтікі шығар!

— Осы арада қырылған ғой!

— Жауымыз емес пе? — деп жарыса шулайды.

— Адамның басы! — деп қолына еппен ұстап, қабағына әжім салып тұрып қалған. Сосын шағылдың етегін қамшы сабымен қопсытып, шұңқыр жасап көмген. Құбылаға қарап шартта жүгініп ұзақ аятты қайырған. Үрпийісіп тұрған бұларға қарап: — Әй, не шықса да сендерден шығар, сендерден! — деп бас шайқаған. Түйесіне қайтып мінбеді. Жаяу жетектеді. Тобық қаққан құмнан ба, әлгі сөзден бе әншейінде алпамсадай атасы өз-өзінен шөгіп, кішірейіп кеткендей көрінген...

Тегін тіксінбеген екен, жарықтық. Баспен ойнауды бұл әлі күнге жалғастырып келе жатқан жоқ па? Өз еркімен дейсің бе? Қақпақыл ғып әкелді ғой.

— Алеша келіп кетті, — деген сосын қара шайды сораптап отырған серігіне.

— Не хабар?

— Бас іздеуге тағы да екі топ қосылыпты. Алматыны бөлісіп алыпты. Өз территорияларына өзгені кіргізбейтін көрінеді.

— Кімдер екен?

— Саған қажеті қанша. Шайыңды іш.

Алешаның осы хабары Әлімнің қиялында тағы бір қызық сауданы қыздырып жіберген-ді.

— Сенің ендігі міндетің, — деген сосын Жорикке. — Егеу табу. Әр түрінен. Сосын қышқаш. Көше кезіп жүрген бақталастардың алдын ораймыз. Жарыққа шығатын күніміз алыс емес.

— Алеша сенімсіз. Оны неге шақырдың?

— Басқа шаруаға керек. Ондай алаяқсыз іс бітпейді.

Бәрі Си-Эн-Эн телекомпаниясының күндізгі хабарынан басталған. Генерал Хьюстің өзі ұзақ жыл НАТО әскерінің құрамында болған. Әскери қызметі аяқталған. Десе де, әлемнің әр түкпірінде соғысып, өзге жұртқа от жалатқан бұл үйінде тыныш жата алар ма? Көзі қып-қызыл еді. Қан қаптағандай. Туа бітті. Төрт қабырғаға қамала-қамала тіпті құтырынып кетті. Бұрынғы әскери достары іздеуді қойған. Аз нәпақаға алданып жатыр да. Тісі жоқ өңшең ботқа жегеннен не күтсін. Алма жүзі алаулап тұрған сол диктор қыз не деп еді?

— Бұл бұрын әлемнің ешбір елінде болмаған оқиға. Қазақстанның Халықаралық «Бәйтерек» қоры Махамбет ақынның басын тауып әкеліп берген адамға бір миллион доллар сыйақы ұсынды. Басты іздеуге бірнеше топ жедел аттанып кетті...

Ал ендеше! Дереве жанында тұрған глобусқа жармасқан. Қазақстанды қанша іздесе де таба алмады. Әзірге Америка қырына алған елдердің тізімінде болмаған да... Мейлі ғой.

Тұра тұр! Бас түгендейді. Бұларға да ата керек екен ғой. Демек, өлген атақты адам. Көмген. Кейін іздесе жоқ. Түн жамылып ұрлап кеткен. Мұқият жасырған. Әбден зарықтырып бермек. Қомақты қаржыны қалталарына баспақ. Табылған ақыл!

НАТО әскері талай елге сайран салған. Қаласын қиратқан. Даласын ойрандаған. Халқы шыбындай қырылған. Сұрауы жоқ соларды қойшы. Ал, әлгі басшылары ше? Алтын тағы астынан кетпегендер. Олардың да кәлләсі мүжілген. Ұрпағы ертең-ақ естерін жиып осылай іздеу салса? Шаһитіміз деп жата қап жоқтаса? Моласын қопармас па? Басын іздемес пе? Әп, бәлем!.. Жаңа бизнестің төбесі мен мұңдалап көрінді ме?

Мұнан соң генерал Хьюс Нью-Йорктегі пәтеріне қалай сияр. Өзімен бірге соғыста сыналғандардың ең сенімділерін үш топ қып бөлек-бөлек жинаған. Сыбыр сап кеңескен. Атқарылар істің ауқымын

анықтаған. Кездесер қиындықты таразыға салған. Шығар шығын, болашақта түсер пайда шотқа қағылған. Сонан соң қай-қай топ та құлшынып сала берген.

Бәрі де: — Мұсылмандардың бастары қалайша қымбаттап кеткен? — деп таң қалысқан. — Өзге діндегілердікі ше?

— Сөзді көбейтпе, — деп оларды Хьюс қабағымен жасқады. — Сендердің бастарыңды бес долларға ала ма?

Бірінші топ Иракқа аттанған. Дар ағашы алдында өз иманын өзі үйіріп өлетін Саддам Хусейннің басын ұрлап шығуға.

Екіншісі АҚШ-ты «Қабаған ит» деп нәлеттеп кеткен Муаммар Каддафидің көмілген жерін табуға.

Соңғысы бір уыс топырақ бұйырмай, денесі теңізге тасталған Бен Ладеннің су астынан қаңқасын іздеуге.

Генерал Хьюс сәт сайын қол телефонына үңіліп, қуанышты хабарды күтумен отыр...

Қашқария бүгін ерте қозғалған. Бірінші Алматының пәтер жалдап отырған үйлерін адақтап күдер үзген. Жанын келіге салғанмен Дәурен таптырмады. Үшті-күйлі жоқ. Жер жұтқандай. Жын көтергендей. Содан сәске кезінде Мәскеуге Ноэльдің пәтеріне қоңырау шалған. Қызы көтерді.

— Папа шетелден он күндік демалысқа келген. Қазір үйде жоқ. Ғылыми кеңеске қатысып жатыр, — дейді нәзік дауыс. — Алматыдан дейсіз бе? Қандай шаруаңыз бар? Айтайын.

— Қызым, Ноэль Жұмабаевичтің өзімен сөйлесуім керек еді. Жоғары орындардың тапсырмасы. Тым асығыс.

— А, олай болса қол телефонына шығыңыз. Номері...

Алынар болмады. Өшіріп қойыпты. Дағдарған ой, пірім шақта есіне «Адресстер бюросы» түскені. Ау, баяғыдан бері табанынан тозғанша сонда неге бармаған? Қыбыр қаққан жанның бәрінің дерегі көзінен тізіліп сонда тұрған жоқ па? Бір аптадан бері аға-жеңгелеп майлы қасықтай боп алған Қарауылды қонақұйдан көтерді. Бұл ауыл адамын қойсаңшы, жайбасар ғой. Әлі күнге баланың нып-сысын анықтамапты.

— Мен білсем иә Еркебаев, иә Есербаев деп тағы да қарап тұр.

— Уақыт күте ме? Ауылға неге хабарласпадың?

— Бухгалтер келіншекке звондағам. Ет жақын деген біреуі Атырауға көшіп кетіпті. Содан зым-зия. Аталары о баста көп ағайынды екен. Ішінде Серкебай, Көрпебай дегендер бар. Бірақ олардан дерек жоқ.

— Ой, сен де бір... Маған шежіресі емес, Дәурен керек, Дәурен!

Жетектесіп «Адресстер бюросына» да жеткен. Осы күнгі жастардың сөзі қысқа ғой. Жарты сөйлеммен сөйлейді. Инеліктей үзіліп кеткелі тұрған қыз компьютерден көзін алмай: — Аты-жөні, туған жылы, сіздер кімі боласыздар? — деп ақ парақты қолдарына ұстатты. — Толтырыңыздар.

— Шырағым, біз Дәурен деген баланы іздеп жүрміз. Аға-жеңгесі едік. Көптен көз жазып қалдық, — деген Қарауыл бір көз тесіктен басын сұққылап. — Қазақтың ағайыны көп. Тіпті қай шалдың атына жазылып кеткенін де білмейміз.

— Аға, басыңызды алыңызшы. Мұртыңыз бетіме тиді. Тіпті қорқынышты екен, — деп инеліктей қыз тартынып отырды. — Шал көп дейсіз бе? Бәрін іздеп жүрсіз бе?

Манадан бері үнсіз тұрған Қашқарияның талағы тап осы тұста тарс айырылсын.

— Былай тұршы, — деп Қарауылды қолынан жұлқа тартты. — Өңмендемей. Қызым, Дәурен деген бала керек. Қарашы.

— Ой, апа, мыңдаған Дәурен бар, болмайды.

Еркебайдан бастап тізген, ешқайсына үйлесім таппады. Көрпебайға аты-жөні келген. Бірақ жасы соқпады. Онысы жетпістен асқан ақсақал болып шықты.

— Қарауыл құйрығын түйіп қашты, — деген Дүрия ертеңгілік шай үстінде.

— Қайда қашты? — деп Қайып абдырап аузы кесесін таба алмай қалды. — Баймаханға ма?

— Баймаханы несі? Ол — өзіміз. Бір жақ емеспіз бе? — деп келіншегі дүңк ете түскен. — Қашқарияның қасында жүр дейд. Басын дуалаған да. Ноқталап алғандай жанынан шықпайтын көрінеді. Сол қатынды тұқымымен дуакеш деп естігем. Қарап жүре ме?

— Не дейд? Бір қарасаң өзі де, сөзі де салауатты жігіт.

— О бастан білгенмін. Қоқанның салықшылары құсап осында кісіні шошытып келмеді ме? Сенің ауылыңда қай бір дені дұрыс адам бар еді? Өңшең сатқын.

Мына сөз жанына батса да Қайып үнсіз құтылды. Жіңішке жерінен ұстап отыр. Нақты мысалға не қайла қылар?

— Баймаханмен сөйлесейін.

— Оны да әлгі сауысқаннан сақ келіншегі қақпайлап, адымын аштырмай жүр. Кісіні үндемей

өлтiретiн сүм ғой. Баласы мен қызының қос-қостан дүкенi бар. Ақшаға зәру дейсiң бе солар. Тек қызығына шабады да.

Шарасыз қалған Қайып ақыры: — Осы дүрбелеңдi қоя салсақ қайтедi? Дәуренi де, басы да өздерiне. Жанымыз қыдырып кеттi. Тiптi уайымдап ауырып қаларсың, — деген.

Дүрияның да күткенi осы болса керек. Бет-ауызы ашыған нандай iсiнiп шыға келсiн.

— Осы сенiң есiң дұрыс па? Сонда ақшаны да, бар абыройды да ана қатын еншiлеп кетсiн дейсiң бе? Жоқ айтшы деймiн?

— Сүрiнiп-жығылып өлуге қалдық қой. Үш ай болды, бiр дерегi жоқ. Осы сүргiннiң аяқталар күнi бар ма өзi?

— Бiздiң Дүрия ақынның туған қарындасы, деп ел-жүртқа жарапазан айттың. Ендi кеп сүргiн дейсiң. Тақам қисайып көше кезiп менi жетiскеннен жүр дейсiң бе, ойбай! Ұлың болса анау, әйелi ауыздық бермейдi. Тiптi кiрiп-шығудан қалды. Қашанғы үкiмет берген пәтерде қақталып отырамыз. Оқыс айналсаң болды артыңды жарға соғасың. Бiз де тау етегiнен үй салып, жүрт сияқты өмiр сүре аламыз ба осы? Кетем, қал өзiң омалып!

— Қай жаққа? — деп қалды Қайып аңтарылып.

— Құтыла алмай отыр екенсiң. Қуанып қалдың. Жарайды, ендеше.

— Өһө-өһө батырекесi, бұрын қайраттансаң қазан қайнататының бар едi. Тiптi күшейiп кеттiң, — деп қол сөмкесiне жармасқан. — Мен де қайбiр жетiсiп жүрмiн. Ат — арыды, тон — тозды.

— Жiбер, кетем, — дедi жұлынып. — Бiз өкше төплиiм қайда? Қаскелеңге барам.

— Онда не бар? Тағы да бас па?

— Атақты экстрасенстiң қабылдауына жазылдым. Қолмен ұстағандай қылады дейд. Аруақтармен сөйлесiп арғы-бергiңдi ақтарып-төңкередi дейд.

— Алмағайып заманда албасты да әулие деген.

— Болса болар. Осы Алматының бар полициясы соның алдынан шықпайтын көрiнедi. Ұры iздесе де, бөрi iздесе де сол тауып бередi дейд. Өздерi кiлең масыл, жұмыс жасайтын ба едi?

— Ал, жарайды, — деп Қайып жарға соғып қайтқан толқындай тез басылды. — Сақ бол. Өз басыңды айналдырып алып жүрмесiн.

Жер тiстеп жатқан уақыт жылжыса-ше. Жеңгесiнiң қабағы келiспей, шара кемiп Қарауыл шаршады. Бiр кезек ауылға қайтып кетуге оқталған. Асқазанымда жара бар, Кавказ асам, шипа су iшем, тәбетiмдi түзеймiн деп айналасын алдарқатып кеткен. Таулы аймақта тынығып, жадырап келер деп олар елеңдеп отыр. Бұл Алматының көшесiн адақтап, жағы суалып, жүзi қуарып барса не дер? Қой, құрсын, шыдайын, деп одан бiр айныды. Қайып пен Баймаханға қайтып баруға тағы жүрегi дауаламады.

— Табанына сынап жаққан жiгiт екен. Сырғанай берсiн, — деп бiр ортақ танысқа өкпе айтыпты. Ал, Қашқариясы түскiр ақ көңiл-ау. Бiрақ жүрiс-тұрысы алақұйын. Ауылдың мынау деген әкiмi ғой демейдi. Балаша шаптырады. Манағысын көрмейсiң бе? Былай тұршы, — деп жеңiнен жұлқа тартқанда, иығын жұлып ала жаздады. Қой, бұл қаланың тiкбақай қатындарын қой! Тұрып iшiп, тұрып шаптырып әбден жаман үйренген. Ауылдағы Бадымшалар бұлардың қасында қайда? Алақаныңа бұдыры бiлiнбес түктi мақпалдай ғой. Өз ойын өзi қуаттап кеткен екен, қалта телефоны шырылдап қоя берсiн.

— Ойбай, жеңеше, Ноэль звондап жатыр.

Кафеде алдындағы шайын үрлеп iшiп, қырыстанып отырған Қашқарияның көзi жарқ ете түстi.

— Әкеле ғой. Бiлiп ем.

Мақтадай жұмсақ алақан iлiп алып едi, дауыс та гүлдеп кеттi.

— Ноэльжан амансың ба, күнiм? Бұл Бiқас ағаңның үйiндегi жеңгең. Айым деген қызым бар. Өзiңдi ағалаған кезде жаны шығып кете жаздайды. Алыс елде жүр, мазалама деп телефон нөмiрiн әзер бердi...

Сұрланып отырған жеңгесi нұрланып сала берген соң бұған не жорық? Оң құлағын қақпайлап Қашқариямен иықтаса кеттi.

— Рахмет, қайным. Ертеңдi-кеш тiлегiңдi тiлеумен отырамыз... Өзiңде бiлiп отыр екенсiң. Сол шаруа... Шеберханада қалған шығар дейсiң бе? Қазiр бос тұр ма? Бiреу-мiреу алып кетпесе. Адресiн айта ғой... Тапсақ сүйiншi өзiңдiкi, қайным. Қасымда Қарой ауылының әкiмi де отыр. Оңды азамат. Тұстас шығарсыңдар. Дұғай-дұғай сәлем айтып жатыр. Ал, хош!

Айтқан адресi бар-жоғы екi-үш көшенiң айналмасы екен. Оңай-ақ тапқан. Бес қабатты үйдiң жертөлесi. Баспалдақтан төмен түскенде-ақ сыз бен күлiмсi иiс қолқаны қапқан.

— Бұл шығармашылық адамның жаны сiрi келедi. Жұмыс жасаған жерiн қарашы, — деп жеңгесi алдын орап көлбең қағады. — Оңға бұрыл деген. Үстiңдi ластап алма, қайным. Ибай, өрмекшi тор құрып тастапты.

Шеберхана дегені кең бір бөлме. Жарық күңгірт түсіп тұр. Ағаш сөрелер қаз-қатар қойылған. Шаң тұтыпты. Көз үйрене келе көрді. Сөрелерде адамның төрт-бес басы тізіле қалыпты.

— Мынаң қара! — деп Қашқария шегін тартты. — Жарықтықтар-ай, бір-бірінен аумай қалыпты ғой.

Десе де, тұра ұмтылып ұстауға дәті жетпеді. Қарауыл әрбірін қолына алып аударып-төңкеріп шықты. — Бәрі бір адамның басы, — деді сонан соң.

— Не дейд? Бір адамда неше бас болушы еді?

— Қарасаңызшы. Оң жақ шекедегі ойық бәрінде де бірдей.

Рас екен. Қаз-қатар тұрған бастар бір-бірінен ауса ше. Қашқария тосылып әрқайсына жаутаңдап қарай берді.

— Қайным, қарашы, желкелерінде қылыш ізі бар ма?

— Біреу, екеу... бар жеңге.

— Бәрінде ме?

— Бесеуінде де. Тоқтай тұрыңыз, осылардың бәрі гипстен істелген емес пе? — деп Қарауыл тырнағымен сызғылап жатты. — Мен білсем осының біреуі ғана бас сүйек. Қалғаны Ноэльдің қолдан жасаған жасанды нұсқасы.

— Қайсысы?

— Міне біреуі. Аумаған сүйек. Тек сыртына лак жаққан ба, жылтырап тұр.

— Кәне, әкелші. Көрейін, — деп Қашқария еппен ұстаған. Әрі-бері айналдырып шықты. — Сүйек. Кәдімгі адам басы. Махамбеттікі! Бағымыз бар екен, қайным!

Қашқарияның бет-ауызы әлемтапырық боп не күлгені не жылағаны белгісіз Қарауылды бас салып сүйіп жатты.

Дүрия Қаскелеңнен қуанышты хабармен оралды. Қайып пен Баймахан да тағатсыздана тосып отырған. Есіктен күлім қағып кіріп келгенінде-ақ бір жақсылықтың барын сезді.

— Сен кеткелі оң қабағым ойпыр-ой, қоймай тартып... Шыдай алмай Байекеңе қоңырау шалып... деп Қайып мән-жайды білгенше асықты.

— Менің де бүгін бір оң жамбаспен тұрғаным, — деп Баймахан да қоштап жатты. — Баяғы шалдар құмалақ салып, сүйінші түссе бесіктегі бала қуанғандай дейтін. Не хабар бар, бәйбіше?

— Оң мен түстей болды, — деп Дүрия дем басып, көзімен ішіп-жеп отырған екі еркекке жымың қақты. — Айтпа, дейм. Ғылым, оқу-тоқу дейсіңдер, нағыз ғылымның көкесі экстрасенс екен. Қалғанын қой!

— Ойбай-ау, айтып өлтірсеңші. Үзіктіріп біттің ғой, — деп Қайыптың құйрығы қатар тұрған екі-үш орындықты кезіп кетті.

— Әлгінің алды қаракұрым адам. Иықтасып бой берсе ше, — деп Дүрия көрген-баққанын тізбеледі.

— Кезегім келгенде кірдім. Ақ сәлделі, орта жастағы жігіт. Сақалы бар ма, жоқ па есімде қалмапты.

— Сақалы құрсын, айтар бер!

— Иә. Алдында дөңгелек әйнек шар тұр. Аты-жөнімді сұрады да әлгі шарды зыр қақтырып айналдырып кеп жіберсін. — Тәте, — деді сосын. — Аса қымбат нәрсені жоғалтыпсыз. Таба алмай торығып жүрсіз. Қазір көрейін. — Содан төбеге қарап әлдекімдермен сыбырласты, ымдасты. Көзінің қарашығы мүлдем жоғалып кетеді екен. Аруақтармен сөйлесу оңай ма?

— Содан?

— Табасыз. Мол олжаға кенелесіз. Үйіңізге жеткенше бір хабарын аласыз, десін.

— Әй, олар да айта береді-ау.

— Үндеме дейм. Шыдамсызың-ай, сенің!

— Тоқтама. Естиік, — деді Баймахан ындыны құрып.

— Әулие демей көрші. Қалаға енді кіре бергенімде қол телефоным қақсап қоя берсін.

— Ойбай, не дейд?

— Тәте, сәлем, — дейді бір бала. — Мен Алешамын. Сізбен кездесіп сөйлесуге бола ма?

— Ал, сосын?

— Не жайлы, қалқам? — десем. — Іздеген затыңыз менің қолымда тұр, — дейді. — Қажет десеңіз көрсетемін. Бірақ өте құпия. Тек сізді сыйлағаннан...

— Ой, тоба, тоба, — деп Қайып теңселіп кетті. — Байеке-ау, мынау сұмдық оқиға ғой. Дүрия әкелші вискиді!

— Иә, таңдай жібітейік, — деп Баймахан буфетте тұрған бокалға ұмтылды. — Әй, біліп ем. Атамыздың аруағы туған қарындасын қолдар деп ем. Дүрияшқа сеніп отырдық қой.

...Сол кеш сауда қызып, бас он мың долларға сатып алынды.

Дәурен мен Айым жертөлеге түскенінде бозғылт мұнар қоюланып, аруақтардың айтысы қызып жатты.

Жәңгір: — Әй, Махамбет талай жыл тең өсіп, дәмдес болып ең. Сыртымнан қоймай дөңайбат ғып, текеметімді тілгендей менен не жамандық көрдің?

Махамбет: — Атаң Әбілқайыр қарауындағы елді алакөз дұшпанынан қызғыштай қорғаған ел үшін туған ер еді. Нардан айыр туды, айырдан қайырсыз туды. Аз қазақты алалады, халқын қалтыратты. Сен жылатқан елді мен жұбатсам несі айып?

Ханның елесі үнсіз қалып, қу бастан жүзін аударды. Табалдырықта үкікөзденіп тұрған бұларға қараған сынды. Айым Дәуреннің қолынан шап беріп ұстай алған.

Жәңгір: — Басыма қонған құдайы күлшедей бақты көре алмай, қотанда тұрып ортасынан жарылып үріккен қойдай боп ең. Әй, қазақ, сені билеген әкімнің соңында жақсы аты қалмас. Тақырға гүл өсер деп су құйып ем, оным өзімнің үстімді былғар шалшыққа айналды. Махамбет бұ қазақтан жақсы болсаң да еститінің бір атаңа нәлет, жаман болсаң да еститінің бір атаңа нәлет. «Қара албасты басқырсың» дегенің маған емес, үйдегі қатыныңа айтар қарғысың еді ғой.

Жәңгір уәжін аяқтай бере жанына Баймағамбет пен Ықыластың елесі топтана кетті.

Махамбет: — Сендер осы менің соңымнан неге қалмайсыңдар? Баймағамбет: — Қалмаймыз, Махамбет!

Ықылас: — Болашаққа сенімен бірге барамыз.

Махамбет: — Типан әй, Типан, қайдасың? Нұрсұлтанға айт, атты ерттесін. Дұшпандар көбейіп кетіпті...

Құрақ қарт пен Иса поездан түсіп, жан-жағын бажайлап біраз тұрысты. Ерсілі-қарсылы сапырылысқан жұрт пен қайшыласқан машинаны таңсық көрген қария: — Е, Алматы де. Небір марғасқаның табанының ізі қалған қызырлы қала ғой бұл. Ақбас Алатауға бір сәлем. Қартайғанда мінәйі себеппен көрсеткеніңе де шүкір, — деп тебіренген. — Иса шырағым, ел тыныш, жұрт аман, мына ала туыңды желді күні желбірете бермей қолтығыңа қысып ұстасаңшы. Біреулерді үркітіп алармыз. Келген шаруамызға кеселі тиер.

— Құреке, әнеу екі-үш полиция оқшырая қарағанға қымсынып тұрсыз ба? Бұл қайта бізге сес, — деп бірмойын неме қыңар емес.

Бұлар ауылдан шығарда Дәуренге жеделхат салмаған. Алдымен бір көзін қысып алып ылғи да қалғып отыратын пошта бастығына сенбеді. Сосын Дәуреннің өзі хатында «Ешкімге тұрақ-мекенімді бермессіз. Қауіп көп. Басқан ізімді аңдып жүр» — деп жазған. Баланы біреу-міреу жазым етіп жүрер. Тып-тыныш жетіп, топ етіп түсе қалайық, дескен.

Бұлар берген адресті қолына алған такси жүргізушісі ат шаптырым көшелерді айнала-айнала ақыры бір үйдің алдына тоқтаған. Аулаға қай есікке бас сұғарын білмеген Құрақ «Дәуренжан, қайдасың?», «Ботам, бармысың?» деп дауыстап жіберген. Таңертеңнен нәр сызбаған, даусы жарқыншақтанып ащы шықты.

Бұл кезде Дәурен мен Айым аруақтардың өзара шарпысуын көріп болып, дем басып отырған-ды.

Құрақ ата! Соның даусы! — деп Дәурен ұшып кете жаздады. — Жеткен екен!

Ауылдағы ата ма? Сен хат жазатын?

Дәуреннің тіл қатуға шамасы жоқ, қызды қолынан жетектей аулаға жүгіре шыққан.

Ата!

Даусыңнан айналдым! — деп қарт та құшағын аша берді. Кемсең қағып тіпті босатар болмады.

Алматыны шыр көбелек айналдық, — деп Иса тілге келген. — Мына тұрған келін бе?

Сасып қалған Дәурен — Ым... жоқ, — деп қонақтарын жертөлеге бастай берді. Оны елеп жатқан атасы жоқ, иіліп тұрған Айымның маңдайынан иіскеп, «Бақытты болыңдар, жарығым» — деп батамен көмді де салды.

Аядай жертөлеге кіріп, қаракөлеңкелеу ішіне көзі үйрене алмай бөгеліп қалған Құрақ біраздан соң ағаш тұғырға қонған бас сүйекті көрді. Көрді де:

Апыр-ай, Құдай бар екен ғой. Мынау атамның алтын басы ма? — деп буыны құрып алдына тізерлей кетті.

Қайран, Маха бармысың? Иса деген мүскін мен болам. Жергілікті шәртекей басшыларға симай жүрген... Алаштың ала туын желпілдетіп жүрген... — деп ол да даусы қалтырап, жерге шөге берді.

Алдымен аруақтарға құран бағыштаған атасы жөңді аман-саулыққа сонан соң келген.

Махамбеттің үш басы бірдей табылды деген тосын хабар әкім мен министрді есеңгіретіп тастаған. Алдымен Имаш есін жиды. Министрге қоңырау шалған.

— Мұқас мынау қызық болды-ау. Бұл қалай? Біреуге зар боп отырғанда үшеуі несі? Қайдан шыққан?

Қайран ақын «Бізге біткен бес еркектің буы бар» — деп тегін айтты ма? Үшеу болса — үшеу шығар. Одан да көбейіп кетпесін, — деп министр алдымен әзілге шаптырған.

Ой, сен де... — Имаш булығып күліп жіберді. — Адамның жаны қысылып тұрса. Не істейміз? Жедел кездесіп, ақыл қосайық.

Кездесу ұзаққа созылған. Ноэль жасаған мүсіннен көшірілген плакат — тағы ақы бейнесіне қарағыштады. Болашаққа үміт әрі күдікпен көз тігіп ол тұр. Бірақ оған қарап ертең-ақ алдарына келер бас сүйектің анығы мен танығын тап басу қиын. Тіпті мүмкін емес. Ноэльға телефон шалысқан. Тағы да алыс құрлықтың біріне аттанып кеткен де. Алынар болмады. Нұри Утенович, мына хабарды жеткізу ыңғайсыз. Соңғы кезде өзінің де денсаулығы болмай жүр. Сөз аңдып, құлағын қайшылап жүрген журналистердің бірі естіп қалмасын де. Сол күні-ақ айқайға аттан қосып жібереді. Тоқтатып көр! Онсыз да шетелдік ақпарат агенттіктері «Қазақтар бас жоғалтты. Бір миллион доллар кімге керек? Іздендер, табыңдар. Қас-қағымда байысыңдар!» — деп күндіз-түні бірдей қақсап қояр емес.

Екі басшыны осы ойлар тығырыққа тіреген.

— Бірі — ақындікі, өзгесі жалған бастар ғой, — деп министр шарасызданды. — Қайдан тауып жүр?

Алаяқ аз ба? — деген Имаш күреңітіп. — Тиісті орындарға тапсырма бергем. Іске кірісіп кетті. Комиссия мүшелері қайда? Тездетіп келсін.

Аузы берік екі-үш адамнан аспасын. Үш топты да алдымызға шақырайық. Сараптама жасайық. Ақ-қарасын анықтайық. Сүйінші — кімге, жаза — қайсысына сол жерде шешейік.

Келісім осы болды. Сәрсенбінің сәтіне комиссия тағайындалып, үш жаққа да хабар кетті.

Министр мен әкім аузы берік екі-үш комиссия мүшесімен алдын ала кеңес өткізген. Табылған бас сүйектерді сарапқа салу, анықтау ләзім. Үш топтың әрқайсысы біз таптық деп еңтігіп тұр. Қайтсе де екеуінің қолында өзге, бөтен бастар жүр. Ол қайдан алынды? Мұнан қылмыстың исі аңқып тұрған жоқ па? Қылмыс болғанда жай емес, адам жаны түршігер сорақысы.

Осылай ой түйіп алып, бас құшақтаған үш топты бір-бірлеп алдарына шақырысқан.

Алдымен Қайып пен Дүрия есік ашты. Дүрия денесі былқылдап, аяғын тұсаулы аттай кібіртіктей басып ортаға шыққан. Ақ матаға оралған басты комиссия мүшелерінің алдына қойды. Көзі жасаурап, құйттай шүберекпен құрғатты.

Сабыр етіңіз.

Ал, тыңдайық сізді.

Қалай, қайдан таптыңыз? — дескен комиссия мүшелеріне қарап, кемсеңдеп алды да:

Ақынмен қыз алыспас ағайынбыз. Тіпті жұрттың бәрі мені туған қарындасы деседі, — деп бір дем басқан. — Жаманат жата ма? Мына хабарды естігенде тоқтай алмай дауыс салып жыладым. Атамның басы жоғалғанша мен құриын деп қу жаннан түңіліп...

Дүрия ханым, сонымен... деген Имаш тағатсызданып.

Иә, сонымен, қайным. Мына Қайып ағаларың өмір бойы Махамбет өлеңдерін зерттеді. Есік көзінде досы Баймахан да қуаныштан жүрегі жарыла жаздап тұр. Сөйтсек алыстан іздеген басымыз осылар басқаратын институттың қоймасында жатыр екен. Шаң қондырмай әспеттеп сақтапты. Аялап ұстапты. Міне, көріңіздер, міне!

Дүрия ақ матаны жаймен ашып, басты комиссия мүшелеріне қарай жылжытыңқырап қойды. Көз аңғалағы үңірейіп, тұмсық тұсы тышқан ініндей сәңірейіп тұра қалған сартап сүйекті отырғандар абайлап қарасты.

Міне, желкеден тиген қылыштың ізі. Көктемегірлер, қалай ғана көзі қиды екен, — деп Дүрия енді еркінсі түсті.

Отырғандар бір-біріне үнсіз көз тігіп, тосылып қалған.

Өзгелерді де шақырайық. Ортақ шешімге сосын келерміз, — деп Мұқас Аббасович үнсіздікті бұзған.

Сыртта Ықас пен Қашқария да әзер тұрса керек, жедел басып кірді. Жандарына Қарауылды алыпты.

Ә, Ықа сәлеметсіз бе? Келіңіз, төрлетіңіз, — десіп комиссия мүшелері қозғалысып қалды. Шеткі орындыққа құйрық басқан Дүрия көзімен бақталас келіншекті қайта-қайта шағып баққан.

Бұл азамат Қарой ауылының әкімі. Есімі — Қарауыл, — деп Ықас алдымен сөзін қонақты таныстырудан бастады. — Ақсақалдар батасын беріп, жолға шығарып салыпты. Қайткен күнде де жоғымызды тауып қайт. Онсыз оралма, депті. Содан бері біздің қасымызда жүр.

Жақсы. Алғысқа лайық іс, — деп қала әкімі Қашқарияның қолында тұрған түйіншекке назар салды.

Қашқария ханым, рұхсат етіңіз. «Жақсыны көрмек үшін» деген сөз бұл жерде жүрмейді. Бас көбейіп тұр. Сарапқа салайық.

Осы сөзді күтіп тұрған. Манадан бері қолы жыбырлап, аузы күбірлеп отырған Дүрияны етегімен қаға-маға ортаға шыққан.

Өзге баста шаруам аз, — деді салған бетте. — Менікі түп-тура өзінікі. Оған мына Қарауыл да куә. Қолыңызға қайдан түсті?

Ноэльдің шеберханасынан таптым. Мәскеуге кетерде лақтыра салыпты. Күл-қоқыстың ортасында жатыр екен. Олар кімнің қадірін білетін еді?! Өзіміз де қимаймыз. Бірақ амал бар ма?

Қатар тұрған екі бас бір-бірінен ауса-ше. Әкім министрге қарап бас шайқаған. Министр комиссия мүшелеріне зер салды. Олар не дерін білмей терезеге үңілді. Жел көтерілген екен. Қатар өскен қарағайдың бұтақтары қайшыласып, жапырақтар бір-біріне жармасып жатты.

Үшінші бастың иесі Жориктің сөзі қысқа:

Дәурен деген біреудің қолында жүр екен. Соның жалдаған пәтерінен таптым. Өзі кетіп қалыпты. Үй иелері Ресейге көшкелі жатыр. Бастан құтылғандарына соншама қуандыға, сайды.

Комиссия мүшелері Жорик ұсынған басты аударып-төңкеріп көрген. Көңілдеріне күдік кірді. Қылыштың жүзі батты деген сүйектегі із жаңадан жонылған сынды. Ақшылданып қалыпты. Оң шекедегі ойық та сенім туғызбады.

Өзара кеңескен комиссия мүшелерінің ортақ тоқтамға келуі қиынға соқты.

— Ноэльдің шеберханасынан табылса, күмән келтіріп қайтеміз, — дескен бір-екеуі.

Институттың қоймасынан шықса, қалайша жалған болады? — деп өзгесі көнер түр танытпады.

Ал, ана Жориктікі ше?

Оның мәселесі шешілген. Кешікпес, — деп әкім тоқтатты. — Қалған екі бастың біріне ен тағайық. Бізді Нұри Утенович таң атқалы тосып отыр.

Мұны естіген Қашқария орнынан сілкіне тұрды.

Мұның Махамбетке үш қайнаса сорпасы қосылмайды, — деп Дүрияны көзге шұқыды. — Туған қарындасымын дейд. Шілі өтірік. Бас қоймада жатса осы күнге дейін әкеп бермей Ай қарап жүріп пе? Әлде ақша тігіліп, аттан салғанын тосып отырып па?

Сен қатындікі не басыну дейм, а? Ойбай, мұның пәлесін қара, — деп Дүрия тұлыптай боп ісініп, саусағын бүре ұмтылған. — Көрсетейін саған! Бет тырнаса алмады. Күйеулері ажыратып әкетісті. Баймахан да ортаға түсіп басу айтқансыды.

Осы кезде ішке полиция полковнигі кіріп, қала әкіміне бір құжатты көрсетіп жатты. Имаш үнсіз бас изеген. Сол-ақ екен қас пен көздің арасында шеткері момақан күйде тұрған Жориктің қолына кісен салып үлгерді.

Көптен ізіне түстік, — деді полковник сосын даусын көтеріп. — Бұл қауіпті қылмыстық топтың мүшесі. Басшылары Әлім де бұғауланды. Тек Алеша деген біреу ұстатпай жүр. Ресейге өтіп кетті деген болжам бар. Оны да құтқармаймыз.

Үрпийсіп қалғандар қапелімде ес жияр болмады. Дүрия қолма-қол жуасып Қайыпқа қарағыштай берген.

Басты қайдан алған? — деген министр.

Алатаудың етегіндегі зираттарды қазған. Мүрдені ақтарған. Барлық дерек қолымызда. Соңына аңду қойғанбыз, — деп полковник Жорикті желкеден түйіп жолға салған.

Осы кезде дәлізде дабыра көбейді.

Қарауыл дейсің бе? Ол мұнда не ғып қаңғып жүр! — деген Исаның гүрілдеген даусы өзінен бұрын жетті. Артынша есікті те айқара ашылған. Құрақ пен ала туын қолтықтаған Иса, соңын ала Дәурен мен Айым ішке енген. Аман-саулық алысып бола бергенде Қарауыл жанындағы Қашқарияны тастай сала суырылып алға шыққан.

Қымбатты министр мырза, әкім інім бұл келген Құрақ деген ауылымыздың ақсақалы. Ноэль мен Әлімжан ағаға Махамбеттің зиратын тауып беретін осы кісі. Әкеміздей ардақты адам, — деп жорға кейіпке енді.

Әй, Қарауыл, сені Кавказ асты, қарнының жарасын емдетет деп еді. Не хат жоқ, не қара қағазың жоқ бұл не жүріс? — деп Иса ала тудың ұшымен нұқыған.

Әй, көргенсіз — деп ауыл оппозиционеріне ұмтыла беріп еді, сол қолы оң білегін ұстай алды.

— Адассаң да құбылаға қарап адас. Таба алмай қалып жүрерміз дегенім.

Мына қыздың жүрісін, қайдағы бір қағылған-соғылғанға еріп, — деп Қашқария тұтанып келе жатыр еді, Қайып сыбырлап сабырға шақырды.

Шырақтарым, кәрі сіңірімді созып ерігіп келгенім жоқ. Мына Дәурен балам ауылға хат жазып, — деп Құрақ сөз бастауы мұң екен, бәрі бірдей аңтарылып, жарты жылдан бері ешкімнің қолына түспей қойған балаң жігітке таңдана қарасты. — Басты Ноэль аға маған тастап кеткен. Күңдіз-түні Айым екеуміз күзетіп отырмыз, депті. Осы жақсылықты естіген соң қайтіп шыдайын. Исажан екеуміздің жеткен бетіміз осы.

Әй, Дәуренжан сенбісің? — деп Ықас жаңа көргендей мол денесін үйіріп, кең құшағын ашты. — Сағындық қой өзіңді! Қайда жүрсің?

Садағаң кетейін адам болатын бала екен, — деп Қашқария тағы бір аунап түсті. — Айымжан екеуі ата рухына қызмет еткен екен ғой. Жүрегім сезіп еді-ау.

Қызым, ұстазыңа сәлем бер. Қайып көкең ғой, — деп Дүрия Айымға біртабан жақын келді. —

Ағайын тату болса ас көп деген...

Қазақ араз болса бас көп десеңші, жеңге! — деп төбе басында қарауыл қараған құлжадай боп оқшырайып тұрған Иса ала туын жайып жіберген.

Сабыр, — деді Имаш дау-дамайдың алдын орап. — Құреке қалаға қош келдіңіз. Атыңызға бала күннен қанықпын. Әзірге әңгіме бас жайында. Қалғаны жата-жастана айтылар.

Зарықтық қой. Соңына ұлы сөз тастаған бас қандай болады екен? Кәне, көрейікші! — деп Мұқас Аббасович ілгері үмсынды.

Дәурен мен Айымның күткені осы. — Міне, көріңіздер!

Осында келген бетте-ақ басты ауылға алып кетейік. Ақын зиратына өз қолымызбен қояйық дегенбіз, — деп анталасқан топқа Құрақ лебіз шығарды. — Мына Дәуренжан мен Айым қызым көнбеді. Ертең комиссия болғалы жатыр. Өзіміз барайық. Ақ-қараны анықтайық. Әйтпесе, өзге жұрт бізге сенбес. Дау шығарар, десті.

Өте орынды, — деді министр иық тіресіп қайың мен талдай боп тұрған екі жасқа қарап. — Сіздерді барша қазақ халқы атынан алғыстаймын. Айналайындарым менің!

Дәурен, мына тұрған екі басқа қарашы? Кімдердікі дейсің? — деп әкім сынап қарады.

Дәурен алдымен Қашқария таптым дегенді ұстап, айналдырып шықты. Сосын мырс етіп күліп жіберді.

Бұл Ноэль ағаның гипстен қалыптаған нұсқасы ғой. Тек сыртын лактап тастаған.

Көтек, не дейд! — деп Қашқария жорға шошығансып басылды. — Қой, құрсын, шеберханасына кері апарып тастайын.

Ал, мынау шынында да адамның бас сүйегі, — деп Дәурен екіншісіне әжептәуір үңілді. — Тек кімдікі екенін өзінен сұрай алмаймыз. Өттең!..

Ештеңе етпес. Институт қоймасында әлі де жата тұрар, — деп Дүрия күбіжіктей берді. — Ғылым үшін керек зат. Қайып пен Баймахан сосын да сақтап жүр ғой.

Ендеше хаттама толтырайық, — деп министр шалт қимылдады. — Қор тіккен бір миллион доллар Құрақ ағаға тиесілі. Иесі өзіңіз.

Мұқасжан тоқтай тұр. Атам басына ақша дәметіп... Аруақ кешпес. Ақшаға емес Аллаға мұқтажбын, шырағым. Ол қаражатты мына тұрған екі жас алсын. Еңбек те, болашақ та осылардікі.

Біз Ноэль ағаға шәкірт боламыз.

Оксфорд университетіне оқуға түсеміз. Ақша қажет емес, — деп Дәурен мен Айым алма-кезек бас шайқай берді. Қашқария жалма-жан:

Әй, қыз қой дейм. Атаң айтып тұр ғой. Неге үлкенді аузынан қағасың. Ал, деген соң болды емес пе? Дәуренжан екеуіңнің оқуыңа молынан жетеді, — деп жатты.

Ендеше маған қиындар, — деп Қарауыл ортаға күректтей алақанын жайған. — Қаройға газ тартқызайын, таза ауыз су жеткізейін...

Үкіметтің арнайы бағдарламасы бар. Өздері істейді. Әзірге күте тұрындар, — десі Қайып пен Баймахан, Ықас үшеуі бірдей дауыс көтерді. — Сен сұм сол қаржыны босқа рәсуа ғып жеп қояйын деп тұрсың. Саған сенім жоқ.

Жей алмайды! Жесе бітті тамағына қылқан боп тұрып алам! — деп Иса қайта өршіді. — Онсыз да жалған жақсыға алданып, ғұмырымыздың жартысынан айырылдық.

Қой, Құрақ аға олжамыз өзімізде. Қайтайық елге. Ер туған жеріне, ит тойған жеріне, — деп Қарауыл бұдан бұрын тапқан үш көкесінен ірге ажыратып, қарттың қолтығына жармасты. — Мен де сол ақшадан бас тартамын. Келесі сайлауда Парламентке депутат болсам дейм...

Қашқария құрбым, ендеше өзіміздің отағасылар бар, мына жерде Баймахан да тұр, өзара бөлісейік, — деп Дүрия торғай адымдап басып Қашқарияға таяды. — Еңбегіміз сіңді...

Жөн сөз. Беріп тұрғанда алмасаң ақшаның киесі ұрар, — деп Баймахан киліккен. — Ықас, сен не дейсің? Қайып мырза, дұрыс па осыным?

Екеуі елпілдеп бас шұлғысты.

— Қақалып қалсаңдар да Құдайдан бірдеңе дәметкенді қоймаған екенсіңдер, — деп Құрақ күбірлеп тынған.

Соңғы сөз Нұри Утеновичте, — деген әкім, — Кімге ақша, қайсыңызға атақ, абырой сол адам шешеді.

Әкімнің мына уәжі жиналғандарды түгел жадыратты.

Кәне, Қаройға дейін ақын басын төбебізге көтеріп барайық. Ел тосып отыр, — десті бір ауыздан.

Зират басында баяндаманы мен жасаймын, — деп теке сақалы шошайып Қайып құшырланды. — Сонан соң академиктің да ауылы алыс емес шығар.

Махамбеттің ешкім білмейтін құпия қадір-қасиетін өзім санамалап беремін. Әлі күнге тірі жанға айтқан жоқпын, — деп Баймахан күшіне мінді. — Институт директоры боп қашанғы жүрем. Одан басқа да биік лауазымдар бар емес пе?

Махаңның көлеңкесі бар қазаққа жетеді ғой, шіркін! — деп Ықас та көшке ілескен.

Ал, аттандық!

Сол күні дүниежүзінің барша беделді ақпарат агенттіктері «Сенсация! Махамбет ақынның басы табылды!» деп бар дауыспен жаһанға жар салған.

Туған топырақта жан жадыратқан жаңалыққа жарғақ құлағын төсей қалған ешкім жоқ. Селт етер емес. Жақсы жоғалып табылса ел-жұрты сүйінші сұрауға жарайтын еді ғой...

Таң атқалы арнасына симай дөңбекшіп, жазықсыз жағалауды қапқан Жайық ғана жел екпіні баяулап, бірте-бірте сабасына түскен. Толқындар ыңғай-төкпе қалпы көтеріліп-басылып мұңды күй кешіп жатты.

«Мен де сендей болғанмын, сен де мендей боларсың» деген киелі сөздің құпиясын ашуға әлі ешкім тәуекел еткен жоқ.